

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП
ДЕҢГЕЙЛЕРІНІҢ ОҚЫТУ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША ОҚУ НОРМАТИВТЕРІ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО НОРМАТИВАМ ЧТЕНИЯ ПО
ЯЗЫКАМ ОБУЧЕНИЯ УРОВНЕЙ НАЧАЛЬНОЙ, ОСНОВНОЙ
СРЕДНЕЙ И ОБЩЕЙ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ**

Астана
2017

*Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2017 жылғы 17 наурыздағы №3 хаттамасы)*

*Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии
образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 марта 2017 года)*

Жалпы орта, негізгі орта және бастауыш мектептердің оқыту тілі деңгейлері бойынша оқу нормативтері туралы әдістемелік ұсынымдама.– Астана: Б. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 104 б.

Методические рекомендации нормативам чтения по языкам обучения уровней начальной, основной средней и общей средней школы. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 100 с.

Бұл құралда оқу мәтіндерінің түрлері мен техникасы, әдістері қарастырылады; жоғары, негізгі және бастауыш мектептердегі оқу нормативтері; бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдықтарын тексеруі бойынша ұсынымдамалар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымдарының басшыларына, филолог мұғалімдерге және мектептегі білім беру процесін жоспарлауға қызығушылық танытқан көпшілікке арналған.

В методических рекомендациях рассматриваются методы, техники и виды чтения текстов; даны рекомендации по нормативам чтения в начальной, основной и старшей школе; проверке техники чтения у учащихся начальных классов.

Данные методические рекомендации рекомендованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Б.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2017.

Кіріспе

Бұл тақырыптың өзектілігі бастауыш мектептегі ең маңызды міндеттердің бірі – одан кейінгі білім алуының іргетасы болып табылатын балалардың оқу дағдысын қалыптастырумен байланысты.

Педагогтер мен психологтер бастауыш мектепте әрең оқып үйренген балалар жетінші – сегізінші сыныптарда одан да нашар оқитынын айтады. Оқу үдерісінің баяулығы, оқуға қызығушылығының жоқтығы зияткерлік қызметінің де баяулауына әкеледі. Балалар жаттығудың, есептің шарттарын баяу оқиды, орындамастан бұрын оның мәнін ұмытып қалады. Бұл жастағы балаларда түсінікті болуға тиісті көптеген терминдер мен ұғымдар оларға белгісіз, түсініксіз және қызықсыз болады. Оқуға деген тұрақты қызығушылық отбасында қалыптасады және оның негізі–баланың оқу әдеті екені анық.

Бүгінгі таңда әлемде кітап оқуды алға жылжыту проблемасы өзекті болып отыр. Оның шешімін табуда әр елдің өзіндік тәсілдері бар. Әлемдік және отандық практикада «кітап оқу дағдарысы» проблемасын шешудің он тәжірибесі жинақталған.

Францияда 80 жылдары кітап оқу проблемасын шешу үкімет пен Мәдениет министрлігінің әлеуетті міндеттерінің бірінен саналды. Кітап оқу мен кітап ісі саласында құрылған күнінен бастап оқырманға ұсынылғанша арнайы Басқарма тұтас саясатты анықтады..

Нидерландыда кітап пен кітап оқуды жаппай насихаттау жүзеге асырылды. Бұл жерде голландиялық кітаптарды жаппай насихаттау Қоры қарқынды жұмыс жасайды. Жыл сайын кітап және балалар кітаптарының Апталығы ұйымдастырылады, онда барлық құралдар арқылы сол елдің тұрғындарының назарын голландиялық әдебиетке аударады. Ақпараттық және құжаттар орталығы ісшаралар өткізу және балалар кітаптарына арналған кітапханалар мен мектептерді насихаттау үшін ақпараттар таратады.

Ұлыбританияда Ұлттық кітап оқу жылы аясында «Отбасында бірлесіп оқу» бағдарламасы әрекет жасайды. «Компанияның кітапханадағы жазбалары бойынша»: оның негізгі ісшаралары балалар мен оның ата-аналарын жергілікті кітапханаларға тартуға бағытталған; ата-аналар мен тәрбиешілерін өздерінің балаларына «Ұйықтар алдында кітап оқы», «Жалыққанша кітап оқы» деп кітап оқуға қозғау салды және жасөспірімдерді оқығандарымен бөлісуге, пікір алмасуға шақырады.

Германияда мақсатты кітап оқу саясатына бағытталған Неміс кітап оқу Қоры құрылды. Қордың мақсаты – оқу мен жазу мәдениеттің негізін қалаушы құрал болып қалатыны туралы кең қоғамдық пікірді енгізу.

2002 жылы Бельгияда оқуға қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында кітап оқу Қоры құрылды. 2006 жылы балалар әдебиетінің кітап оқу қорына халықаралық Ұлттық балалар әдебиетінің орталығы кірді. Қор үнемі балалар әдебиеті саласында академиялық қоғамдастықтың бөлігі болып табылатын балалар мен ата-аналардың жақсы кітаптарды оқуға шабыттандырып отыратын өмірдегі идеяларды енгізіп отырады.

Швецияда оқырмандарға тегін көп көлемде әртүрлі бағдарламалар

ұсынады. «Вике Вире» - бұл сабақтар 0 ден 1 жасқа дейінгі балалардың сөйлеу тіліне және олардың ата-аналарына арналған сабақтар , сабақты педагог-актриса жүргізеді . «Карапуз Пеле» бағдарламасы 1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларға арналған, сабақта актриса ата-аналармен, балалармен бірге көркемдеп оқиды және ән айтады. Швед тіліндегі ертегілер сабағын 2, 3 және 4 жасқа арналған топтарға педагогтер мен актёрлер өткізеді Мұндай сабақтар шетел тілінде жүргізіледі. Жасөспірімдер ортасында кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі байқалады , сондықтан бұл оқырмандар тобымен жұмыс жасауға баса назар аударылады. 11-13 жастағы жасөспірімдерге арналған кітап сүйер клубтары жұмыс жасап, онда жақсы кітаптарды оқып талдайды. .

АҚШ-та аталған оқу проблемасы «Ұлт қатерде» баяндамасындағы Америкадағы жасөспірімдердің функциональдық сауатсыздығы туралы олардың санынан кейін жалпы ұлттық сипат алды, жастардың функциональдық сауатсыздығы 17 %-ды құрайды. Сол уақыттан бастап кітап оқу проблемасы үнемі басты назарда ұсталады, кітап оқуды насихаттау жүзеге асырылады. Мектепте баларды кітапты сүйеге тартатын түрлі бағдарламалар, кітап оқитын орындар ашылды: «Жас оқырмандар жылы», «Оқу жайында көбірек», «Кітапты өмір бойы оқуға арналған махаббат», «Кітап оқу арқылы жаңа әлемді ашамын» бағдарламалары балаларды оқуға тартады. Ақш-та кітап оқудың қандай түрі болсын қуатталады.

Ресейде ұзақ мерзімді Ұлттық кітап оқу бағдарламасын әзірлеуге шешім қабылданды.. Аталған бағдарламаның іргетасы оқуды қолдайтын балалар мен отбасының негізі болатын кітапханалар болып табылады. Кең ауқымда балалардың бос уақытын зерттеу жобасының бірі «Ауыл баласы: кітап оқу, кітап ортасы, кітапхана» кешенді зерттеуі болып табылады. «Путиннің 100 кітабы» жобасы әзірленді.

Кореяда 1971 жылдан бастап қысқы, жазғы каникул уақытында көпшілік кітапханаларда балаларға қызмет көрсету бағдарламалары мен каникул кезеңінде кітап оқу курстары бар . Бұл бағдарлама кітапханалар саны жетіспей жатқан заманауи жағдайда Кореяның ерекше бағдарламасы болып табылады. Кітап оқу курстары қарапайым формалар арқылы саяхат, қолданынушылардың оқуы, оқуға үйрету т.б. тәрізді болады. Оқу жылдамдығының нормативтері қандай? Баяу және жылдам оқу дегеніміз не? АҚШ-та және басқа да елдерде мемлекеттік оқу жылдамдығы бар.

Оқу жылдамдығы	Ағылшын тілі	Неміс тілі
Өте төмен	170-200	100-140
төмен	200-230	140-180
орта	230-250	180-220
жылдам	350-450	400-500
Өте жылдам	550-650	600-800

Мектеп жүйесі оқушылардың оқу техникасын жетілдіруді міндетті компонент ретінде қосады. Орта мектепті бітірген түлек оқу жылдамдығын

барынша толық меңгеруі міндетті болып саналады. Алайда, оны тәжірибе көрсеткендей, арнайы немесе факультатив ретінде үйрету керек.

Тіл деңгейі	Сыныптар	Оқу жылдамдығы, мин./сөз
Бастауыш	1-4	80-130
Дамытушы	5-9	130-250
Жетілдіруші	10-11	250-300

Халықаралық тәжірибе бастауыш білімге бағытталады. Халықаралық тәжірибе кітап оқуға баса назар аударатынын көрсетті. Әлемдік тәжірибені зерттеу барысында бастапқы оқу жылдамдығы формуласын анықтауға баса көңіл бөлінген. Бұл формула бойынша оқылған уақыт бірлігінде оқығанының түсіну сапасын ескере отырып, таңба санының жиынтығы ретінде оқу жылдамдығын анықтайды. Оны мына формула бойынша

$$V=Q \cdot K \text{ есептейді.}$$

V – оқу жылдамдығы, таңба./мин.;

Q – мәтіндегі таңба саны (көлемі); - бұл яғни халықаралық стандарт;

T – уақыт, мәтінді оқуға кеткен уақыт мин.;

K- түсіну коэффициенті.

Таңба арқылы әр әріпті және санды білеміз (таңбадан басқа тыныс белгілері бар).

Орыс тілінде орта есеппен әрбір сөз алты әріптен тұратыны белгілі. Мысалы, егер оқу жылдамдығы таңба бойынша 600 мин/таңбаға тең болса, онда оқу жылдамдығы сөз бойынша 100 мин/сөз болады. (600:6).

Қазақ тілін орыс тілімен салыстырып қарасақ, қазақ тілінде таңбалар саны көп болады (қазақ тіліндегі жұрнақтар соңғы сөзге емес әрбір сөздің соңына тізбектеліп жалғанады, мысалы, балалар-балалармен-балаларға).

Осылайша, әлемдегі көптеген елдердің әлеуетті міндеті жұртшылықты кітап оқуға тарту болып саналады.

Оқу жылының соңында ұсынылған бастауыш және негізгі мектептердің оқу жылдамдығы нормативтері

Оқыту қазақ тіліндегі бастауыш мектепке арналған оқу нормативтері

Сынып	Сөз саны	Таңба саны
1 сынып	25-30	180-210
2 сынып	50-55	330-360
3 сынып	65-70	450-480
4 сынып	80-85	570-600

Оқыту орыс тіліндегі бастауыш мектепке арналған оқу нормативтері

Сынып	Сөз саны	Таңба саны
1 сынып	30-35	180-210
2 сынып	55-60	330-360
3 сынып	75-80	450-480

4 сынып	95-100	570-600
---------	--------	---------

Оқыту қазақ тіліндегі негізгі мектепке арналған оқу нормативтері

Сынып	Сөз саны	Таңба саны
5 сынып	95-105	660-720
6 сынып	105-110	720-780
7 сынып	110-125	780-840
8 сынып	120-130	840-900
9 сынып	130-155	900-1080

Оқыту орыс тіліндегі негізгі мектепке арналған оқу нормативтері

Сынып	Сөз саны	Таңба саны
5 сынып	110-120	660-720
6 сынып	120-130	720-780
7 сынып	130-140	780-840
8 сынып	140-150	840-900
9 сынып	150-180	900-1080

Қазақ тілін орыс тілімен салыстырып қарасақ, қазақ тіліндегі сөздерде таңбалар саны көп болады (қазақ тіліндегі жұрнақтар соңғы сөзге емес әрбір сөздің соңына тізбектеліп жалғанады, мысалы, балалар-балалармен-балаларға.

. Мен мектепке бара жатырмын.сөйлемінде - 4 сөз, 23 таңба; Я иду в школу. - 4 сөз, 10 таңба бар.

Тәжірибе көрсеткендей, оқу материалы әлдеқайда ұлғаятын орта және жоғары сыныптарда нашар оқитын оқушылардың үлгерімі нашарлайды.

Сондай-ақ, оқу жылдамдығы мен даму үдерісі бір-бірімен байланысты.Көп оқитын оқушылар, әдетте, тез оқиды. Оқу барысында жедел жады мен зейіннің тұрақтылығы жетіледі. Осы екі көрсеткішпен ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі байланысты. Оқу дағдысы бастауыш мектепте қалыптастырылуы тиіс[1].

Оқу техникасымен жұмыс – ұзақ үдеріс, оған балалар үнемі қызығушылық танытпайды. Дегенмен жақсы оқу техникасы болмайынша, баланың жоғары сыныптарда білім алуы қиын болады.

Қалыптасқан оқу дағдылары, кем дегенде, екі негізгі компонентті қамтиды:

- оқу техникасы (сөздерді дұрыс әрі жылдам қабылдау және дыбыстау, бұл бір жағынан, олардың көру бейнесі және екінші жағынан, акустикалық және сөз-қозғалыс бейнесі арасындағы байланысқа негізделген)

- мәтінді түсінуі (оның мағынасын, мәнін, мазмұнын табу)

Бұл екі компонент өзара тығыз байланысты және бір-біріне сүйенетіні белгілі: осылайша, оқу техникасын жетілдіру оқылғанды түсінуін жеңілдетеді, ал түсінуге жеңіл мәтін жақсы және дәлірек қабылданады. Бұл ретте оқу

дағдысын қалыптастырудың алғашқы кезеңдерінде оның техникасына, одан кейін мәтінді түсінуіне көбірек мән беріледі.

1. Мәтіндерді оқудың әдістері, техникасы және түрлері

Бастауыш мектептегі оқу маңызды дербес пән ғана емес, сондай-ақ, оқу құралы болып табылады. Балалар толыққанды оқу дағдыларын қаншалықты ойдағыдай игерсе, олардың оқу пәндері бойынша қабілеттері соншалықты толық жүзеге асырылатын болады. В. А. Сухомлинский оқу баланың ойлауын, қиялын, сөйлеуін, адамгершілік қасиеттерін дамытатын түрлі шығармашылық жұмыстарды орындау үшін берік негізін құрайды деп санаған. Осылай оқу баланың зияткерлік әлеуетін дамытумен, әлеуметтік жеке басын, мәдениетін тәрбиелеумен байланысты. Сондықтан да мұғалімнің міндеті бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық біліктерін: дұрыс оқу дағдысын, оқуға деген қызығушылығын, өз бетінше өнімді оқуын қалыптастыру болып табылады[2].

Бастауыш мектеп бағдарламасы оқу дағдысын қалыптастыру барысында сыныптан сыныпқа оның бірте-бірте жетілуін көздейді және әрбір кезеңінде оның қалыптасуы мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланады: оқылғанның көлемі, оқу жылдамдығы (жүгірте оқу), оның дұрыстығы, түсініктілігі және т.б[3].

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру;

3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

4) оқу сапасын (дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, көз жүгіртіп, болжап оқу) жетілдіру;

5) оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдеби нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

6) сыни ойлауын жетілдіру;

7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;

8) алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру.

Қойылған міндеттерге сәйкес келешекте табысты оқып, білім алу үшін оқу дағдысын қалай қалыптастыруға болады? Неге кейбір мұғалімдер үлкен

жетістіктерге жетеді, кейбір мұғалімдердің оқушыларының бәрі оқиды, бірақ барлығы «оқи алмайды»? Оқу дағдысының қалыптаспауының негізгі себептері неде және оларды жоюға болады ма? Осы және оқу мәселесіне байланысты басқа да сұрақтар бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Осы мәселе бойынша оң тәжірибе жинақталған.

Оқу әдістері

Әр ғасырда оқуға үйретудің әдістері болған. Содан кейін олар ұмыт қалады да, бірнеше онжылдықтардан кейін қайта жаңғырып, қолданыла бастайды. Әр әдістің өз ерекшелігі бар. Енді осы алуан түрлі әдістерді талдап көрейік.

Оқуға үйретудің өз негізінде бір-біріне қарама-қайшы негізгі екі әдісі бар. Біреуі *тұтас сөз* әдісі, екіншісі *фонологиялық әдіс* деп аталады.

Ұзақ уақыт бойы фонетикаға үйрету керек пе деген қызу пікірталас жүрді. 1930 жылы осы тақырыпқа бірқатар зерттеулер жүргізіліп, фонетиканы оқыту қажет деген қорытындыға келді. Алайда, балаларға қалай және қандай көлемде берілуі керек деген сұрақ тұрды.

Мысалы, мынандай эксперимент жүргізілген. Балалар тобын екіге бөлген, бірінші топта сөздерді тұтас оқу әдісі бойынша, ал екінші топты фонологиялық әдістің көмегімен үйретеді. Балалар оқи бастағанда, оларды тестілеуден өткізеді. Бірінші кезеңде бірінші топтың балалары дауыстап және ішінен жақсы оқыған. Ал «фонологиялық» балаларға таныс емес сөздер оңай болып, екінші сыныптың соңында қабылдау және сөздік қорының байлығы деңгейі бойынша өз сыныптастарын басып озған.

Ғалымдардың бақылаулары бойынша, сөзді тұтастай оқитын балалар әдеттегі қателерді жіберген. Мысалы, суреттің астындағы жазуларды оқығанда, мағынасы жақын сөздермен алмастырған. «Жолбарыс» деген сөздің орнына «арыстан», «қыз» деген сөздің орнына «балалар», «машина» деген сөздің орнына «доңғалақтар» деп айтуы мүмкін еді.

Сөзді анықталған белгілі бір мәніне бекітуге ұмтылу бүкіл оқу жылы бойы балалар біреудің көмегінсіз жаңа сөздерді оқып үйрене алмауына әкеліп соқты.

Әділдік үшін «фонологиялық» балалар әріптерінің орны ауыстырылған немесе ұқсас сөздермен алмастырылған сөздерді оқуда қиындықтарға кездескенін айта кету керек.

Осылайша, көптеген кішкентай оқырмандарға фонетика қажет екені түсінікті болды. Соңғы зерттеулер адамдар сөздерді әріптеп оқитынын растады. Бірақ бұл жылдам болғандықтан, біз сөзді тұтастай қабылдайтын сияқты көрінеді[4].

Әрі қарай зерттеулер жүргізу барысында психологтер оқу – баланың мәтінді ішінен айтуы екенін түсінді. Мәтінді тұтас ретінде қабылдау теориясын жақтаушылар біз мәтіндегі сөздерді тікелей қабылдаймыз деп санаған және әлі күнге дейін солай ойлайды. Бірақ тәжірибелер ішінен оқу кезінде де, дауыстап оқу кезінде де мидың дәл сол бір бөлігі іске қосылатын көрсеткен.

Сонымен, еркін оқу үшін әріптер тез және оңай танып, оларды дыбыстармен сәйкестендіру қажет. Фонетиканы жаттап алу өзге де айла-амалдар мен әдіс-тәсілдерден әлдеқайда тиімдірек екен.

Бірқызығы, әліпбиді білмей тұра оқып үйренуге болады екен. «Тұтас сөз» әдісінің жақтаушылары балаға әріптерді үйретпеге шақырады. Жақында ғана ғалымдардың соңғы қорытындылары белгілі болды: тек әріптерді білген жағдайда ғана оқуға үйрету үдерісі барынша табысты бола алады.

Мынадай эксперимент жүргізілді. Балаларға сөздер жазылған карточкалар көрсетілді. Тек бір топта бұл сөздер суреттердің астындағы жазулар болатын, ал екіншісінде тура осы сөздер иллюстрациясыз берілді. Әр топқа бірдей төрт сөз берілді. Содан кейін балаларды біріктіріп, карточкалар араластырып, қайта көрсетілді. Балалар тек үш карточкадағы өздері өткен сөздерді ғана танығаны белгілі болды. Яғни, «таза түрінде» жазылуын есте сақтайтын балаға қарағанда иллюстрацияланған сөздерді есте сақтайтын бала сөздердің графикалық бейнесін әлдеқайда аз ықтималдылықпен таниды.

Бұл – әліпбидің қажет екенінің жанама дәлелі. Бірақ, ең бастысы, әріптердің қалай аталуы емес, олардың нені білдіретіндігі. Балалар әріптердің атаулары мен ретін ғана біліп қоймай, әріптерге баса назар аудырып, тұтастың бір бөлігі ретінде қабылдай алуы керек.

Сонымен қатар, әліпби – бұл абстрактылы код. Бұған дейін нақты заттарды білген, қолданған балақай символдарды қолдана бастайды, ал бұл абстрактылы ойлаудың дамуына алғашқы қадам болып табылады.

Барлық тілде оқуға үйретудің әмбебап бір әдістемесі болуы мүмкін емес. Дегенмен, үйретуді әріптер мен дыбыстарды түсінуден, фонетикадан бастау қағидасы барлық тілге ортақ. Тіпті жазуда иероглифтер қолданатын Қытайда да соңғы 50 жылда балалар алдымен сөздерді латын әліпбиінің көмегімен оқуға үйретіп, содан кейін ғана дәстүрлі жазуға көшеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігі қалай жазылса, солай оқылады.

Бірнеше ондаған жылдар бұрын әдістеме мынадай болған: балалар ең алдымен әріптердің атауын, сосын дыбыстарды үйреніп, содан кейін әріптерді буынға біріктіріп оқитын. Қиындығы сол, бірінші сынып оқушылары ұзақ уақыт бойы әріптің аталуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты меңгере алмайтын. Буындар ұзын болғандықтан, балаға ойында бірнеше әріптерді сақтап тұру өте қиын болатын.

Соңғы жылдары *фонемаларды тіркестіру қағидасы* табысты қолданылуда.

Сонымен, біз балаға фонетиканы білу қажет екенін анықтадық. Бірақ бұл бала зеріктіретін ережелерді жаттауы тиіс және сапалық редукция мен сандық редукцияны ажырата білуі тиіс дегенді білдірмейді. Ең бастысы, баланың оқуға деген қызығушылығын сақтау керек. Баланың мүмкіндіктері мен қойылған міндеттер сәйкес келгенде ғана оған қызықты болады.

Баланың қолынан келетіндей, оған жетімді болатындай, оның жетістіктері айқын көрінетіндей жағдай жасап отыру қажет. Мысалы, бірнеше ондаған сөздер игеру үшін сол сөздерді білдіретін үйдегі заттарды алу. Егер осы заттарға оның атауы жазылған қағаздар іліп қойса, бала көп ұзамай, таныс

жазуларды біле бастайды. Содан кейін сол сөздермен «Тауып көр», «Лото» ойындарын ойнатуға болады. Сонда бала өз күшіне деген сенімділігін сезеді. Тек жағымды сезімдерді сезінсе ғана одан кейінгі оқыту тиімді болады.

Оқуға үйрету әдістерін толығырақ қарастырайық.

- *Фонетикалық әдіс.* Фонетикалық тәсілдеме әліпбилік қағидаға негізделген. Оның негізінде – әріптер мен дыбыстардың (фонетика) айтылуын үйрету, сосын бала жеткілікті білім жинақтаған соң ол буындарға, содан кейін тұтас сөздерге көшеді. Фонетикалық тәсілдеменің екі бағыты бар:

- *Жүйелік фонетика әдісі.* Тұтас сөздерді оқымай тұра, балаларға жүйелі түрде біртіндеп дыбыстарды, соған сәйкес әріптерді үйретеді, осы дыбыстарды қосуға жаттықтырады. Кейде бағдарлама фонетикалық талдауды да (фонемаларды қолдана білу) қамтиды.

- *Ішкі фонетика әдісі* көзбен шолуға және мағыналық оқуға баса назар аударады. Яғни, балаларға сөздерді әріптің көмегімен емес, суреттер немесе мәнмәтін арқылы тануды және сәйкестендіруді үйретеді. Содан кейін ғана таныс сөздерді талдай отырып, әріптермен белгіленетін дыбыстар оқылады. Жалпы алғанда, жүйелік фонетика әдісіне қарағанда бұл әдістің тиімділігі төмен. Бұл біздің ойлауымыздың кейбір ерекшеліктерімен байланысты. Ғалымдардың айтуынша, оқу қабілеттілігі әріптер мен дыбыстарды білумен, ауызша сөйлеуде фонемаларды ажырата білу қабілеттілігімен тікелей байланысты. Оқуға үйретудің бастапқы кезінде бұл дағдылар жалпы ақыл-ой деңгейінен де маңыздырақ болады.

- *Лингвистикалық әдіс.* Лингвистика – бұл тілдің табиғаты және құрылымы туралы ғылым. Балалар мектепке үлкен сөздік қорымен келеді, бұл әдіс оқуды жиі қолданылатын, сондай-ақ оқылуы да, жазылуы да бір сөздермен бастауды ұсынады. Осы сөздерді үйрене отырып, бала әріптермен дыбыстар арасындағы сәйкестікті меңгереді.

- *Тұтас сөз әдісі.* Мұнда балаларға сөздерді құрайтын бөліктерге бөлмей, тұтас бірлік ретінде тануды үйретеді. Бұл әдісте әріптердің атауларын да, дыбыстарды да үйретпейді. Балаға сөз көрсетіледі және оны айтады. 50-100 сөз жаттағаннан кейін балаға осы сөздер жиі кездесетін мәтін береді.

- *Тұтас мәтін әдісі.* Тұтас сөз әдісіне ұқсас, бірақ тілдік тәжірибесіне көбірек жүгінеді. Мысалы, қызықты сюжеті бар кітап беріледі. Бала оқиды, мағынасын мәнмәтіннің немесе иллюстрацияның көмегімен аңғаруы тиіс бейтаныс сөздерді кездестіреді. Бұл ретте оқу ғана емес, сондай-ақ, өз әңгімелерін жазу да қолдай табады.

Бұл тәсілдің мақсаты – оқу үрдісін жағымды ету. Ерекшеліктерінің бірі – фонетикалық ережелер мүлдем түсіндірілмейді. Әріптермен дыбыстар арасындағы байланыс оқу барысында айқын емес жолмен анықталады. Егер бала сөзді дұрыс емес оқыса, оны түзетпейді. Басшылық етуші дәлел: оқу сөйлеу тілін меңгеру сияқты табиғи үдеріс және бұл үдерістің барлық қыр-сырын балалар өз бетінше меңгеруге қабілетті.

- *Зайцев әдісі.* Николай Зайцев тіркестіруді тіл құрылымының бірлігі ретінде анықтады. Тіркестіру – бұл дауыссыз бен дауыстының, немесе дауысты мен дауыссыздың жұбы, немесе бір әріп. Зайцев тіркестірулерді кубиктің

қырларына жазған. Ол кубиктерді түсі, көлемі және шығаратын дыбысына қарай әртүрлі етіп жасаған. Бұл балалардың дауысты мен дауыссыз дыбыстардың арасындағы айырмашылықты білуге көмектеседі. Осы тіркестірулерді пайдалана отырып, бала сөз құрайды.

Әдістеме фонетикалық әдістерге жатады, өйткені тіркестіру – бұл не буын, не фонема. Осылайша, бала бірден фонемалар бойынша оқуға үйренеді, сонымен бірге әріптік-дыбыстық сәйкестенулер араласу туралы түсінік ала бастайды, өйткені ол кубиктің қырларында тіркестірулерді ғана емес, жеке әріптерді де кездестіреді.

- *Мур әдісі*. Мур балаға әріптер мен дыбыстарды үйретуден бастайды. Ол баланы арнайы баспа машинкасы қойылған зертханаға кіргізеді. Ол тиісті пернесін басқанда, сол дыбыстарды, сондай-ақ, тыныс белгілердің атауларын және сандарды айтады. Келесі кезеңде балаға әріптердің тіркестерін, мысалы, қарапайым сөздерді көрсетіп, оларды компьютерде теруді өтінеді. Одан әрі жазып беруін, әрі қарай оқып беруін және теріп беруін сұрайды.

- *Монтессори әдісі*. Мария Монтессори балаларға әліпбидің әріптерін беріп, оларды тануға, жазуға және айтуға үйретті. Кейінірек, балалар дыбыстардан сөз құрауды үйренген соң ол сөздерден сөйлем құрастыруды ұсынған.

Оқу техникасы

Оқудың 2 түрі бар: дауыстап оқу және ішінен оқу. Оқудың екі түрі де мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) *дұрыстығы;*
- 2) *түсініктілігі;*
- 3) *жүгіртіп оқу.*

Дауыстап оқуға мәнерлеп оқу талабы да қойылады.

Дұрыс оқу – бұл мәтіннің дыбыс жағының қатесіз және бір қалыпты айтылуы.

Түсініп оқу оқырманның мәтін мазмұнын анық, терең түсінуінен көрінеді.

Жүгіртіп оқу деп оқу кезінде қабылдаудың саналылығын қамтамасыз ететін және қарқынына сәйкес келетін оқу қарқынын атайды.

Мәнерлеп оқу – бұл оқырман өзінің даусымен автордың ойы мен оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіре білуде көрінетін дауыстап оқу сапасы.

Оңтайлы оқу – бұл ауызша сөйлеу жылдамдығымен оқу, яғни қарқынмен минутына 120-дан 150 сөзге дейін оқу.

Көптеген ғасырлар бойы адамның артикуляциялық аппараты дәл осындай жылдамдыққа үйреніп қалды, мәтінді дәл осындай жылдамдықта жақсы түсінуге болады.

Үш аспектті бөліп көрсетуге болады: оқыту, дамыту және тәрбиелеу аспектілері.

Әртүрлі аймақтардағы мектептерді тексеру кезінде табылған минутына оқу жылдамдығы өте төмен, 40 сөз оқитын 5-9-сынып оқушылары кездескен. Мұндай жылдамдықпен, әдетте, 1-сыныпта оқушылары оқиды. 9-сыныпта үй

тапсырмасы орта есеппен бір күнде шамамен оқулықтың 8 бетін немесе 6500 сөзді құрайды. 6500 сөзді минутына 40 сөз оқу жылдамдығына бөлеміз. Сонда үй тапсырмаларының мәтіндерін бір рет оқып шығу үшін 162 минут немесе шамамен 3 сағат (2,7 сағат) қажет. Бірақ мұндай оқу техникасымен, әрине, оқушы оқулықта жазылғанды бірден түсінбейді. Оған мәтіндерді кем дегенде 3 рет оқып шығу керек, бұл дегеніміз – 9 сағат оқу уақыты, мектепте 6 сағат қажет. Міне, 15 сағаттық жұмыс күні. Бірақ оған қоса жазбаша тапсырмалар бар.

Ең дарынды мұғалімдерді ішақыруға болады, бірақ оқушы ең қарапайым – оқып үйренбейінше, олар ештеңе істей алмайды.

Сонымен, бастауыш мектепті бітіретін оқушылар қандай жылдамдықпен оқу керек. Егер 5-сынып оқушыларының оқу үлгерімін саралап көрсек, онда бастауыш оқытуды шамамен минутына 130-170 сөз оқу жылдамдығымен бітірген балалар оқу үздіктері атанған деген қорытынды жасауға болады. Орта есеппен алғанда, шамамен минутына 150 сөз. Оқу үлгерімі жақсы оқушы атанған оқушылардың оқу жылдамдығы минутына 100-ден 140 сөзге дейін болған. Орташа есеппен алғанда, шамамен минутына 120 сөз. «Үшке» оқитын балалардың оқу жылдамдығы шамамен минутына 80-90 деген сөз құраған. Заңдылық осындай.

Нақты жағдайларда әрбір мектеп өзінің оқушыларының 4 және 5-ке оқығандарын қалайды. Сондықтан бастауышта оқытудың соңында оқушылардың басым бөлігінің оқу жылдамдығы минутына 120 сөзден төмен болмауына ұмтылу қажет. Бірақ бұл жүзеге асатындай ма? Өйткені әр оқушының темпераменті әртүрлі. Холериктер, әдетте, минутына 150 сөз қарқынымен сөйлейді және оқиды екен. Сангвиниктер үшін бұл минутына 120 сөз. Психология ҒЗИ-ның деректері бойынша, 90%-дан астам оқушылар холериктерге және сангвиниктерге жатады. Флегматиктер және меланхоликтер 10-нан төмен пайызды құрайды, яғни бір сыныпта 3-4 адам.

Соңғы жылдары жүргізілген эксперименттер жылдам оқу ойлау үдерістерін белсендендіретінін және бастауыштан жоғары мектепке дейін оқытудың әртүрлі деңгейлері үшін оқу үрдісін жетілдіру құралдарының бірі болып табылатынын көрсетті [5].

Сонымен, көптеген оқушылар минутына 120 сөз оқу жылдамдығы қолжетімді. Онда сұрақ туындайды: бұл деңгейге қалай өтуге болады. Біздің балаларға оқу кезіндегі қиындықтарды жеңуге қалай көмектесуге болады?

Көбінесе осы мәселені қарапайым жолмен және амал-айласыз шеше салуға тырысады: көбірек оқу керек деп санайды. Осылайша бала жылап отырып, оқып отырған кітабын іштей жек көре отырып, оқиды. Корневтің әдістемесін қолдана отырып және оны әдебиеттік оқу сабақтарында және әр сабақта бес минуттық оқу кезінде күрделілігі әртүрлі кестелер мен толықтыра отырып, оңтайлы оқу жылдамдығына қол жеткізуге болады.

Бұл дидактикалық материал оқудағы қиындықтардың негізгі себептерінің бірін: оқу жылдамдығы жеткіліксіз қалыптасуын жоюға бағытталған.

Оқу техникалық дағдыларды және оқылғанның мағынасын түсіну үдерісін қамтитын қиын әрекет болып табылады. Бұл екі жақ өзара тығыз байланысты және бір-біріне өзара әсерін тигізеді.

Оқуға үйретудің неғұрлым тиімді әдістерін қарастырайық. Оқуға үйретудің басында бала жазылған сөзді дыбыстауы керек: әріпті танып, оны дыбыспен сәйкестендіру, бірнеше әріптерді буынға біріктіру және бірнеше буындарды сөзге біріктіру. Бұл техникалық әрекеттер оқушының назарын өзіне аударады. Оның барлық ақыл-ойы осы үдеріске бағытталады, бұл ретте оқылатын мәтінді түсіну қиынға түседі, оған ақыл-ой күші жетпейді де. Бірте-бірте техникалық әрекеттер автоматты түрде іске қосылады да, бейсанаға кетеді және оқушының назары мәтіннің мағынасын түсінуге шоғырланады.

Барлық аталған біліктер уақытында кезең-кезеңмен қалыптастырылады, олар жеміс сияқты пісіп, жетіледі.

Әрбір кезеңде нақты дағдылар пайда болады және дамиды. Келесі кезеңге ағымдағы кезеңнің барлық біліктері мен дағдыларын меңгерген соң ғана көшуге болады. Меңгеріп қана қоймай, олардың автоматты түрде іске қосылуының белгілі бір деңгейіне жетуі қажет.

Бірақ әр бала өз дамуында бірегей, сондықтан кейбір балаларда мектептің жоспарлауымен бөлінген уақыт ішінде ағымдағы кезең жеткілікті деңгейде дами алмайды. Демек, келесі кезеңнің іргетасы әзірленбеген.

Оқу үшін берілген материал күрделене түскен кезде оқушы түсіне немесе үйрене алмағандықтан емес, үйреніп үлгермегендіктен басқалардан артта қала бастайды, нашар оқитын топтағы балалардың қатарына қосылады.

Психологтердің зерттеулері көрсеткендей, көбінесе тежелу буындардан сөз құрау мен сөздердің мағынасын түсіну кезеңінде болады екен. Сонымен бірге бұл кезең маңызды болып табылады, себебі мағыналық түсініп оқу үшін негіз болады. Бала нысаналы және дұрыс оқуға қалай үйретуге болады, мәтіндер түрлерімен жұмыс істеу дағдысын қалай қалыптастыруға болады.

Бірінші кезеңде оқытуды тыныс алу гимнастикасынан бастау керек. А. Н. Корневтің әдістемесін зерделеп, оны өз тәжірибесінде қолдануға болады.

Тыныс алу гимнастикасы және дауысты дайындау

Сөйлеу тыныс алумен тығыз байланысты. Сөз дем шығару фазасында құрылады. Адам үнсіз тұрғанда және сөйлеу кезінде тыныс алу айтарлықтай ерекшеленеді. Дем шығару демді ішке тартудан әлдеқайда ұзағырақ.

Сонымен қатар, сөйлемей тыныс алу кезіндегіге қарағанда сөйлеп тұрғанда тыныс алу қозғалыстарының саны екі есе кем. Ұзақ дем шығару үшін үлкен ауа қоры қажет. Сондықтан сөйлеу кезінде жұтылатын және сыртқа шығатын ауа көлемі айтарлықтай ұлғаяды. Сөйлеу кезінде дем алу анағұрлым қысқа және терең. Сөйлеуде тыныс алудың тағы бір ерекшелігі – сөйлеу кезінде дем шығару кезінде дем шығаратын бұлшық еттердің (құрсақ қабырғасының және ішкі қабырға аралық бұлшық еттердің) белсенді қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл оның анағұрлым жоғары ұзақтығы мен тереңдігін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ауа ағынының қысымын ұлғайтады. Онсыз дауыстап сөйлеу мүмкін емес. Кейбір балалар оқу кезінде дұрыс тыныс алмау байқалады, олар дем шығару кезінде емес, дем алу кезінде оқиды. Оқу қарқыны бұзылады,

сондықтан әріптерді өту кезінде, әдебиеттік оқу сабақтарында тыныс алу гимнастикасын жасап тұру керек. Тыныс алу гимнастикасын әр сабақтың басында жасату қажет.

Әріптермен таныстыру

Сауат ашудың бірінші кезеңінде өзінің ашықтығымен, өзгешелігімен баланы қызықтыратын әріптермен таныстыру жүргізіледі. Әрбір әріпке жаңылтпаштар және жұмбақтар, тақпақтар таңдап алынады. Балаларға кез келген әріптердің тіркесіне өздері жаңылтпаш, мысал ойлап табудыда ұсынуға болады. Жаңылтпаштарды айтуды уақытты бақылау арқылы жүргізуге болады. Алдымен балажаңылтпашты баяу, ақырын айтады, содан кейін қалыпты қарқынмен, содан кейін ғана жылдам қарқынмен айтады. Оқытудың бұл кезеңінде әріптермен таныстырып, сабақтың басында оқу кезінде шапшаң оқуды дамыту үшін әр түрлі кестелер қолданылады.

Буындармен таныстыру

Оқытудың бұл кезеңінде сондай-ақ жылдам оқу дағдыларының дамуына ықпал ететін әр түрлі кестелер пайдаланылады. Тапсырмаға байланысты дауыстылар немесе буындар әр түрлі дауыс күшімен, әртүрлі екпінмен, әртүрлі қарқынмен оқылуы мүмкін. Осылайша, бірте-бірте буындар мен сөздердің құрылымы күрделене түседі.

Сөздермен таныстыру

Сөздерді оқығанда да жылдам оқу дағдыларын дамытуға көмектесетін әр түрлі кестелер пайдаланылады. Бұл кестеде оқу үшін бір буынды сөздер жазылады. Осы кестелерді жүйелі оқу осы әріптердің қабылдануын автоматтандырады.

Оқуға үйретудің басқа да түрлері:

1. Дауыстап оқу.
2. Ішінен оқу.
3. Ызыңдап оқу.
4. Хормен оқу.
5. Жаңылтпаштың қарқынымен оқу.
6. Тізбектеп оқу.
7. Динамикалық оқу.
8. Бинарлық оқу.

Дауыстап оқу және ішінен оқу

Ең бастысы – жаттығулардың ұзақтығы емес, жиілігі маңызды. Адамның жады үнемі көз алдындағы нәрсе емес, қараңдап тұратын, яғни бірде бар, бірде жоқ нәрсе есінде қалатындай құрылған. Дәл осы нәрсе қоздыру тудырады және есте қалады. Сондықтан, ұзақ уақыт алатын жаттығулар жүргізбей, аз уақытқа есептелген жаттығулар жиі-жиі жүргізу керек.

Ызыңдап оқу

Ызыңдап оқу – В. А. Сухомлинскийдің Павлыш мектебінде оқуға үйретудің негізгі элементтерінің бірі болды. Қазір бұл элементтік көптеген мұғалімдер қолданады.

Ызындап оқу дегеніміз – бұл бір мезгілде дауыстап, сыныптастарына кедергі келтірмес үшін күбірлеп, әрқайсысы өз жылдамдығымен, біреуі жылдам, біреуі баяу барлық оқушылардың оқуы. Жаттығубес минут жүргізіледі.

Әр сабақтағы бес минуттық оқу кезінде кез келген сабақта – әдебиеттік оқу, көркем еңбек, математика, қазақ тілі балалар бес минут оқиды. Сабаққосымша кітапты немесе арнайы дайындалған кестелерді ызындап оқу режимінде бес минут оқудан басталады, сосын сабақ ары қарай өз қалпымен жүргізіледі.

Талдап көрейік. Егер 3-сыныптың әдістемесіне сәйкес аптасына әдебиеттік оқу 3 сабақ болса, сыныпта 25 адам болса, мұғалім әрбір оқушыны аптасына бір-бір реттен тексеріп шыға алады. Бұл ретте оқушының жаттығу үшін аптасына 3 минут уақыты болады, мұндай деңгейде балаларды оқуға үйретуекіталай.

Егер отбасында баламен жұмыс жасап, оқуға үйретсе жақсы. Ал егер баланың отбасы сәтсіз болса? Сонда баланың жаттығуына осы үш минутқа ғана саяды, мұндайда бала оқып үйрене алмайды.

Әр сабақтағы бес минуттық оқуды қарастырып көрейік. Мысалы, $5 \times 4 \times 5 = 100$.

Әр сабақта бес минут, әр күні 4 сабақ, аптасына 5 күн бар. Бір апталық жаттығу 100 минут көлемінде болады.

Әлбетте, егер уақыт 3 минуттан 100-ге дейін артса, оң нәтиже береді.

Нәтижелілігі

Әдебиеттік оқу сабақтарында және ызындап оқу үшін осы аталған әдістемені үнемі пайдалану, жылдам оқуды дамыту бойынша ұсыныстарды қолдану, бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығы тексеру нәтижелерінің жоғары деңгейін көрсетеді [6].

Мұғалімдерге де, ата-аналарға да қолдану үшін қызықты және пайдалы болатын әдістемелік және дидактикалық материалдар жеткілікті жинақталған. Бұл тұста Я. А. Каменскийдің: «Жұлдыздарды көру, музыка тыңдау – үлкен бақыт. Бірақ оған қол жеткізу үшін кітап оқып үйрену керек. Ал бұл – үлкен еңбек» деп айтқанын ұмытпау керек.

Осылайша, оқушылардың табысты оқуы үшін жылдам оқуды меңгерулері қажет.

Әдетте, көп оқитын оқушылар жылдам оқиды. Оқу үдерісінде жедел жады және зерденің тұрақтылығы жетіледі. Осы екі көрсеткішке ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігі байланысты. Кейде дағды және ойлау қарама-қарсы тұрады. Бұл мектеп үшін өте қиын түседі. Шынында да бұл жерде альтернатива жоқ, сонымен қатар, ойлауды дағдыларға сүйене отырып, дамытуға болады. Оқу дағдысы көптеген күрделі біліктердің құрамдас бөлігі болып табылады. Осылайша, оңтайлы оқуды меңгеру барысында оқушылардың ақыл-ойы дамиды. Бұл – дамудың аспектісі.

Оңтайлы оқу жылдамдығына қалай жетуге болады? Қандай қорларды қолдануға болады?

Кейбір оқу техникаларымен танысайық.

Блоктарды оқу

Бұл кезең негізінен баланың сөйлеу аппаратын жүйелі жаттықтыруға, сөйлеу ақауларынан анықтауға, сондай-ақ тұтас сөздерді оқу дағдысын пысықтауға бағытталған. Қазақ тілінде жиі кездесетін әріптердің тіркесулерін, құрамаларын, құрамында сол әріптер болатын сөздер жаттығу үшін материал ретінде алынады. Мұғалім оларды қарапайымнан күрделіге қарай негізгі қағидасын ұстана отырып, топтарға бөледі. Сабақтағы материалдың көлемі 20-25 әріп тіркесулерін құрайды және сәйкесінше әріптер саны (2, 3, 4, 5 және т. б.) біртіндеп арта береді. Әріптік құрамалар немесе блоктартақтаға бағанмен немесе қатармен жазылады. Олардың тақтаға әр түрлі орналасу нұсқалары көз бұлшықеттерінің жаттығуына және ерікті зейіннің дамуына ықпал етеді.

Сабақ кезінде оқушылар блоктарды ішінен оқи отырып, жазады. Содан кейін оларды хормен оқиды.

Дикцияны пысықтау

Жаңылтпаштармен жұмыс жасау барысында дыбыстарды және олардың қосындысын анық айтуға қол жеткізіледі. Жаңылтпаштармен жұмыс жасау әдістемесі жеткілікті белгілі: жеке, анық айтудан барынша нақты, жылдам айтуға көшу.

Жаңылтпаштағы жұмыс жасау керек болатын, баса назар аударуға тура келетін дыбыстарды белгілейтін әріптерді түрлі-түсті бормен жазу ұсынылады.

1. Жағажайды жағалай жүгіреді Қамажай.
2. Іске тіл ілесе алады, тілге іс ілесе алмайды.
3. Тақпақ жатта, жатқа жатта.
4. Ізшілер іздесті, түз кезді, із кесті.
5. Ошақта от жақ, шоқ тап, от жақ.
6. Таяқ жон, жонсаң жөн жон.
7. Бұл, бұл – піл, бұл бір ірі піл.
8. Доп теп, тек дөптен кеп теп.
9. Қызым, жүзім же, жүзім үзіп же.
10. Шын еңбекшіл – өрмекші, өрмекші – шын өрнекші.
11. Тұрыс бұрышқа тұр, бұрышта дұрыс тұрмай ұрыспай тұр.
12. Қапыда ит қапты, қатты қапты, қапты қатты.
13. Хатипаға Харьковтегі Қамарға Хамит аға хат жазды.

Жұмысты жаңылтпаштың бір жолынан бастап, әр сабақта жаңа жолдан қосып отыру тиімді болып саналады. Анық айтуды пысықтау үшін бір ғана жаңа жол ұсынылады, оқуға берілген материалдың көлемі ұлғая түседі (2, 3, 4-жолдар). 3-4 сабақ ішінде жаңылтпашты оқу балаларға таныс жолдан басталады. Балалар таныс жолды (жаңылтпаштың таныс бөлігін оқи отырып) көз жүгірте қайталай оқи отырып, жаңа жолды қатесіз және жылдам оқуға дайындалады.

Дауыс ырғағына жаттығу

Мұғалім балалардан мәнерлеп оқуды талап еткенде, көбінесе ол бұл ұғымның нақты қандай өлшемшарттармен анықталатынын айтпайды. Әрине, «мәнерлеп оқу» түсінігі көп қырлы және мәнерлеп оқу қабілеті көбіне балалардың өмірлік тәжірибесіне, эмоционалдық тәрбиесінің қалыптасуына, сезімдерінің тереңдігіне байланысты. Бастауыш мектепте мәнерлеп оқу білігі

енді ғана басталады. Бұл жұмыстымына үш біліктіқалыптастырудан бастау қажет:

- өзінің дауысына ырғақ беру және дамыту: қуанышты және қайғылы, жұмсақ және ашу-ызалы, әзілді және байыпты, мысқылды және мейірімді, сондай-ақ қарсылық, санамалау, аяқтау ырғағы;

- қажетті оқу қарқынын таңдау(жылдам, ырғақты немесе бірқалыпты, өлшемдік немесе олардың үйлесімі);

- сөйлемде логикалық екпінді дұрыс қою.

Сөйлемнің мағынасын анықтайтын сөзді, сөз тіркесін дауыспен бөліп көрсете отырып, логикалық екпінді дұрыс қоя білуді кез келген өлең мәтіндерімен пысықтауға болады. Ол үшін балаларға алдымен жолдағы бірінші сөзді, сосынекінші, үшінші, төртінші сөздерді дауыспен бөліп айтуды ұсынуға болады.

Көру аясын дамыту

Ғалымдардың дәлелі бойынша оқығанда көз екі жағдайда болады: қозғалыста және қозғалыссыз. Мәтін (оқу) тек көз тоқтаған сәтте қабылданады. Көздің қозғалысы кезінде мәтін (оқу) қабылданбайды. Барлық ересек оқырмандарда көздің қозғалыс жылдамдығы және қозғалыссыз кезі бірдей болғанымен, біреулер тез оқыса, ал біреулер баяу оқиды. Баланың оқу қарқыны көру аясының шамасымен, яғни көздің қозғалыс жылдамдығы және қозғалыссыз кезіндегі сөздердің мөлшерін қабылдауымен байланысты болады. Осылайша, қорытындылай келе: жылдам оқу дегеніміз – бұл «көру аясының кеңдігі». Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, оқу жылдамдығын арттыру үшін көздің қозғалыссыз кезеңін азайту және көздің бір көру фиксациясында қабылдайтын сөздердің санын арттыру қажет.

Көру аясын дамытатын құралдардың бірі дидактикалық ойын материалдары болып табылады, атап айтқанда, сандық және әріптік карточкаларды сабақ барысында пайдалану көзді жаттықтырады. Олармен жұмыс істеу көп уақытты қажет етпейді, бірақ жақсы нәтиже береді. Алдымен балалардың көру аясын кеңейту үшін Шульте кестелері пайдаланылады. Балалар қызығушылықпен көздерін дағдыландырады және оқу техникасының нәтижелерінде жақсарады.

Кестелермен жұмысты 3 кезеңге бөлуге болады. Кестелер көлемімен және сандар, әріптер, суреттер санымен ерекшеленеді:

1-ші кезеңде көру аясы аздау болады. Кестелер көлемі 9x9 см. Сандар мен әріптер саны – 9;

2-ші кезеңде көру аясы ұлғаяды. Кестелер көлемі 12x12 см. Сандар мен әріптер саны 16-ға дейін;

3-ші кезеңде көру аясы беттердің еніне тең болады. Кестелер көлемі 12x12 см. Сандар мен әріптер саны 25-ге дейін.

Әр кезеңде кестелермен белгілі бір ретпен жұмыс жүргізіледі: жеңілден күрделіге. Кестелерді оқу жылдамдығыда әр түрлі болуы тиіс. Алдымен кестенің мазмұны баяу оқылады, содан кейін жылдамдығын арттырады және соңғы нәтижесі – кесте 3-5 секундта оқылады. Мұғалім әрбір баланы тексеріп, осыдан кейін ғана жаңа кестемен жұмыс істеуге мүмкіндік бере алады.

Кесте бойынша жұмыстың басты ережесі: көзбен кестені шарламай, бөлінген квадрат, әріп, шеңберге немесе белгілі бір бағытқа қарап, оң жағын, сол жағын немесе барлық айналасын бір мезгілде көруге тырысу.

Мысалы, 1-ден 10 дейін және 1-ден 20 дейін (1-сынып) және 1-ден 25-ке дейін (2-3-сыныптар) (1-кесте).

1-кесте

5	7	3
9	1	8
10	6	4
2		

Дәл осы ұстаным бойынша әліпбилік карточкалар дайындалады(2- кесте). Жаттығулар түрегеп тұрып немесе отырып орындалады. Оқушыларқарындашпен сандар немесе әріптерді көрсете отырып, ішінен санайды.

2 – кесте

ш	қ	х	ч	б
ц	о	ә	ж	х
з	у	ф	р	д
ф	п	и	н	л
м	г	в	с	е

Кестелермен жұмысты күн сайын әр сабақта сергіту сәтінде жүргізу қажет. Оқушы кестедегі барлық белгілерді оқығанша бұл кестемен жұмыс жүргізіледі.

Көру аясын дамытуда тағыда бір жаттығулар келтірілген. Тігінен оқу барысында жоғарыдан төмен қарай көзбен ғана жылжи отырып, жанындағы бағанда орналасқан әріптерді атау керек.

Осылайша, оқу жылының екінші жартысында балалар бір қарағанда 2-3 сөзді қамтуға үйренеді, сондықтан оларда оқу жылдамдығы айтарлықтай ұлғаяды [7].

Балаларды тігінен оқыту мақсатында «оқу-барлау» жаттығуын пайдаланады. Бұл жаттығу бойынша оқушылар мәтінді жылдам қарап, қойылған сұрақтардың жауабын табады.

Осылайша, балалар тігінен оқуға ғана емес, мәтіндегі негізгіні таба білуге үйренеді.

Жаднама

- 1.Еріндерің мен тістеріңді қатты қымқыр.
2. Саусағыңды азат жолдың басына және аяғына қой.
3. Мәтінді жоғарыдан төмен қарап, сұрақтарға жауап тап.

де	ит	пу	та	ма
ач	ил	та	ап	пу
яч	см	ти	бю	ва
фы	ва	пр	ол	дж
ук	ке	ро	лд	от

Осы жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдалануға болады, мысалы, «барлаушылар» мәтінде қандай да бір ережеге арналған сөздерді табады. Математика сабақтарында белгілі бір жауаппен есепті табуға ұсынуға болады.

Бұл жаттығулар бейтаныс мәтінді оқу кезінде жасалады, содан кейін мәтін дауыстап оқылады және мәнерлеп оқуға, әңгімелеуге қарапайым жұмыс жасалады.

Осындай жаттығуларды орындауға 5-7 минут жұмсалады. Бұл жаттығулардың құндылығы оқушылар кейін өз бетінше танысқан мәтінді дауыстап, мәнерлеп оқи алады.

3-кесте

Кестелермен жұмыс кезінде мына жаднаманы пайдалану қажет:

Жаднама.

1. Барлық әріптер немесе сандарды рет-ретімен көрсете отырып, тезірек ата.

2. Бір-бірінен кейін орналасқан екі-үш сандарды есіңе сақта.

3. Көздерің кестенің ортасына қарағанымен, оны тұтас көретінін есіңе сақта.

Жедел жадының дамуы

Мысалы, мынадай көріністі жиі байқауға болады: бала 6-8 сөзден тұратын сөйлемді оқыды. Ортасына дейін жеткенде, бірінші сөзді ұмытып қалды. Сондықтан ол барлық сөздерді біріктіре алмай, сөйлемнің мағынасын түсіне алмайды. Бұл жағдайда жедел жадыны дамыту үшін қажетті жұмыс істеу керек.

Бұл профессор И. Т. Федоренко әзірлеген және ұсынған мәтіндері бар көру диктанттары арқылы жасалады. Көру диктанттары 18 құрамнан тұрады. Ерекшелігі: бірінші құрамдағы бірінші сөйлем-8 әріптен, он сегізінші құрамдағы соңғы сөйлем-46 әріптен тұрады, яғни әр сөйлемдегі сөз бір әріпке көбейіп отырады. Жұмыс жасау уақыты 18 құраммен-2 ай. Бұл мерзім ішінде баланың қабылдауы жақсарады, ол 8-9 сөзден тұратын сөйлемді оқи алады, мағынасын түсінеді. Оқу баланы қызықтырады, сондықтан оқыту процесі тез жүреді, жақсарады.

1. Диктант күн сайын жазылуы тиіс. Сонда ғана нәтиже береді. Балалар сөйлем мазмұнын тез ұғады, қызыға оқиды. Сөйлемдерді сабақ тақырыбына сай өзгертуге болады. Сөйлемдегі әріп саны өзгермейді.

Көру диктанты.

№1

8 әріп-4 сек.: Күз-диқан.

9 әріп-4 сек.: Ашу-дұшпан.

10 әріп-5 сек.:Білім-теңіз.

11 әріп-5 сек.:Ата-асқар тау.

11 әріп-5 сек.:Білім-сұңқар.

12 әріп-4 сек.:Оқыған-білгір.

Сөйлемдегі сөздердің саны біртіндеп бір-екі әріпке артады. Барлық жиынтықтармен жұмыс екі ай шамасында жүреді.

Көру диктантын қалай өткізеді?

Тақтада бір топтамадан 6 сөйлем жазылады және олар қағазбен жабылып тұрады. Содан кейін оқушылар шартты мерзімде ашылған бір сөйлемді (сөйлемнің үстіне ілінген қағазды төмен түсіргенде, жазылған сөйлем көрінеді) оқи бастайды және оны есте сақтауға тырысады. Жарықтың түсірілу уақыты өте аз—барлығы 4-7 секунд.Осы уақыт өткеннен кейін мұғалім сөйлемді өшіріп тастайды және бұл сөйлемді дәптерге жазуды ұсынады. Егер бір оқушы сөйлемді есте сақтамаса, оны көршісінің дәптерінен оқуды сұрайды. Қазақ тілі сабағында бір топтамадан алты сөйлемге 5-8 минут қажет. Егер біраз оқушылар сөйлемдерді есте сақтап жаза алмаса, онда ұстаз келесі күні де топтаманы қайталайды. Келесі күні бұл жағдай қайталанса, үшінші рет қайталау қажет, төрт күн қатарымен қайталануы да мүмкін. Мәтінді барлық оқушылар өздігінен жаза алғаннан кейін, келесі топтамаға көшуге болады[8].

Орташа әр топтамаға 3 күн, 18 топтамаға 54 күн, екі ай көлеміндегі уақыткетеді. Екі ай ішінде жедел жадты дамытуға мүмкіндік бар. Бұл шартты міндетті түрде сақтау керек. Көру диктанты күнде жазылуы қажет. Егер күнара жазылса, онда мұндай жаттығу жедел жадты дамытпайды. Егер екі күн не болмаса үш күннен кейін жазылса, ол ешқандай нәтиже бермейді.

Әлбетте, жаттығу жұмыстары бір айдан кейін оқылымға үйретуде алғашқы нәтижелерін береді: балалар сөйлемнің мағынасын жылдамырақ ұғынады, ынталана оқиды.

Зайцев Всеволод Николаевичтің кітабында кез келген жағдайда шапшаң оқу дағдысын қалыптастыру ұсынымдары берілген:

1. Ұзақтығы емес, жаттығу жұмыстарының жиілігі маңызды.

Адамның есте сақтауы былай қалыптасқан: есте үнемі көз алдындағы емес, әлсін-әлсін көрінетін: біресе бар, біресе жоқ болып тұратын нәрсе есте қалады. Дәл соның өзі қоздырады және есте қалдырады. Егер біз балалардың оқу дағдысын қалыптастыруға көмектескіміз және оларды автоматты түрге жеткізгіміз келсе, онда күнде бір нақты белгіленген уақытта шағын мөлшерде (оқу ынтасын кідіртетін 1-1,5 сағаттық қажетсіз жұмыстан гөрі күніне үш рет шағын мөлшерде) жаттығулар жасау қажет.

2. Ызындап оқу.

Ызындап оқу деген не? Мұндай оқуда барлық оқушылар бір мезетте дауыстап, сыбырлап, біреуі жылдам, екіншісі ақырыңырақәрқайсысы өз оқу жылдамдығымен оқиды. Егер сабақтың бес минутын осындай оқуға жіберсек, нақты нәтижеге жетуге болады (оқылым сабақтарында).

3. Әр сабақ сайын бес минуттық оқу.

Сабақ сайын балалар кітапты ашып, бес минут ызындап оқиды.

4. *Ұйықтар алдындағы оқу.* Бұл жақсы нәтиже береді. Өйткені соңғы оқиғалар эмоционалды есте сақталып қалады, яғни адам ұйықтағанда, 8 сағат бойы сол әсерде болады.

5. *Аяулауыш тәртіптегі оқу (егер бала оқуды ұнатпаса).*

Жеткіншек бір-екі жолды оқиды және содан кейін қысқа мерзімге демалады.

6. *Көп дүркіндік оқу.*

1 минут ішінде оқушылар мәтінді сыбырлап оқиды және тоқтаған жерін белгілейді. Содан кейін мәтінді тағы оқып, тоқтаған жерін белгілеп, алдыңғы нәтижемен салыстырады. Әрине, ол екінші рет бірнеше сөзге көбірек оқиды. Оқу жылдамдығы шапшаңырақ болғандықтан, жағымды эмоция тудырады, оқушыларда оқу ынтасы пайда болады. Бірақ бір үзіндіні үш реттен артық оқытуға болмайды. Одан да тапсырманы өзгертіп, осы үзіндіде артикуляция аппаратын жаттықтыру, яғни И.Т. Федоренко мен И.Г. Пальченко жүйесінің жаттығуларын (жаңылтпашты оқығандай оқу) қолданған жөн.

7. *Оқушыларды мадақтау әдісі.*

Өзіндік өлшем жасау үшін сабақтың соңында 3-4 минут қалдыру. Бір минут ішінде дауыстап оқу, санау және күнделікке жазу (күнделікті).

Оқу – күрделі психофизиологиялық процесс. Бұл әрекетте көру, сөйлеу, тыңдау анализаторлар қатысады. Б.Г.Ананьев бұл үдерістің негізінде «күрделі механизм анализаторларының өзара әрекеті мен екі сигнал жүйесінің уақытша байланысы жатыр» деп жазған.

Оқудың алғашқы кезеңі – оқу технологиясын қалыптастыру кезеңінде әйгілі психолог Б.Д. Эльконин «графикалық модель негізінде сөздердің дыбыстық формаларын жаңғырту үдерісі» деп сипаттады. Бұл дегеніміз, бала әріпті көріп, әріпті саралап, бұл қандай әріп екенін анықтауы қажет. Егер бала екінші әріпті тану кезінде бірінші әріпті ұмытпаса, онда ол буынды анықтап айта алады. Осындай кезеңді бала ұзақ өтеді.

Оқудың күрделі үдерісінде үш негізгі кезеңді ажыратуға болады:

1. Берілген сөздердің қабылдануы. Оқи білу дегеніміз – ол, біріншіден әріптермен таңбаланған сөздерді болжай білу. Бала әріптерді көріп, оларды айта бастаса, не болмаса әріптер, әріптердің түркесуі арқылы нақты бір сөзді еске түсіре алса, оқу осы кезеңнен басталады.

Әріптерді бір нақты сөздің символы ретінде ұғыну кезінде баланың көруі ғана емес, сонымен қатар есте сақтауы, елестетуі, қиялы, ақылы да қатысады. Сөздерді оқығанда тек қана әріптерді текшелейміз, бір не болмаса бірнеше әріпті тану арқылы тұтас бір сөзді болжаймыз.

2. Оқылған сөздер арқылы мазмұнды түсіну. Әр оқылған сөз біздің санамызға әр түрлі өзгерістер әкеледі, осының нәтижесінде сөздің мағынасы түсінікті болады. Кей кезде біздің санамызда нақты, айқын образ пайда болады, кейде – сезім, ынта не болмаса логикалық процесс, үшіншіде – осыда және алдыңғы, төртіншіден, ешқандай сезім мен образ, тек қана сөздің жай қайталауы не болмаса осыған байланысты басқа сөз.

3. Оқуды бағалау. Әйгілі, үнемі емес, тек қана кітапты оқып қоймай, оның мазмұнына сыни қарау.

Қажеттілік оқудың мотивациясын туғызады. Оқуды үйреніп жатқан балада, ең бірінішіден, оқуға ынтасы пайда болады. Бұл қызығушылықты оятады. Алғашқы оқуды меңгеріп, оқушы оқудың мотивін ауыстырады: оны сөздің артында қандай мағына бар екені қызықтырады. Оқу барысында білім алушының мотиві күрделенеді, ол бір фактіні, құбылысты анықтау үшін оқиды; кейде бұдан да қиын қажеттілік туындайды, мысалы, кейіпкерді бағалау үшін әрекет мотивін түсіну; ғылыми мәтіндерде негізгі ойды анықтау және т.б.

Оқу ауызекі тілмен де байланысты. Ауызекі тілдің көмегімен мәнерлеп оқудың құралдары, сонымен қатар мәтіннің мазмұнын жеткізуге және оқушылардың арасында қарым-қатынас орнату үшін ауызекі тілі де пайдаланылады.

Балалардың мәтінді ұғынуы тәжірибелі дауыстап оқып берушінің ұғынуына жетпейді және бірқатар ерекшеліктері бар. Оған тән:

- фрагменттік, мәтінді ұғынудағы біртұтастықтың болмауы;
- абстрактілі және жалпыламалы ұғынудың төмендігі;
- өмір тәжірибесімен байланыстығы;
- баланың практикалық әрекетімен байланысы;
- айқын эмоционалды және балалық пәктік, адалдығы;
- сөйлеу формасына емес, сөйлеудің мазмұнына қызығушылықтың басым болуы;
- сөйлеу мәнерлігін толық және дұрыс түсінбеуі;
- қабылдаудың репродуктивті (елестету) деңгейінің басым болуы.

Оқуды оқу дағдысы ретінде қалыптастыру өте маңызды. Сонымен қатар балалардың тану әрекетінің ерекшелігін есепке алу да маңызды. 6-7 жасар балалардың логикалық ойлау қабілеті әлі дамымаған, бірақ ол көрнекті-әрекеттік сипатта болады, сондықтан әр түрлі заттармен практикалық әрекеттер жасауға бағытталған. Содан кейін ойлау көрнекті-образды сипатқа айналып, логикалық абстракты ойлауға ауысады. Балалардың тану әрекетінің қадамдары оқыту сипатына әсер етеді.

Әйгілі психолог Т.Г. Егоров «Балаларды оқуға үйрету психологиялық очерктері» атты еңбегінде оқуды әрекет ретінде қарастырады: әріптік таңбаларды ұғыну, таңбаланған әріптерді дыбыстау (айту) және оқығанын түсіну. Оқуды жаңа ғана үйреніп отырған балада аталған әрекеттер рет-ретімен өтеді. Бірақ оқу тәжірибесі жинақталғаннан кейін бұл компоненттер синтезделеді. Т.Г. Егоров: «Түсіну үдерісі мен оқу дағдысы арасындағы синтез икемделген сайын оқу жетіле бастайды, сондықтан оның мәнерлеп оқуы мен анық оқуы артады. Оқу машығын зерттеушілердің пайымдауынша ұғыну мен дыбыстау механизмі оқыған нәрсені түсінуге кедергі болмайды. Оқу орындалу үшін барлық үш әрекет бір мезгілде жасалынуы керек.

Әдістемелік ғылымда оқу дағдысын қалыптастырудың үш кезеңі анықталған: талдамалық, жинақтау және автоматтандыру кезеңдері.

Талдамалық кезеңде оқу үдерісінің үш кезеңі де мәнерлеп оқып берушінің әрекетінде «бөлінеді» және баладан нақты бір операцияларды жасауды талап етеді: дауысты әріпті көруді, оның қосылатын буынмен ара қатынасын белгілеу, көрген әр графикалық буынды дыбыстау, яғни асықпай

оқып, сөзді тану, мағынасын ажырату. Буындап оқубаланың оқудың алғашқы кезеңі –талдамалық кезеңде екенін көрсетеді. Әлбетте, талдамалық кезең сауаттылықты қалыптастыруға сәйкес келеді деп санайды. Бірақ әр мұғалім әр оқушының жалпы оқу қарқыны өзіндік болатынын және оқу дағдысын қалыптастыруда да ерекшеліктері болатынын білуі тиіс.

Жинақтау кезеңінде оқудың үш компоненті де синтезделеді, яғни сезіну, дыбыстау және оқығанды түсіну бір мезгілде болады. Бұл мезгілде бала сөздерді тұтас оқи бастайды. Алайда, баланың мәнерлеп оқуында интонацияның болуы осы кезеңге көшудің негізгі белгісі болып табылады. Бала мәтіннің кейбір бірліктерін түсініп қана қоймай, оқылған мәтін мазмұнының біртұтас ара қатынасын белгілейтінімаңызды. Егермәнерлеп оқып беруші жадында оқылған мәтіннің мазмұнын сақтай алса, сонда ғана интонация пайда болады. Бұл бастауыш мектепте оқудың екінші жылында пайда болады.

Автоматтандыру кезеңі оқу техникасы автоматтандырылған жағдайда сипатталады. Мәнерлеп оқып берушінің зияткерлік мүмкіндігі оқылған мәтіннің мазмұнын ажыратуға бағытталған және оның формасына: шығарманың идеясына, оның композициясына, көркем әдебиет құралына және т.б., автоматтандыру кезеңі баланың іштей оқу қызығушылығының артуымен сипатталады. Балалардың өздігінен оқылған мәтіннен алған тікелей эмоционалды реакциясы - автоматтандырылған оқудың негізгі белгісі болып саналады, балалар мұғалімдердің қосымша сұрақтарынсызоқудан алған әсерімен бөліскісі келеді және оқығанын талдауға қызығушылықтары артады.

Егер сыныпта мұғалім қнақтыланған оқу тәртібін орнатса, бала бастауыш мектеп аясында талдамалы кезеңнен автоматтандыру кезеңіне дейін жетеді. Олар:

- 1) оқудағы жаттығулар күнделікті болуы тиіс;
- 2) мәтіннің әдеби ерекшеліктерімен және балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, мәтіндерді оқуға іріктеу қажет;
- 3) қате оқуды болдырмау үшін, мұғалім жүйелі жұмыс жасау қажет;
- 4) мұғалім оқу кезінде балалар жіберген қателіктермен жұмыс жасау мақсатында жүйелі жұмыс түрлерін қолдану тиіс;
- 5) өздігінен іштей оқуды ұйымдастыру қажет, ол бірнеше кезеңнен тұрады: іштей оқу, оқудың дауыссыз артикуляциясы, «дауыссыз оқу» (іштей оқудың негізінде), өздігінен іштей оқу.

Оқуға және жазуға үйретудің алғашқы кадамдарында, әріптік-дыбыстық талдамасында, дыбыстау әрекеті өте маңызды. Оқудың алғашқы жылдары іштей оқуға көп мән бермеген жөн. Бірақ үшінші сыныптан бастап жеке, өте баяу, іштейоқуға үйретуге болады. Бұл ақпарат көру анализаторына бейімделген, сондықтан ол басқа әдістеме арқылы үйретіледі.

Сонымен, бірінші, екінші, үшінші кезеңде баланың оқу дағдысының қалыптасуы өзінің дербес қарқынында өтеді және үш-төрт жылға жалғасады. Бірінші кезеңде әріптің әр элементі қадағаланады. Кейбір балалардың ата-аналары «әріптерді біледі, бірақ оқығысы келмейді» дейді. Оқығысы келмейді,

өйткені оқи алмайды. Тек тоғыз-он жасқа қарай әрекеттерді ерікті реттеу механизмдері қалыптасады, зейін ұйымдастырылады.

Оқудың толық дағдысын меңгеру оқушылар үшін мектептің барлық пәндерінен табысты жетістіктерге жетудің маңызды шарты болып табылады; сонымен қатар, оқу – сабақтан тыс уақытта да ақпарат алудың негізгі тәсілдерінің бірі, білім алушыларға жан-жақты әсер етудің бірден бір жолы дегенқорытынды жасауға болады. Іс-әрекеттің негізгі түрі ретінде, оқу оқушылардың ақыл-ой, эстетикалық және сөйлеу дағдыларының дамуы үшін неғұрлым үлкен мүмкіндіктер жасайды. Оқу дағдысын дамытуға және жетілдіруге байланысты жұмыс жүйелі және мақсатқа бағытталған болуы тиіс. Төменгі сынып оқушыларының бойында оқудың сапалы дағдысын қалыптастыру бастауыш мектептің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Осылайша, оқу үдерісі бір-бірімен тығыз байланысты – көру және дыбыстық-есту-сөйлеу қозғалыстарды қамтитын екі жақты мағыналық және техникалық механизмнен құрастырылады. Бұл үдеріс бірыңғай болғанымен, оны құрастыратын жақтарының пайда болуы және қалыптасуы әр түрлі жүреді, бастауыштан жоғарыға дейін бірқатар сатылардан өтеді.

Оқу түрлері

Көзбен көру арқылы қабылданған ақпараттың мәнін түсіну, мағыналық байланысын ашу, ақпаратты түсіну – оқу мақсатының құралы және нәтижесі болып табылады. Мектептегі оқу немесе жаттығу оқылымы, көптеген өлшемдері бойынша жетілген оқудан айырмашылығы болғанымен, онымен көптеген ортақ көрсеткіштері де болады. Жетілген оқуда да, мектептегі оқуда да оқудың бірдей түрлері жүзеге асырылады.

Бұрынғы жылдардың әдістемелік әдебиеттерінде оқуды оқу жағдайына (сыныпта және үйде); қиындығына қарай (қиындығы бар және жоқ оқу); дайындалған және дайындалмаған оқу түрлеріне ажырату туралы шешім қабылданған болатын. Аталған оқу түрлерін ажырату оқу коммуникативтік іс-әрекет түрі ретінде қарастырылмаған кезеңде болды, бұл кезеңде тілдік материалды қабылдау алдыңғы қатарға қойылды, ал оқығанын түсіну келесі орында болды. Бұдан кейін оқу материалдың мағынасына ену құралы ретінде қарастырылатын болды. Бұл кезеңде оқу түрлерін ажырату барысында графикалық мәтінді түсіну үдерісін психологиялық зерттеу басты орында болды. Осылайша психологтар, тілді еркін меңгеру және оқу барысында мәтіннің мағынасын түсіну жүзеге асырылатыны көрсетті. Егер қиындықтар туындайтын болса, онда оқушы талдауға (сөйлемдерді, сөздерді, формаларды) кіріседі.

Әдістеменің дамуының заманауи кезеңінде білім берудің кез келген моделін құрастырудың негізіне оқытудың іс-әрекеттік тәсілі қабылданады, оқу түрлерінің типтерін оқушы іс-әрекетінің сипатына байланысты құрастыру қабылданған. Оқушы іс-әрекетінің сипаты оқу мақсаты мен күтілетін нәтижеге байланысты өзгереді. Осылайша оқу түрлерін оқытудың нысандары ретінде анықтау барысында оқушының шешуі тиіс коммуникативтік міндеттеріне сүйену қажет, себебі олар оқу түрлерінің негізгі критерийлері болып табылады.

Сондықтан оқу әрекеті нәтижесінің сапалық сипаттамасының (түсіну толықтығы, нақтылық дәрежесі мен тереңдігі) оқу мақсатына тікелей байланысты болатынын түсіну өте маңызды.

Сонымен, оқу түрлерін іріктеу барысында арақатынас орнатудың үш факторын: оқудың мақсатын, оның әрекеттік сипатын анықтаудағы орнын және түсіну толықтығы, нақтылық дәрежесі мен тереңдігі мақсатқа байланысты болатынын бөліп көрсету қажет.

Оқу барысындағы коммуникативтік мақсатқа және алынған ақпаратты пайдалану сипатына байланыста оқудың келесі: *таныстырма, зерттеушілік, қарап шығушылық және іздеушілік* түрлерін ажыратуға болады [11]. Олардың әрқайсысы үшін өзіндік мақсаттар және мәтінді түсіну деңгейіне сәйкес сипаттар тән.

Ересек адам және оқушы тұрғысынан оқудың екі түрін қарастырып көрейік.

Таныстырма оқуы деп ақпаратпен таныстыру, мәтіннің мазмұны және мағынасы туралы жалпы түсінік қалыптастыру, неғұрлым маңызды ақпаратты анықтау мақсатында оқылатын оқуды айтады. Ересек оқушы үшін – бұл мәтіннің ақпаратын бұдан әрі қолдануды алдын ала болжамай оқуды қарастыратын оқу түрі. Ақпарат мәлімдеме түрінде қабылданады. Егер оқушы оны есіне сақтаса, бұл еріксіз қабылдау болып табылады. Мысалы, әдеби шығармаларды өзі үшін, демалу үшін оқиды. Оқудың бұл түрі көптеген жағдайда арнайы әдебиетпен жұмыс істеу барысында пайдаланылады. Нақты кітап немесе мақала оны қызықтыратын салаға немесе проблемаға қатысты болса, дауыстап оқитын бала оның мазмұнымен танысады. Оқушы оқуды көңіл көтеру үшін қолдануға қарағанда, оны қызықтыратын мәселе бойынша не айтылғанын білуге тырысады, алайда мәселе бойынша толық және нақты ақпарат алуды көздемейді. Аталған жағдайдағы оқу: «жаңа» – «таныс», «қызық» – «қызық емес», «түсінікті» – «түсініксіз» деген арнайы бағалармен бағаланады. Оқушы оқығанын толық және нақты түсінбейді, себебі оған бұл қажет емес, бағалаудың бұндай түрін бөліп көрсету үшін жалпы мазмұнын, дәлелдемелерді түсіну жеткілікті. Мәтіннің мазмұнына ену дәрежесіне қарай таныстырма оқуы *негізгі мағынаны түсініп оқуы* болып табылады. Мәтінді түсіну дәрежесі тәжірибелі оқушының өзінде де көптеген факторларға байланысты болады, мысалы: мәтін мазмұнының тілдік аспектісінің қиындығына, оқу кезіндегі дауыстап оқушының жағдайына, оның нақты пән саласындағы білгірлігіне, көңіл аудару факторларына. Мектептегі оқытуда, тіпті оқудың аяқталу сәтінде де оқудың бұл түрінде тәжірибелі оқушымен елеулі айырмашылығы болады.

Оқу басталардың алдында мақсат қойылады: мәтіннің бөлшектерін назарға алмай, оқып шығу және негізгі мазмұнды түсіну.

Нақты идеяны түсінуге кедергі жасамайтын бейтаныс сөздерді «айналып өту» нұсқаулығына қарамастан, мектептегі оқубаяу қарқынмен жүреді, бұл жағдайда керісінше тәжірибелі оқушы таныс емес бірліктерге кездескен жағдайда оның мағынасын түсіну үшін қайта оқып, оның мағынасын түсінуге тырысы ойланады. Сондықтан білім алушыларды оқу стратегияларына

бағыттаудан басқа, таныстыру оқылымына қатысты мәтіннің кейбір күрделі – лексикалық, әлеуметтік-мәдени, тағы басқа бөлімдерін алып тастау қарастырылады. Оқытудың таныстырма оқудың келесі ерекшелігі: жетілген оқуға қарағанда мектептегі оқу мәтінді оқып шығумен ғана шектелмейді. Бұдан кейінгі жұмыс түсінуді бақылаумен байланысты болады. Мәтіннің маңызды ақпаратын түсіну дәрежесін анықтауға бағытталған сөйлесім жаттығулары, бақылау жаттығулары ретінде жүреді. Білім алушылардың бойында ақпаратқа деген тұлғалық көзқарасты қалыптастыру, коммуникативтік жаттығулардағы мәтіннің мазмұнындағы маңызды сәттерді талқылау, таныстыру оқылымын аяқтау жұмысының маңызды кезеңі болып табылады.

Оқудың келесі түрі – зерттеушілік оқу – мәтіннің барлық ақпаратын дұрыс түсінуді қарастырады. Сондықтан да оны *оқылатынды толық түсініп оқуы* деп те атайды. Мәтінді оқитын адам нақты және толық ақпарат алуды көздейтіндіктен, өзінің алдына мақсат қояды. Егер бұл ақпарат қызықты немесе адамның кәсіби қызметінде байланысты маңыздылыққа ие болатын болса, ол негізінен танымдық мақсатта қолданылуы мүмкін. Мәтіннің мазмұнындағының бәрі түсінікті болғанда, бұндай оқуүдерісі барысында оны сыни тұрғыдан түсіну, талдау және оқушы адамның бұл саладан меңгерген мағлұматтары мен білімін саналы салыстыруы жүзеге асырылады [12]. Сонымен қатар, нақты ақпаратты меңгеруі тиіс екендігін түсінетіноқушы, оны есінде сақтау туралы өзіне саналы түрде немесе түсінбестен нұсқау береді, ал ол ақпаратты вербальды код түрінде қабылдағандықтан, ол сөздік айтылым түрінде де есте сақталады.

Зерттеушілік оқу мәтіннің жекелеген бөлімдерін қайталап оқумен, кідірулермен, ойлаумен, мәтінді толық қайта айтумен, ал кей жағдайда оқылғанның негізіндегі пікірталаспен қоса жүреді. Негізінен оқып отырған адамның кәсіби қызметі үшін маңызды ақпарат, ой-өрісін кеңейтуге, өзінің танымдық қызығушылығын арттыруға арналған мәтін егжей-тегжейлі оқылады. Зерттеушілік оқу баяу ырғақпен, тілдік барлық фактілерге назар аударуды көңіл аударумен, мәтіннің ақпаратын болашақта пайдалануды мақсат етумен сипатталады.

Мектептегі зерттеушілік оқу жақсы дайындалған оқушының арнайы таңдалып алынған оқудан ерекшеленеді. Зерттеушілік оқу үшін материалды таңдаудың қажеттілігі, біріншіден, білім алушылардың білімділік деңгейімен (сөздік қор және грамматика көлемінің шектеулілігімен) шартталады. Екіншіден, зерттеушілік оқуға арналған мәтіндер, тек оқуға үйрету үшін ғана емес, сонымен бірге қатар жүретін міндеттерді шешу үшін де іріктеліп алынады, мысалы: лексикалық және грамматикалық жаңа материалды меңгеру үшін, мәтін ақпараты негізінде сөйлесім әрекетінің басқа түрлерін дамыту үшін және тағы басқалар.

Оқу тәжірибесінде *іздеушілік оқу және қарап шығушылық оқу* түрлері де бөліп көрсетіледі. Көпшілік жағдайда оларды теңестіргенмен, бұл екі түрдің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

Іздеушілік оқу – қажетті ақпаратты іздеу мақсатындағы оқу, ал оның нәтижесі – оқылатын мәтіннің мазмұнынан *таңдалып, іріктеліп* алынған

ақпаратты түсіну дегенді білдіреді. Аталған оқу түрінің көзі ретінде функционалды мәтіндерді айтуға болады (хабарландыру, жарнама, нұсқаулық, бір жерге шақыру, анықтамалық ереже және тағы басқалар). Жетілген, тәжірибесі бар оқушы мәтіндерінің түрінде өзі оқитын тілге, мәдени қоғамдастығына тән егжей-тегжейлі ақпарат болады, нақты күтілетін ақпарат алуға арналған механизм іске қосылады, мысалы: темір жол билетінде – поездың нөмері, жүретін уақыты; теледидар бағдарламасында – көркем фильмнің басталу уақыты, атауы және с.с.

Жетілген оқуға қарағанда мұғалім мектеп жағдайында ақпаратты іздеу туралы нақты коммуникативтік мақсат қояды. Мектептегі оқуда мәтіннің ақпаратын бұдан әрі қолдану мәселесінде де бірқатар ерекшеліктер байқалады. Функционалды мәтін материалы негізіндегі іздеушілік оқу басқа әрекет түрлерінде сөйлесім дағдыларын дамытуға арналған дайындық кезеңі болып табылады. Алынған ақпаратты мәтіннің сәйкес сөйлеу немесе жазу үшін (мысалы, визитка) ретінде қолдануға болады. Мектептегі оқытуда түпнұсқаға сәйкес функционалды мәтіндерде лексикамен және грамматикамен жұмыс істеу пайдалы.

Іздеушілік оқуға үйрету функционалды мәтіндерді пайдаланумен шектеліп қоймайды. Басқа жанрдағы – түсіндірме, ғылыми-көпшілік, публицистік мәтіндерді қолдануға да болады. Сонымен бірге, іздеушілік оқу оқылатын мәтіннің мазмұнын толық түсінуге бағытталған жаттығулар жүйесінің компоненті ретінде де қосылады. Білім алушының алдына мәтіннен қажетті ақпаратты (уақытты, жалқы есімді, тақырыптық лексиканы және басқаларды) табу мақсаты қойылады. Іздеушілік оқу үдерісінде білім алушы мәтіннің құрылымы мен мазмұнында бағыт таба алады, сөздікті қолданбастан берілген ақпараттың бөлігін түсінеді. Осылайша мәтіндік ақпаратты толық түсіну ең жылдам және тиімді – өз бетінше – тәсілі арқылы жүзеге асады.

Іздеушілік оқудың қарап шығушылық оқудан айырмашылығын көрсетейік. Оқудың бұл түрлерінің механизмінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Айырмашылықтар негізінен іздеу нысанына байланысты. Қарап шығушылық оқуы барысында мәтінді оқитын адамның алдында үш басым мақсат: сөйлеу нысанын (тақырыбын); кітапта, мақалада, газетте ұсынылған мәселелерді, тақырып қандай да бір қызығушылықты қамтитынын анықтау тұрады. Іздеушілік оқудан айырмашылығы, мәтінді оқитын адам оқып бастағанда, ақпараттың оған пайдалы болатынын/болмайтынын білмейді. Ең алдымен, ол мәтін ақпаратының қай салаға жататынын анықтайды және оған «қажет» – «қажет емес», «қызықты» – «қызық емес», «түсінікті» – «түсініксіз» деген баға береді. Егер оқушы мәтінде ешқандай бағалы ақпарат жоқ деген шешімге келсе, онда ол мәтінді оқуын тоқтатады. Оқудың бұл түрі мәтінге көз жүгіртіп шығу және қаралған мәтінді іріктеп түсінумен байланысты. Оқудың бұл түрінде оқушы сөздікті қолданбайды. Жетілген оқырманға мәтіннің білімнің қай саласына жататынын анықтау үшін мәтіннің атауын және тақырыпшасын оқу немесе мәтінге толық, шапшаң көз жүгіртіп шығу жеткілікті.

Оқудың аталған түрін жүзеге асыру үшін мектеп жағдайында бірқатар шектеулер мен ескертулер қарастырылады. Қарап шығушылық оқу мазмұн туралы болжамдар қалыптастыру мақсатында, жаңа мәтінді алғаш ұсынған сәтте бірден қолданылады. Яғни, қарап шығушылық оқу мәтінді оқып шығуға бағыттайтын фактор ретінде қолданылады. Сынып жағдайында оқудың бұл түрін жүзе асыру жоғарыда айтылған мақсатпен шектеледі. Керісінше, қарап шығушылық оқу оқытудың жоғары сатысында білім алушылардың өздік жұмыстары, жобалар, шығармалар және басқа да шығармашылықтар жұмыстарды орындау барысында жиі пайдаланылады. Қарап шығушылық оқу кәсіби білімге назар аударуының артуына байланысты ерекше өзекті бола бастайды. Кәсіби білім беру негізінен білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуін қарастырады. Білім алушы өзінің таңдаған бейініне сәйкес (тіл және әдебиет, тарих, жаратылыстану ғылымдары, математика және т.б.) ақпарат көздерін өзбетінше іздей алуы, яғни қарап шығушылық оқуды қолдануы тиіс.

Көз жүгіртіп оқуды табысты жүзеге асыру үшін оқушы ізденісті оқуға үйренген кезде меңгерген тәсілдерін де пайдаланады. Оқушы оны қызықтыратын мәселелер бойынша деректер кездестіруі мүмкін болатын басқа да баспа көздерінен мақалалар тақырыптарын қарастырады. Ол мақалаға, кітаптың кіріспесіне, мазмұнына көз жүгіртіп өтіп, оны оқу қажет пе екенін анықтайды. Ақпараттық ресурстармен, кітаппен өздігінен жұмыс істеу қаблеті – мектеп бітірушінің ең маңызды біліктіліктерінің бірі.

Мектепте оқуға үйрету үшін мазмұнды таңдап алу принципі, оның барлық түрлерін кірістіру болуы тиіс [13]. Оқи білуді дамытудың жоғары деңгейіне жетудің негізгі белгісі, оқушының оқу мақсатына, нақты жағдайға байланысты іс-әрекет сипатын өзгерте білуі болып табылады. Оқырман өзінің алдына қойған нақты мақсатын ескере отырып, оқудың бір түрінен екіншісіне ауыса білуі керек.

Мектепте оқытудағы оқудың түрлерін қарастыруды қорытындылай келе, оқудың әрбір түрі дамытудың сапалық та, сандық та параметрлерімен сипатталатынын атап өтеміз. Сандық көрсеткіштерге, лексикалық бірліктер мен грамматикалық құбылыстардың мәнін және оларды мағнасын түсіну деңгейге аудару жылдамдығымен қамтамасыз етілетін оқу жылдамдығы жатады. Оқудың жоғары жылдамдығы қабылдау үдерісі мен түсінгенін өңдеу үдерістерінің тұтастығын куәландырады. Оқу түрлерінің әрқайсысына өзіндік орташа жылдамдық және ақпаратты қамту пайызы тән. Осылайша таныстырма оқу үшін ақпараттың 70 %-ын түсіну жағдайында бір минутта 140-150 сөз оқу тән.

Зерттеушілік оқуы үшін оқылатын мәтіннің мазмұнын 100 %-ын түсіну барысында минутына 50-60 сөз оқу жылдамдығы жеткілікті. Сонымен, іздеушілік/қарап шығушылық оқуы үшін жылдамдық бір бетті 1 – 1,5 минутта оқу, ақпараттың 40-50 %-ын түсіну жақсы болып саналады. Алайда, заманауи әдістеме оқудың жетістігін бағалау критерийлерін таңдау барысында: мәтінді түсінудің толықтығы, нақтылығы және тереңдігінің сапалық көрсеткіштеріне қарағанда, сандық көрсеткіштерге сүйенетінін айта кеткен жөн.

2. Бастауыш мектепте оқу тіліндегі оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар

Сіз қандай пәнді бастауыш мектеп курсындағы басты пән деп атайтын едіңіз? Біздің ойымызша, бәрі бір ауыздан: «Олардың бәрі басты пән!» деп айтатын еді. Шынымен де дұрыс.

Математика қоршаған ортаны сандық тұрғыдан ойлауға үйретеді; қазақ тілінің міндеті балаға кез келген жазбаша ақпаратты ана тілінде орфографиялық және тілдік мәдениеттер тұрғысынан сауатты қолдануға үйрету; жаратылыстану сабағында балалар өздерін үлкен және алуан түрлі табиғат әлемінің бір бөлшегі ретінде сезінуі, оны жақсы көруі және құрметтеуі қажет, ал бастауыш мектепте жүгіртіп оқуға үйренбеген оқушының орта мектепте үлкен жетістікке жетуі екіталай. Сонымен, барлық пәндер қажетті, барлық пәндер маңызды!

Бірақ оқу адамның мәдени өмірінде маңызды орын алады. Заманауи оқырман теледидар, радио және кино үстемдігі жағдайында кітап оқуға қабілетті адамның ішкі жан дүниесін байытатын, қоршаған орта мен өмір туралы білім беретін, ойлау дербестігін дамытып, оқырманға көркемдік ләззат сыйлайтын кітап оқуға деген қызығушылығын жоғалтқан жоқ.

Мектепте ғана емес, үйде, отбасында да біз балаларды кітапты сүйуге үйретеміз. Бәлкім, балаларын тез және мәнерлеп оқуға, олардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға, кітаптың адам өмірінде атқаратын рөлінің зор екенін үйретпейтін ата-аналар жоқ шығар.

Жақсы кітап – тәрбиеші, мұғалім, әрі дос бола алады. В. А. Сухомлинскийдің математиканы меңгермей өмір сүруге және бақытты болуға болады. Бірақ оқи алмасаң, бақытты болу мүмкін емес. Оқу өнеріне қол жеткізе алмаған адам рухани сауатсыз, тәрбиесіз адам [14] деген сөзі еске түседі. «Оқи білу» сөзінің мәні кең көлемі ұғымдарды қамтиды:

- буыннан сөз құрай білуден, мәтінді оқи білуге дейін ғана емес, сонымен қатар, кейіпкердің әр ісіне эмоционалды пікір білдіріп, ол үшін уайымдай білуі. В. А. Сухомлинский: «Оқи білу – бұл сөздің нәзіктігін, сұлулығын сезіне білуді білдіреді» деп атап көрсеткен.

Бірақ, математика және қазақ тілі бойынша оқушылардың білімі мен білігін бақылау ретінде үнемі өзіндік және бақылау жұмыстары өткізіледі, оқушылар диктанттар, мазмұндама, шығарма жазады. Ал оқу бір тоқсанда бір рет іске асырылатын оқу техникасын тексерумен ғана шектеледі. Бұл өлшемшарт сөзсіз оқу дағдысын қалыптастырудың басты көрсеткіші болып табылады, бірақ бізге осымен ғана шектелуге бола ма?

Әдебиеттік оқу сабағын оқушылар өздері сабақ мақсатын айқын сезіне алатындай етіп құруға болмай ма: олар тексеру жұмысы барысында көрсете алатын белгілі білім қорын меңгеру (өзінің сөйлеу әркетін дамыту, кітаптар әлеміне бағдарлана білу және т.б.). Ондай жағдайда мынадай сұрақ туындайды: бастауыш мектеп үшін әдебиеттік оқудағы білім деп нені атауға болады?

Оқу дағдысын қалыптастыру, мәтінді қабылдау мен түсінуге үйрету мәселесі, сонымен қатар, мектептік оқудағы бірден-бір ең өткір және тұрақты проблемалар және оны табысты шешу көп жағдайда оқуға

машықтанған оқушының алғашқы қадамына байланысты болатын - төселіп оқуды қалыптастыру болып табылады.

Өзгеріп отырған әлеуметтік жағдайлар ақпаратты қабылдау көлемі мен тәсілдеріне қойылатын өзге де сандық және сапалық талаптарды көрсетеді. Нашар оқитын оқушы, мектептің орта одан жоғары буынына өткенде ақпараттар ағынына тап болады.

Жүгіртіп оқу өзі келеді деп «тәуекелге» үміт артады.

Кіші мектеп жасындағыларға сол қолайлы жаста тиімді оқу жылдамдығына қол жеткізуге, оқу техникасын арттыруға мүмкіндік болады.

Оқушыларды қалай тез, ұтымды, тиімді және саналы түрде оқуға үйретуге болады деген сұрақ әр мұғалімді қызықтырады.

Тәжірибе көрсеткендей, әдетте көп оқитын оқушылар тез оқиды. Оқу барысында тез есте сақтау мен зейін тұрақтылығы қалыптасады. Өз кезегінде ақыл-ой қабілеттілігі осы екі көрсеткішке байланысты.

Ұзақ уақыт дауыстап оқу мүмкін емес, себебі дауыстап оқу арқылы ақпарат алу тиімсіз.

«Іштен оқу» барысында оқу жылдамдығы біршама артады. Сондықтан ғалымдар мен практиктердің көпшілік оқушыларға минутына 120 сөз оқу жылдамдығы қолжетімді деген пікірлері сәйкес келеді.

Оқушыны қалай саналы және дұрыс оқуға үйретуге, әр түрлі мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, оқығанын түсіну деңгейін анықтауға болады?

Жалпы оқушыларды мәтіннің мағынасын, арифметикалық есептердің шарттарын, грамматикалық ережелер мен тапсырмаларды бірреттік оқылымда түсінуге және есте сақтауға, оқу мәтіндегі ғылыми-танымдық мақаладағы бастысын табуға қалай үйрету қажет?

Оқу сабағын және оқу үдерісін оқушылар үшін қалай қызықты түрде өткізуге болады?

Мүмкін, әр мұғалім осы мәселелер туралы ойланады және әрқайсысы оқу дағдысын жетілдіру мәселесін өзінше шешуге тырысады, оқу сабақтарының әр оқушының санасында айтарлықтай із қалдыруына ұмтылады, оқушыларды олардың идеялық-адамгершілік, ақыл-ой, эмоционалдық, эстетикалық және сөйлеу дағдысын дамуда алға ұмтылуға, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға ынтасын, қызығушылығын дамыту, оларға өмірде және әрі қарайғы оқуы үшін пайдалы білігі мен дағдыларын дарытуға бағытталды.

Соңғы уақытта, көпшілік оқушылардың лажсыздан және аз оқитыны байқалуда.

Оқу олар үшін қызықсыз сабаққа айналуға. Оның бірқатар себебі бар:

- оқуға қызығушылықтың жалпы төмендеуі;
- оқумен қатар мол ақпарат көздерінің болуы;
- оқуға бөлінетін уақыт санының азайуы.

Бірақ осындай құбылыстың басты себебі оқуға үйретудің жетілдірілмегендігі, оқушының оқу әрекетін мақсатты түрде қалыптастыру жүйесінің жоқтығы болып табылады.

Әр түрлі мәліметтер бойынша бастауыш мектепте оқушылардың 5% аспайтын бөлігі жақсы оқи алады, нервтік-психикалық денсаулық бұзылысы бар және оқу дағдысын меңгеруге қабілетсіз оқушылар саны артуда.

«Ең жақсы әдіс, ол сіз меңгерген әдіс, - деп жазды Л.Н. Толстой, бірақ өзінің жасы мен педагогикалық қызмет өтіліне қарамастан оқу техникасын жетілдіру әдісін әр мұғалім меңгеруі қажет».

Оқу техникасын жетілдіру әдісікөптеген ғалымдар идеясына енген әдебиеттік оқуға үйретудің заманауи педагогикалық технологияларын қолданумен түсіндіріледі.

Солардың бірнешеуін қарастырамыз.

Тиімді оқуға үйрету технологиясы (В. Н. Зайцев);

Тиімді оқу не үшін қажет?

Мәселені бірнеше аспектіде қарастырамыз.

Оқыту аспектісі

Егер, мысалы, 9 – сынып оқушысы минутына 40 сөз оқиды (мектепте осындай оқушылар да болады). Үйге берілген мәтіндерді бір рет оқу үшін оған үш сағат керек. Бірақ оқу техникасының осындай төмендігінен ол бір оқығаннан оқулықта не жазылғанын түсінбейді. Оған кем дегенде үш рет оқу керек, ал бұл 9 сағат уақытты қамтиды.

Егер оған жазбаша тапсырмаға кеткен уақытты және мектепте болған 6 сағатты қоссақ, онда оған үй тапсырмасын орындауға 1 тәулік 24 сағат жетпейді.[15].

Даму аспектісі

Көп оқитын оқушылар тез оқиды. Оқу үдерісінде белсенді есте сақтау мен жады тұрақтылығы жетілдіріледі.

Ақыл-ой жұмысқа қабілеттілік осы көрсеткіштерге байланысты. Жақсы оқу техникасынсыз жоғары білімділік мүмкін болмайды.

Идеялық-саяси аспект

Егер 40 мың сөзді (бұл – 6 беттік газет көлемі) минутына 80 сөзге бөлсек, колледжге баратын 9-сынып оқушыларының көпшілігі осындай жылдамдықпен оқиды, онда 500 минут, немесе 8 сағаттық жұмыс күні шығады. Егер минутына 40 сөз оқитын оқушыны еске алсақ, онда оған газетті оқу үшін 2 жұмыс күні қажет болады. Осындай жағдайда ешқандай да жаппай идеялық-саяси тәрбие туралы сөз болмайды.

Оңтайлы оқуға үйретудің біршама тиімді резервтері.

1.Кача кестесі.

2.Кроссвордтаржәне тесттер. Оқушыларғаөз бетімен оқу үшін бір немесе екі айға (көлеміне байланысты)үлкен шығармаұсынылады. Тапсырылған шығарманы оқу мерзімі аяқталғаннан кейін мұғалім сыныптан тыс оқу сабағында оқушыларға кроссвордтарға 15 минут уақыт береді және сұраққа жауап алады.

Кроссвордпен жұмыс үшін оқушыларға мынадай бағалар: «5»– егер оқушы барлық сұрақтарға жауап берсе немесе 2-3 дәлсіздіктер жібергенде; «4»– егер оқушы үш рет кітапты пайдаланса және 2-3 дәлсіздіктер жібергенде; «3»– егер үйде ата-аналарымен жұмыс істеген жағдайда қойылады.

Бұл бізге не береді?

Оқушылар шығарманы біршама зер салып оқи бастайды, олардың логикалық ойлауы дамиды, көлемді шығармаларға деген қызығушылығы пайда болады, оқу техникасы артады.

Оқушыларды тиімді оқуға үйрету мәселесі бойынша бірнеше жыл жұмыс істейтін мұғалімдер осындай жұмыстың оңтайлылығына сенеді.

Көпшілік оқушылар 3 - сыныптың соңында минутына 70-80 сөз, ал 4-сыныптың соңында – 100-120 сөз оқиды.

Оқуға үйрету технологиясы сөзді көру моделі мен дауыстық бағдарға сүйенеді (А. М. Кушнир);

Алфавит материалын меңгеру

Айсбергтің биігіне тоғысқан дәстүрлі әдіс белсенді жазбаша дыбыс белгісін бірінші қолданады: әріп – ақыл-ой әрекеті ретінде дыбыспен сәйкестендіру (бастапқы кезеңде еркін) – ақыл-ой әрекеті ретінде дыбысты артикуляциялық моделмен сәйкестендіру (ана тілі үшін еркісіз) – дыбысты шығару (еркін сөздік әрекет ретінде).

Кушнира нұсқасында мұғалім, графикалық кескінді көрсете отырып, сонымен оқушыда еріксіз сөздік актіні қоздыра отырып, өзі дыбыстайды.

Графикалық белгі және оның артикуляциялық-фонетикалық баламасы арасындағы байланысқа қарай еріксізге айналады, түсіну қағидаттарын дыбыстау қалыптасады.

Бұл кезең әдетте 10 күндей уақытты алады, сондықтан, барлық әріптік материал оқушыларға бірден беріледі. (Кубиктер, карточкалар, магнитті әліппелер, кубиктермен және әріптермен ойындар, әріпті тану, заттардың атауындағы дыбысты табу, әріптерден сөз құрау, ескі газет және журналдардан әріптерді қию және олармен аппликациялар жасау, ермексаздан сөздер жабыстыру, «басу» және басқа да жұмыс түрлері).

Алғашқы он – он бес күнде барлық сабақтар – көркем еңбек, дене шынықтыру, экскурсиялар – дыбыстық-әріптік материалдарға құрылуы қажет. Дыбыстар және әріптер бойынша жинақталған амалдар сөздік суреттер құпия болудан қалғанға дейін жетуі қажет.

Жазылған сөзді анықтау және түсіну қабілеті үлкендер мен балалардың бірлескен әрекеті нәтижесінде пайда болады [16].

Бастапқы кезеңде төрт-алты адамнан тұратын топтық тапсырмаларды қолдануға болады, біршама дайындалған балалар барлық топтың жетістігін қамтамасыз етеді және сонымен қатар, өзара оқыту механизмі іске қосылады. Топтық жұмыс түрінің ерекше маңызды жетістігі оқушының мүмкін болатын жеке сәтсіздігін болдырмайды. Уақытша оқу тобындағы сәтсіздік басқаның сәтсіздігі ретінде қабылданады, ал топ жетістігі жеке жетістік ретінде қабылданады. Бірақ, әрі қарай мектепте болатын жеке аспектілер күшейе түседі.

Бірқатар жағдайда, көпшілік балалар мектепке оқудың минималды дағдыларын меңгеріп келгенде бастапқы кезең артық болуы мүмкін.

Қандай жағдайда да ұсынылған регламентті өтудің дәстүрлі тәжірибесі жай ғана зиян және балаларға түзетуге келмейтіндей залалын тигізеді. Егер

сыныптың үштен екі бөлігі жеке сөздерді оқи алатын жағдайда, алфавит материалын бір екі сабақпен ғана шектеген жөн.

Алғашқы оқу

Үлгі бойынша сөзді практикалық құрылымдау дыбыстың және әріптің көмегімен белгіленген сөздің сәйкестік заңын ашады. Сөздік бейне қарапайым принциптерін түсіну белгісі үлгісіз сөзді дұрыс «жинау» қабілеттілігі болады. Енді дереу көркем сөз, баяндау сөз, хабарлы сөздерге көшу қажет.

Бастапқыда ықшамды және ашық, оқушыға жақсы түсінікті көркем мәтіндер қолданылады. Балалар поэзиясы – осы кезең үшін ең жақсы материал. Көпшілік мәтіндерді балалар жатқа біледі. Бұдан әрі сабақта жаңа, таныс емес материалдар қолданылады. Бірақ қазір, баланың мектепте болған алғашқы айның өзінде ғана сабақта өздеріне таныс кейіпкерлердің болуы оқушыларды қызықтырады және қуантады. Жаңа, қабылданатын, қалаулы бірақ әлі де жат мектеп өмірі мен отбасылық – қауіпсіздік және жайлылық арасында өзінше бір эмоционалды көпір пайда болады. Бейімделушілік белсенділік әлі де танымдықтан биік тұрады, сондықтан алғашқы тоқсан бойы таныс әдебиеттерді қолданудың мәні бар.

Бала үстелінде оқу кітабы болады. Тақтада немесе экранда да сол кітаптағы мәтін. Ең дұрысы осы кітап бетін экранда бейнелейтін проекторды пайдалану болып табылады. Мұғалім қолының қимылымен немесе сілтеу таяқша көмегімен жол бойынша көрсете отырып мәтінді оқиды, сонымен қатар балаларды орқылған жолды көздерімен немесе саусақтарымен байқап отыруға баулиды. Балалар әдісті меңгеруі үшін осы сызба бойынша бір-екі сабақ жеткілікті. Проектор болмаған жағдайда плакаттарды қолдануға болады.

Сабақты көптеген жаттығулармен және әрекет түрлерін ауыстырумен түрлендіру керек емес. Осындай нұсқау сабақтың мазмұнсыздығына байланысты қалыптасқан – балалар жылдар бойы сол және басқа да дағдаларды меңгерген, жылдар бойы шала дағдыларды қолданған. Қызығушылық сабаққа емес, жұмыс пәні – мәтінге қажет. Қызықты мәтін қажет!

Балалар сілтеуіш таяқшамен

Келесі бірнеше сабақта балалар кезекпен экранға (немесе мәтіні бар плакатқа) жақындайды және қай жерін оқу керектігін мұғалімге көрсете отырып, сілтеуіш таяқшамен жол бойынша қозғалады.

Мұғалім мәтінді сілтеуіш таяқша жылжыған бағыт қарқынымен, жолға көзін тұрақтандыру үшін бағытпен қарқынды түрде дауыстап оқиды.

Бірнеше сабақтан соң мұғалімнің оқуы көшбасшылық деңгейге ауысады, баланы әр жол бойынша оны қуып жетіп отыруға жетелейді. Балаларда өз әрекеттеріне сенімділіктің пайда болуына қарай бұл кезең дайындықпен өтуі керек.

Бірте-бірте балалар кітаппен жүргізіп отыруға қалыптасады. Бұл кезеңнің басым көпшілігінде қысқа жолды өлең түріндегі мәтіндер алынады, сондықтан балаларда кітапқа ауысу аса қиындық туғызбайды. Балалардың көпшілігі кітапқа көшкеннен кейін, дауыстап оқудың орнына аудио жазбаларды қолдануға болады. Мұндағы жылдамдық жобамен минутына 40 пен 50 сөз аралығында. Мәтінді оқу барысында сөздерді созуға немесе оларды әндетіп

айтуға, орфограммалық дауыспен бөлуге, немесе одан да нашары, буындап оқуға болмайды. Жазба кәдімгі түсінікті мәнерлеп оқу түрінде болуы қажет, үзілістердің ұзартылуы мүмкін.

Жылдамдықты арттыру. Баяу дыбыстан оқу

Келесі кезеңде балалардың мүмкіндіктерінің артуы, көлемді, оқиға желісі жетілген шығармаларды қолдануға мүмкіндік береді. Күнделікті минутына бір сөзге арттыру арқылы дыбыстық бағдар қарқын алады, бұл алға жылжу тенденциясын қалыптастырады.

Бұл жерде алдыңғы сыртқыдан ішкіге ауысу байқалады: айтылумен қатар мұғалімнің бір мезгілде мәтін бойынша меңзеп отыруы – сұқ саусақпен жолды жүргізіп отыру – өз бетінше көзбен жүргізіп оқу – «орталық» көруін жолдан ажырату және үдерісті ерікті деңгейге дейін автоматтандыру. Мәтіннің айтылу жылдамдығы күнделікті минутына бір сөзге артып отырады және бұл кезеңнің аяғында минутына 50-ден 70 сөзге дейін құрайды.

Енді балаға диктормен қосылып, сыбырлап оқуды ұсынамыз. Бірақ абай болу қажет! Мұндай тапсырманы дәйекті түрде жекелеген балаларға ұсынуға болады, ерікті – кітаптағы мәтінді қиындықсыз жүргізіп оқи алатын. Мұғалім осы жаттығуды орындауға дайын әрбір білім алушының қасына кезегімен барады, оларды бір-екі минуттың көлемінде тыңдайды. Мысалы, мұғалім баланың қасына жақындап, қолын иығына қояды, бұл дикторға қосылып дауысын шығарып оқуға болатынын білдіреді. Неғұрлым баяу болса, жақсырақ болады – оқып отырып басқаларға кедергі келтірмейді.

Басында бала диктормен бірге тек жекелеген сөздерді ғана қосылып айта алады. Сөзді диктормен бірге айту үшін, графикалық және айтылып жатқан мәтінді теңдестіріп қана қоймай, сонымен бірге, диктор айтқанға дейін, өз бетінше сөздің артикуляциялық моделін қалыптастыра алуы керек, бұл жағдай, айтылып жатқан мәтіннен көзбен жүргізіп оқу озып отырғанда ғана мүмкін болады. Басқаша айтқанда қарапайым формадағы өз бетінше оқу пайда болады – графикалық бейненің негізінде сөздің артикуляциялық моделін қайта қалпына келтіру.

Бұл тәсілді қолдану өте нақты және шектеулі функцияны жүзеге асырады – хабарламаның артикуляциялық формасын қалпына келтіру қабілетін көрсетеді және соған ынталандырады. Бала өзінің қабілеттілігін көрсеткеннен кейін, жұмыстың бұл түрі тез арада тоқтатылады.

Жұмыстың бұл түрі мен бұл кезеңдерінің мерзімі, әрбір бала үшін жеке, әрі қатаң сақталады, жаттықтыру түрінде болмауы қажет. Бұл қатаң талап. Бұл жаттығумен әуестену артикуляциялық автоматизмнің бекуіне алып келеді, оқуды дамытуды ақпараттық үдеріс ретінде қабылдауға барынша кедергі келтіреді.

Мына нәрсеге назар аудару қажет, үлгерімі нашар білім алушылар күштілердің алға жылжуына кедергі келтірмейді, ал күштілер қалыс келе жатқандардың сәтсіздігін көрсететін жағдай туғызбайды – барлығы өте қауырт: қызықты оқиға желісі, магнитофон үнемі жұмыс ритмін ұстап тұрады, қалыс келе жатқандар мазмұнды жеткілікті жақсы түсінеді, бұл оларға оны белсенді

зерделеуге, түсінуін бағалауда табысты болуға, бағамдауға мүмкіндік береді, мұғалімнің әрқайсына көңіл бөлуге уақыты болады.

Оқуға ауысу – «меңгеру»

Балалардың үштен екісі мәтінді диктормен бірге дыбыстай алатын деңгейге жеткеннен бастап, яғни өздігінен оқи алатын, дыбысталатын мәтіннің жылдамдығын минутына 120 сөзге жеткізу қажет және күніне бір сөзге арттырып отыру керек.

Бақылау барысында барлығы үлгеріп отырғаны байқалса –жылдамдық өте баяу. Егер төрт немесе бес оқушыда қиындықтар кездесе, қалыпты деп саналады. Оларға үнемі көмектесе отырып, мұғалім өзінің назарын осы балаларға аударады. Егер бала мәтіндегі керекті жерін жоғалтып алса, жағдайды күрделендірмей, тез арада көрсетіп жіберіп және оның талабына қолдау көрсету қажет. Баланың қолын өз қолына алып, үлгеріп отыруға көмектесуге болады немесе парталас көршісінің кітабына қарап, өз бетінше қиындықтан тез шығудың жолдарын көрсету қажет және тағы сол сияқты.

Алғашқы кезде назардың барлығы дыбысталатын сөзге тура бағытталады, кейін сатылап ауқымды дәрежедегі перифериялық көру шеңберіне ауысады. Ақпараттық бөліктерге бөліп оқудың психофизикалық негізі қалыптасады.

Баланы сөздердің мағынасын ажыратудың қиындықтарынан алып шыққаннан кейін, мағынасы белгілі сөздер мен дайын артикуляциялық моделді графикамен байланыстыру мәселесі туындайды, таныс сөздердің сөздігі жылдам қалыптаса бастайды – мағынасы бірден еске түсетін сөздер.

Тәжірибе көрсеткендей, әдетте көп оқитын білім алушылар тез жаттығады. Оқу үдерісінің барысында оперативтік жады және аңғарымының тұрақтылығы жетіледі. Ақыл-ойының жұмысқа қабілеттілігі осы екі көрсеткішке тәуелді. Дауыстап ұзақ оқу мүмкін емес, себебі бұлай оқу, ақпарат алу кұралы ретінде тиімді емес. «Ішінен оқу» кезінде оқу жылдамдығы айтарлықтай артады. Ғалымдар мен практик мамандардың пікірлері, минутына 120 сөзге дейін оқу жылдамдығы білім алушылардың көпшілігіне қолжетімді дегенге тоғысады.

Баланы саналы түрде дұрыс оқуға, әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, оқыған материалын түсіну деңгейін саралай алуға қалай тәрбиелеуге болады? Жалпы білім алушыларды оқыған мәтінінің мағынасын түсінуге қалай жеткізуге болады, арифметикалық есептің шартын түсініп және есіне сақтауға, бір оқығаннан грамматикалық ережелер мен тапсырманы ұғынуға, ғылыми-танымдық мақаладағы, оқу мәтініндегі негізгі ойды ажыратуға? Оқу сабағын және оқу үдерісінің өзін білім алушы үшін қалай қуана айналысатын әрекетке айналдыруға болады? Дегенмен, бұл мәселе төңірегінде әр мұғалім ойланады, сонымен бірге оқу дағдысын жетілдіру мәселесін әрқайсысы өз бетінше шешуге талаптанады, оқуға үйрету сабақтарында әр баланың санасында есте қаларлықтай із қалдыруға ұмтылады, балаларды идеялық-адамгершілік, ақыл-ой, эмоционалдық, эстетикалық және тіл дамыту бағытында, білім алушылардың кітапқа қызығушылығын арттыруға, оқуға құлшыныс танытуға, өмірге қажетті және әрі қарай білім алуға керекті біліктіліктер мен дағдыларды бойына сіңіруге жұмыс жасайды.

Бастауыш мектептегі оқу техникасы бағдарламасының талаптары:

1-сыныптағы оқу техникасы

1-сыныпта оқу техникасы аса мұқият тексеріледі.

1-жартыжылдық

1-жартыжылдықта оқу техникасын тексермеуге болады.

2-жартыжылдық

Бала саналы түрде бүкіл сөзді тұтас, дұрыс оқи алады. Құрамы күрделі сөздерді буынға бөліп оқиды.

Оқу жылдамдығы – минутына 25-30 сөз.

2-4-сыныптардағы оқу техникасы

- білім алушылардың толыққанды оқу дағдысын меңгеруі.

- толыққанды оқу дағдысын жетілдіру (дұрыс оқу, мән беріп және мәнерлеп оқу).

Оқу қарқыны (жылдамдығы) оқу тәсіліне, түсінуіне және мәнеріне тікелей байланысты. Толыққанды оқу дағдысы осыдан құралады.

Оқу техникасының талаптары:

2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу/рөлге бөліп/ мәнерлеп оқу	3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу	4.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп/ шапшаң оқу

Бастауыш сыныптағы оқу техникасының нормалары

• 2-сыныптағы оқу техникасы

1-жартыжылдық

Дұрыс оқи алады, саналы, сөзді тұтас оқи алады. Логикалық екпін сақталады.

Оқу жылдамдығы – минутына 40-45 сөз.

2-жартыжылдық

Түсініп, кідірістерді, интонациялар мен логикалық екпінді сақтай отырып, сөздерді тұтас дұрыс оқу.

Оқу жылдамдығы – минутына 50-55 сөз.

• 3-сыныптағы оқу техникасы

1-жартыжылдық

Түсініп, сөздерді тұтас дұрыс оқу. Кідірістер мен интонацияларды сақтай отырып, білім алушы оқыған мәтінінің мағынасын түсінетінін көрсетеді.

Оқу жылдамдығы – минутына 60-65 сөз.

2-жартыжылдық

Түсініп, сөздерді тұтас дұрыс оқу. Кідірістер мен интонацияларды сақтай отырып, білім алушы оқыған мәтінінің мағынасын түсінетінін көрсетеді.

Оқу жылдамдығы – минутына 65-70 сөз.

• 4-сыныптағы оқу техникасы

1-жартыжылдық

Түсініп, сөздерді тұтас дұрыс оқу. Кідірістер мен интонацияларды сақтай отырып, білім алушы оқыған мәтінінің мағынасын түсінетінін көрсетіп қана қоймай, оған қатысты өзінің ойын да білдіре алады.

Оқу жылдамдығы – минутына 75-80 сөз.

2- жартыжылдық

Түсініп, сөздерді тұтас дұрыс оқу. Кідірістер мен интонацияларды сақтай отырып, білім алушы оқыған мәтінінің мағынасын түсінетінін көрсетіп қана қоймай, оған қатысты өзінің ойын да білдіре алады.

Оқу жылдамдығы – минутына 80-85 сөз.

Оқу дағдысының қалыптасуының шамалық нормалары:

Сынып	Міндетті деңгей		Мүмкіндік деңгейі	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық	I жартыжылдық	II жартыжылдық
1-сынып		25- 30 сөз		35-45 сөз
2-сынып	40 – 45 сөз	50-55 сөз	50-55 сөз	60-65 сөз
3-сынып	60-65 сөз	65-70 сөз	65-70 сөз	70-75 сөз
4-сынып	75-80 сөз	80-85 сөз	80-85 сөз	85-95 сөз

Ескерту: Шылау, одағай, еліктеу сөздер, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Оқу техникасын жоғарыда келтірілген арнайы ойындардың көмегімен дамытуға болады.

- Керісінше оқу. Бұл тәсілде сөздер солдан оңға қарай емес, керісінше оңнан солға қарай оқылады. Оқудың бұл түрі пайдалы, себебі әріптерді қосып, сөздерді қиналмай айтуға баланы жүйелі жаттықтырады.

- Төбесі мен асты. Балаларға ұзын көрінбейтін сызғыштың көмегімен әріптердің үстіңгі және астыңғы бөліктерін жауып тұрып оқу ұсынылады.

- Тақтаға көп сөздер жазылады. Бала мұғалім айтқан сөзді дұрыс табуы керек.

- Оқуды өз бетінше өлшеу. Сабақтың соңында оқуын өз бетінше бағалап, арнайы күнделікке жазуға бірнеше минут қалдырылады.

- «Төңкеріп» оқу. Төңкеріп ұстап тұрған кітаптағы мәтінді балалар бар ынтасымен оқып шығады.

Бастауыш мектепте оқу техникасын дамыту жұмысы аса маңызды. Нақты айтқанда, мән беріп отырып оқу ойлау, аңғару, есте сақтау қабілеттерін белсендіреді және оқу үдерісінде жетістікке жетудің кепілі болып табылады.

3. Бастауыш мектеп білім алушыларының оқу техникасын тексеру бойынша ұсынымдамалар

Ерте ме, кеш пе, өз бетімен немесе біреудің көмегімен бала оқи бастайды. 1-сыныпқа келген кезде оқи алатын балалар бар, сонымен бірге, оқуды мектепте үйрене бастайтындар да бар. Мектепке келген кезде әр оқушының өмірінде оқу техникасы деген ұғым пайда болады.

Оқу техникасын деген не?

Оқу дегеніміз – екі жағын бөліп көрсетуге болатын күрделі психофизиологиялық үдеріс:

1) мағыналық жағы – оқылған мәтіннің мазмұнын және мағынасын түсіну, ұғыну;

2) техникалық жағы (мағыналық жағына бағынатын, оған қызмет көрсететін) – оқудың жылдамдығы (қарқыны), дұрыстығы мен мәнерлілігі.

Оқу техникасы бірнеше элементтен тұрады:

- оқырманның мыналарды ұғынуын көздейтін оқудың мағыналылығы:

- мәтінде тура және ауыспалы мағынада қолданылатын сөздердің басым бөлігінің мағыналары;

- мәтіннің құрамына кіретін әрбір сөйлемнің мазмұнын, сөйлемдердің арасындағы мағыналық байланысты ұғыну;

- мәтін мазмұнының жекелеген бөліктері (абзац, эпизод, бөлім) мен олардың мағынасы (яғни не туралы айтылғаны ғана емес, онымен не айтқысы келетіні туралы);

- толық мәтін мазмұнының негізгі мағынасы, яғни сол мәтінді сезіну және оқылғанға оның көзқарасы;

- дұрыс оқу:

- оқырман қателіктерді жібермеуге тырысады немесе керісінен, әріптерді (дыбыстарды) ауыстыру, өткізу, орнын ауыстыру, қосу, бұрмалау, қайталау; мәтін сөздеріне дұрыс немесе қате екпін жасау;

- оқудың мәнерлілігі:

- оқылған мазмұнға сүйене отырып, кідірісті негізді түрде пайдалануда көрінеді (логикалық-грамматикалық, психологиялық, ритмикалық – өлең оқыған кезде). Логикалық және психологиялық екпін жасау, бір жағынан тыныс белгілері арқылы қажетті интонацияны табу, жеткілікті қатты және түсінікті оқу.

- Оқу жылдамдығы (қарқыны)

- минутына айтылған сөздердің санымен сипатталады.

Сонымен, оқу жылдамдығы оқу техникасының құрамды бөлігі ғана болып табылады.

Оқу жылдамдығы оқу әдісіне байланысты (бірқалыпты буындық, жекелеген сөздерді оқи отыра бір қалыпты буындық, тұтас сөздерді және сөз топтарын оқу).

Оқу техникасын арттыру үшін баланы бірқалыпты буындық оқудан тұтас сөздер мен сөз топтарын оқуға, яғни оқудың ең нәтижелі тәсіліне көшу тезірек және табиғи ауысуына талпындыру керек [18].

Әрине, 4-сыныптың соңында барлық балалардың қажетті оқу жылдамдығын игергені маңызды. Бұл орта және жоғары мектепте табысты оқудың, білім алудың кепілі болады.

Жеке оқушылардың дыбыс, буын сөз, сөйлемдерді саналы дұрыс, анық, дауыстап оқуы талап етіледі. Сондай-ақ мәтінді оқу кезінде сөз мәніне, мағынасына назар аудару, сөйлемдер арасындағы байланысты түсіну, сол арқылы мәтіннің мағынасын түсініп, айтып беруге үйрену, содан кейін түсініктерін біртіндеп күрделену бағытында мәнерлеп оқуды жетілдіру мақсаты көзделеді.

Педагогика ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан ағартушы ұстаз Ж. Аймауытовтың оқушының оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру керектігінағла тартады. Дәстүрлі түрде мұғалімдермен тексерілетін оқушылардың оқу жылдамдылықтары оқушылардың бойында берілген мәтінді 1 минут ішінде неғұрлым көп оқып шығу деген ұғым қалыптасып қалған. Ал мұғалімнің сен «жақсы оқисың» немесе «жаман оқисың» деген сөзі оқу деңгейін білдіретін ұғыммен сай келеді. Сөйтіп оқушылар жақсы оқу үшін өздерінің алдына мәтінді белгілі бір уақыттың ішінде тез судыратып оқып шығу мақсатын қойып, мәтіннің не тіліне, не мазмұнына, не кейіпкерлер бейнесі мен шығарманың идеясына мән бермейді. Сөйтіп оқылған шығарманың мазмұны ашылмай, оқушыларда түсініксіздік тудырады.

Көркем шығармаларды ерекше дауыс ырғағына, екпініне қарай мәнерлеп оқып, негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, көңіл-күйін дәл бейнелейтін сөздер мен сөз тізбектерін даралап оқу өкінішке орай жүзеге аспайды. Оқу машығын қалыптастырудың мақсаты – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруіне қол жеткізу. Мұны орындау үшін мұғалім баланың әрбір сөзі дұрыс әрі анық оқуын үнемі қадағалап отыруы шарт. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді. Шапшаң оқудың алғышарты орындалады. Осыдан шапшаң оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен өте тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтінді оқушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді.

Оқу жылдамдығын қалыптастыру бастауыш сыныптан басталады. Осы кезеңде баланың дұрыс оқуы, әрі жылдам, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Сондықтан жылдам оқу – оқушы үлгерімінің негізгі факторы. Әдетте кімдер тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабіліті де, ақыл ой еңбегіне ынталығы да арта түседі.

Кітап оқудың бастысы қанша кітап оқығаныңда емес, керісінше, оқыған кітаптарыңның қаншасын түсінгеніңде.

Оқу жылдамдығы дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Мәтін көлемі – бет, сөз, буын түрінде анықталады. Халықаралық салыстырмалы (PISA) зерттеуінің негізгі мақсаты да оқушылардың мәтінді қандай жылдымдықпен оқитыны және түсінетіндігін тексеру болып табылады. Мектептердегі бастауыш сыныптарда оқу

жылдамдықтарын тексеру кезіндегі оқып шыққан мәтін бөлігінің мазмұнын қабылдаулары төмен болғандықтан, оқушылардың оқу машықтарын жетілдіру және оқу дұрыстығын қалыптастыру үшін оқушылардың оқу машықтарын тексеру мен бақылауды жаңа үлгіде қарастыру қажет.

Бастауыш мектепте оқу әрекетіне байланысты оқушылардың төменгідей білімі мен білігі терсеріледі:

- Оқу кезінде (дауыстап немесе ішінен) оқығанды қабылдау дағдысы;
- Мәнерлеп оқу, мәтінді мазмұндап беру, прозалық және поэзалық шығармаларды жатқа айта алуы.

Әдебиеттік оқу бойынша бағаларды қорытқанда келесілерді ескерту қажет:

- Оқылған мәтін бойынша оқушының түсінігі;
- Оқу тәсілі, оқу дұрыстығы, оқу мәнерлілігі;
- Сөйлеу дағдылары және мәтінмен жұмыс істей алуы.

Оқу жылдамдығы мен даму үдерісі байланысты. Көп оқитын оқушылар, әдетте, тез оқиды. Оқу барысында жедел жады және зейіннің тұрақтылығы жетіледі. Осы екі көрсеткіштермен, өз кезегінде, ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі байланысты. Оқу дағдысы бастауыш мектепте қалыптастырылуы тиіс. Бастауышта оқытудың соңында оқушылардың көпшілігінің оқу жылдамдығы минутына 110-120 сөзден кем емес болуына ұмтылу қажет. Бірақ түсініп, саналы, дұрыс, мәнерлі оқулары керек.

Ата-аналарды қызықтыратын сұрақтардың бірі: оқу техникасын негетексеру керек? Бастауыш сыныптарда техниканы жылына екі реттен артық тексеру қажет. Оқу дағдысының қалыптасу динамикасында қағалап отыру — бұл оқу техникасын тексерудің мақсаты.

Оқу техникасын тексеру үшін қандай мәтін таңдау керек?

- Оқу техникасын тексеру үшін әдіскерлердің ұсынымдарына сәйкес арнайы мәтіндер іріктеліп алынады.

- Оқу техникасын тексеру үшін. Мәтін балаға таныс емес, бірақ түсінікті болуы қажет. Қандай да бір қиындық тудыратын күрделі құрылымы немесе белгілері жоқ қысқа сөйлемдер болғаны жөн.

- Оқу кезінде балалардың назарын бөлмеу үшін оқу техникасын тексеруге арналған мәтін иллюстрациялар мен диалогтарсыз болғаны жөн.

- Мәтін бір бетке орналастырылуы тиіс.

Тексеру алдында баланы алаңдамауы, толқымауы үшін тыныш оқуға икемдеу керек. Оқу кезінде баланы бөлуге, тоқтатуға, қателерін түзетуге болмайды. Оқу аяқталғаннан кейін қиындық тудырған немесе қате оқылған сөздерге қайта оралуға және баладан оларды қайта оқып беруін сұрауға болады.

Баланың мәтінді түсініп оқығанын анықтау үшін бірнеше сұрақтар қою қажет.

Егер бала қобалжып, тексеру кезінде жиі кібіртіктеп, даусы бұзылса, онда оқу техникасын тексеруді басқа уақытқа ауыстырып, тексеруді ойын түрінде ұйымдастырған жөн.

Оқып үйрену – үлкен қажырлықты, ұзақ уақытты талап ететін орасан еңбек. Оқырмандықдербестік негіздерін қалыптастыру– бастауыш мектепте оқуға үйретудің мақсаты. Балалардыңоқуға деген оң қарым-қатынасын тәрбиелеу– мұғалімнің негізгі міндеті.

Бастауыш мектепте мұғалімдероқу дағдысынжетілдіру және саналы, түсініп оқуға қызығушылығын дамыту бойыншажұмыстардыңәр түрлі әдістері, тәсілдері мен түрлерін пайдаланады.

Оқутехникасының мониторингібірінші сыныптан бастап ұйымдастырылады. Оқу техникасын тексеру кезінде оқу қарқыны, дұрыстығы, мәнерлілігі, түсініктілігіескеріледі.Бақылауды жүйелі түрде жүргізу, нәтижелерін салыстыру оқушылардыынталандырадыжәне үлгеріміне оң әсер етеді.

Оқуға үйрету үдерісі балалар мен мұғалімдердің бірлескен шығармашылығымен оқылғанды еркін талқылайтын сабақтажүзеге асырылады.

2-сыныпта әдебиеттік оқу сабақтарындабалалардың оқу техникасыжетілдіріледі, балаларәдеби шығармаларменжұмыс жасаудыңнегізгі тәсілдері мен әдістеріүйренеді,кітап әлеміндебағдарлай білуі қалыптасады.Оқу сабағында жұмыстыңәдісінтаңдаумәтіннің ерекшелігіне байланысты[19].

Бастауыш класты аяқтар кезде оқу жылдамдығы қандай болу керек?

Бұл талапқа мынандай жаттығу түрлері де жауап береді.

6-кесте

1.Сөйлемдегі түсіріліп қалған сөздерді толықтыру.

Мысалы: Ертеде Мадан деген ... болыпты.

Ханның қырық бар екен.

2.Жартыдан бүтін құрастыру.

Әрбір сөз екіге бөлініп, екі бөлік карточкаға жазылады.

Мысалы: қошақан, дәптер, өрнек сөздері қоша- қан, дәп-тер, өр-нек.

Баланың міндеті –сол жағындағы сөздердің басқы қатары мен оң жағындағы сөздердің соңы берілген карточкаларды жылдам құрастырып, дұрыс мағыналы сөз шығару.

7-кесте

3.Мәтіннен берілген сөздерді іздеу.

Бұл жаттығуда бала мәтіннен тез тауып ала қоятындай 3 сөз беріледі. Тек берілген сөздер мәтінде бірнеше рет кездесуі қажет. Баланың міндеті –оларды тез тауып, астын сызу немесе шеңбермен қоршау.

4.Көбелек пен ебелек. (мысал).

Мысалда,бірлікке,сыйластыққа,достыққа,тұрақтылыққа байланысты берілген нақыл сөзді тауып оқы.

1.Жүрген жеріңіз сіздің де береке.

2. Сіз-аға, мен-жаға боп,
Тізе қосып, бірге жүрелік.
3. Тату-тәтті өмір сүрелік!
4. Тиянақты бол,
Болма, «ұшып-қонба»!
5. Өлең ішінен шешендік сөзді тауып, әрі қарай жалғастырып оқы.
Алтын ұя-Отан қымбат,
Құт берекең-атаң қымбат.

Бұл жаттығулардың мақсаты – оқушыларға қызықты сөздер мен сөз тіркестерін анықтату арқылы оқудың дағдысын меңгерту.

Жаттығулар баланың көңіл – күйін көтереді, оқуға деген қызығушылығын арттырып, тіл байлығын, сөздік қорын молайтады, зейінінің тұрақталып, есте сақтау қабілетінің қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Жаттығуларды сабақтарда, сабақтан тыс мерзімдерде жарыс – ойыны түрінде, 10-30 минут көлемінде жүргізуге болады.

Ескеретін жай, жаттығуларды орындау барысында қателесіп, жаңылысқан балаға наразылық кейіп көрсетпеу, керек, керісінше, олармен бірге қызықты, күлкілі сөздердің пайда болғанына шын көңілден қуана білген жөн.

5-жаттығу: *«Сиқырланған» сөздерді оқу.*

Балаларға әртүрлі сызық, штрих, қарапайым суреттердің кедергісінен оқылуы қиынға түсетін сөз жазылған карточкалар таратылып беріледі. Сөздердің неліктен күрделі беріліп отырғандығы түсіндіріледі. Берілген түсіндірме оқытушының айтқан әңгімесінің мазмұнына, ойының ұшқырлығына, тапқырлығына байланысты. Мысалы, бұл сөзді сиқыршы әдейі оқи алмастай етіп сиқырлап қойды, соған қарамастан біз бұл сөзді оқып, сиқыршы құлығының шешімін табамыз деуіне болады.

Мұндай мысал-әңгімелер баланың оқуға деген ынта – ықыласын арттыруға септігін тигізеді.

6-жаттығу: *Үздік сызықпен жазылған сөздерді оқу.*

Балаларға әріптерінің кейбір сызықшылары түсіп қалған сөз жазылған карточкалар таратылып беріледі. Сөздер біртіндеп күрделеніп отырады.

Ойын барысында балалардың белсенділігін арттыру мақсатында, әріптердің өзіндік жазылу ерекшелігіне байланысты әртүрлі әңгімелер айтып беруге болады. Мысалы: мына сөздегі әріптердің кейбірін қатты жауын жуып кеткен, әйткенменде «Тапқышбек» бала үшін ол әріптерді тез табу қиындыққа соқпайды. Арамыздағы «Тапқышбек» сонда кім? және т.б.

7-жаттығу: *Бірінің үстіне бірі жазылған сөздерді оқу.*

Оқытушы балаларға бірінің үстіне бірі жазылған сөздері бар карточкаларды таратып береді. Сөздердің бұлай ретсіз берілуі тосыннан соққан қатты дауылға – байланысты деп түсіндіріледі.

Балалардың міндеті – араласып жатқан сөздерді ретке келтіріп, оқып беру. Карточкада берілетін сөздер саны мән – мағынасына қарай біртіндеп күрделене береді.

8-жаттығу: Төменгі жағы жабық жол сөздерін оқу.

9-жаттығу: Жоғарғы жағы жабық жол сөздерін оқу.

10-жаттығу: Сөздерді топтарға бөлу.

11- жаттығу: Мағыналы сөздердін, мағынасыз сөздерді бөлу.

12-жаттығу: Мәтіннен берілген сөздерді іздеу.

13-жаттығу: Үлгідегі сөзге сәйкес келетін сөздері бар карточкаларды іріктеу.

14-жаттығу: Төңкерілген мәтінді оқыту.

15-жаттығу: Сөздердегі түсіп қалған әріптерді толтыру.

16-жаттығу: Сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді толықтыру.

17-жаттығу: Сөйлемдегі жекелеген әріптері түсіп қалған сөздерді толықтыру.

Бұл жаттығудың алдыңғы жаттығудан ерекшелігі, мұнда сөйлемдегі түсіп қалған сөздің жекелеген әріптері көрсетіледі. Мысалы: Ойынды ұйымдастырушы ортаға әр топтан бір-бір баладан ш..ы..ды. сөйлемдегі соңғы сөздің басты және соңғы әріпіне қарап оқушы қандай әріптер түсіріліп қалғанын, қандай сөз екенін айтып беруі керек (шығарады, шынығады, шақырады).

Жаттығулардағы ұсынылып отырған әдіс-тәсілдер оқу дағдысы төмен оқушылардың оқу жылдамдығын жетілдіреді, оқыған мәтіндерінің мазмұнын дұрыс түсініп, қабылдауына көмегін тигізеді[20].

Әр оқу сабағында қолданылатын алуан түрлі жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың техникалық дайындығын ұйымдастыруға ғана емес, оқудағы мақсатты және тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.Әрбір сабақ жаңа шығармалардың әртүрлілігімен, жаңалығымен, кейіпкермен және мұғаліммен қарым-қатынас жасаумен, еркін пікір алмасуымен қызықты.

Оқу дағдысын қалыптастыру, сондай-ақ әр оқушының ой-өрісін кеңейту,білуге құштарлығын дамыту, оқушылардың қызығушылығын тәрбиелеу, білімге деген оң көзқарастарын қалыптастыру жолдарының тағы бірі – оқушыларды өз бетінше кітаппен жұмыс жасауға баулу болып табылады. 2-сыныптасыныптан тыс оқусабақтарында балалар жеке кітаппен жұмыс жасауға, сондай-ақ кітаптар әлемінде де жөн таба білуді үйренеді.Әрбір сабаққа балалар тақырып пен тапсырмаға сәйкес таңдалған кітаптар әкеледі. Бірте-бірте осындай жұмыстар жүргізу арқылы кітаптар көрмесін ұйымдастыру, оқыған кітапқа аннотация жасау, әдеби газеттер шығару, өздерінің кітапшаларын құрастыру дәстүрге айналады.

1-сыныптың 4-тоқсанынан бастап (балалар оқып үйренген соң) әрбір оқушы «Оқу күнделігін» арнайды. Бұл күнделік мынадай бөлімдерден тұрады: күні, шығарманың атауы және авторы, оқылған жолдар (беттер) саны, ата-анасының қолы, мұғалімнің бағасы. Күн сайын балалар алғашқы кезде ата-аналарымен, кейіннен өз бетінше немесе мұғалім тапсырмасы бойынша кітапты таңдап, оқиды, ата-аналар тиісті жазбалар жасайды, мұғалім оқушының жұмысын бағалайды (қолы қойылады, сыйлықтар желімденеді).

2-сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап оқушылар күнделігіне жазбаларды өз бетімен жасайды, өзінің оқуын суреттермен толықтырады, кейіпкерлерді және олардың сипаттамасын көрсетеді. Бұл жұмыс бастауыш мектепте оқыту бойы жалғасады. Мұғалім оқушыларды күнделікті оқуға деген

қызығушылығын осылайша сақтап отырады: оқылғанды талқылайды,викториналар өткізіледі, аптасына бір рет қорытынды жасалады және бағаланады, әр тоқсанда жетістіктерімен ерекше көзге түскен оқушы марапатталады. Оқу күнделігімен жұмыс кітаптармен жұмысты кеңейтуге және тереңдетуге, сондай-ақ мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналарды жақындастыруға мүмкіндік береді.

Оқудағыларының қалыптасуы оқушылардың жалпы сөйлеуінің дамуына айтарлықтай әсер етеді, жоғары сыныптарда ақпарат ағынын табысты игеруге және үлгерімінің жақсы болуына көмектеседі.

Бастауыш мектепте тоқсандар бойынша оқу техникасының нормасы

1-сынып

3-тоқсан: 11 сөзден кем - «2», 11-15 сөз – «3», 16-19 сөз «4», 20 сөз және одан артық – «5».

4-тоқсан: 16 сөзден кем - «2», 16-19 сөз – «3», 20-24 сөз «4», 25 сөз және одан артық – «5».

2-сынып

1-тоқсан: 18 сөзден кем - «2», 18-25 сөз – «3», 26-34 сөз «4», 35 сөз және одан артық – «5».

2-тоқсан: 25 сөзден кем - «2», 25-30 сөз – «3», 31-39 сөз «4», 40 сөз және одан артық – «5».

3-тоқсан: 30 сөзден кем - «2», 30-40 сөз – «3», 41-44 сөз «4», 45 сөз және одан артық – «5».

4-тоқсан: 35 сөзден кем - «2», 35-40 сөз – «3», 41-49 сөз «4», 50 сөз және одан артық – «5».

3-сынып

1-тоқсан: 40 сөзден кем - «2», 40-44 сөз – «3», 45-54 сөз «4», 55 сөз және одан артық – «5».

2-тоқсан: 45 сөзден кем - «2», 45-50 сөз – «3», 51-59 сөз «4», 60 сөз және одан артық – «5».

3-тоқсан: 50 сөзден кем - «2», 50-59 сөз – «3», 60-62 сөз «4», 63 сөз және одан артық – «5».

4-тоқсан: 53 сөзден кем - «2», 53-58 сөз – «3», 59-64 сөз «4», 65 сөз және одан артық – «5».

4-сынып

1-тоқсан: 55 сөзден кем - «2», 55-59 сөз – «3», 60-69 сөз «4», 70 сөз және одан артық – «5».

2-тоқсан: 65 сөзден кем - «2», 65-70 сөз – «3», 71-74 сөз «4», 75 сөз және одан артық – «5».

3-тоқсан: 68 сөзден кем - «2», 68-70 сөз – «3», 71-77 сөз «4», 78 сөз және одан артық – «5».

4-тоқсан: 70 сөзден кем - «2», 70-74 сөз – «3», 75-79 сөз «4», 80 сөз және одан артық – «5».

Бастауыш мектепте жартыжылдықтар бойынша оқу техникасының нормасы

8-кесте

Баға	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
1-сыныптағы оқу техникасы		
«5»		25 сөз және одан артық
«4»		20-24 сөз
«3»		16-19 сөз
«2»		16 сөзден кем
2-сыныптағы оқу техникасы		
Баға	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
«5»	40 сөз және одан артық	50 сөз және одан артық
«4»	31-39 сөз	41-49 сөз
«3»	25-30 сөз	35-40 сөз
«2»	25 сөзден кем	35 сөзден кем
3-сыныптағы оқу техникасы		
Баға	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
«5»	60 сөз және одан артық	65 сөз және одан артық
«4»	51-59 сөз	59-64 сөз
«3»	45-50 сөз	53-58 сөз
«2»	45 сөзден кем	53 сөзден кем
4-сыныптағы оқу техникасы		
Баға	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
«5»	75 сөз және одан артық	80 сөз және одан артық
«4»	71-74 сөз	75-79 сөз
«3»	65-70 сөз	70-74 сөз
«2»	65 сөзден кем	70 сөзден кем

1-4-сынып оқушыларының басқа да оқу параметрлері

9-кесте

Сынып	1-жартыжылдықтың соңында	2-жартыжылдықтың соңында
1-сын.		Түсініп, саналы, дұрыс оқу, қарапайым сөздер тұтас оқылады. Буындық құрылымы күрделі сөздерді буындапоқуға болады.
2-сын.	Түсініп, саналы, дұрыс оқу, қарапайым сөздер тұтас оқылады. Логикалық екпін қою сақталады. Буындық құрылымы күрделі сөздердіға болады.	Түсініп, саналы, дұрыс, сөздер тұтас оқылады. Логикалық екпіндер қою, кідірістер және дауыс ырғағы сақталады. Буындапоқымаған жөн.
3-сын.	Түсініп, саналы, дұрыс, сөздер тұтас оқылады. Кідірістер және дауыс ырғағы сақталады, осылар арқылы оқушы оқығанының мазмұнын түсінгенін білдіреді.	Түсініп, саналы, дұрыс, сөздер тұтас оқылады. Кідірістер және дауыс ырғағы сақталады, осылар арқылы оқушы оқығанының мазмұнын түсінгенін білдіреді.
4-сын.	Түсініп, саналы, дұрыс, сөздер тұтас оқылады. Кідірістер және дауыс ырғағы	Түсініп, саналы, дұрыс, сөздер тұтас оқылады. Кідірістер және дауыс ырғағы

сақталады, осылар арқылы оқушы оқығанының мазмұнын түсінгенін және оқылғанның мазмұнына қатысты өз көзқарасын білдіреді.	сақталады, осылар арқылы оқушы оқығанының мазмұнын түсінгенін және оқылғанның мазмұнына қатысты өз көзқарасын білдіреді.
--	--

Оқутехникасы үшін бағалар келесі критерийлер бойынша қойылады:

- буындап оқу немесе сөзді тұтас оқу;
- оқу кезінде қателіктердің болуы;
- минутына оқылатын сөздер саны;
- мәнерлілік;
- түсініп, саналы оқу.

10-кесте

Оқушының аты-жөні	Оқу тәсілі			Қарқыны (сөздер саны)	Оқудың дұрыстығы			Түсінуі	
	буын	буын + сөз	сөз		Сөздерді қалдырып кетуі, ауыстырып оқуы, бұрмалап оқуы	Буындар мен сөздердің қайталануы	Жалғауларды қате оқуы	Дауыс ырғағының тыныс белгілері не сәйкес болуы	Сұрақтарға жауап

Өздеріңіз көріп отырғандай, оқылған сөз саны айқындаушы емес болып табылады.

Яғни, ата-аналар, оқу жылдамдығы деген ұғым туралы түсінікті оқу техникасын анықтайтын критерий ғана болып табылатынын білу қажет.

Оқу тәсілі келесідей тексеріледі: бала сөзді буындап немесе сөзді жеңіл, тұтас оқиды. Міндетті түрде оқушының түсініп оқығаны тексеріледі. Бұл үшін мәтінді оқығаннан кейін мәтін бойынша сұрақ қойылады, көбінесе «Сен қазір не туралы оқыдың?» деген сұраққа қарапайым жауап болады (мазмұндау қажет емес).

Сонымен қатар, оқу мәнерлілігі, қателер немесе мүдіру болатыны ескеріледі. Кейде алдыңғы сөздерді қайта оқу кездеседі, әрине бұл оқушылардың ұғыну қабілеті жеткіліксіз екенін білдіреді.

Сонымен қатар, бұл нормативтер жылдамдығы (қарқыны) оқуға байланысты ерекшеленуі мүмкін, жалпы білім беретін ұйымның талаптарына қарағанда гимназия мектептеріндегі оқушыға талаптар жоғары болады, түзету мектептерде оқушыға қойылатын талап төмен екенін ескеру қажет.

Бастауыш мектепте оқу техникасын тексеру жиілігі әдетте жылына 2 рет, оқу жылының бірінші жартысында және екінші жартыжылдықта өткізіледі. Алайда, кейбір мектептерде оқу деңгейін әрбір тоқсан аяғында немесе триместрде тексереді [21].

Оқу техникасы бойынша бағалауын төмендетуге әсер ететін қателер және кемшіліктердің жіктелуі:

Қателер:

- көп оқылатын сөздерді (ауыстыру, орнын ауыстыру, рұқсатнамалар немесе әріптерді, буындарды, сөздерді қосу) бұрмалау;
- барлық мәтінді мағыналық үзіліссіз оқу, сөздерді дауыстап оқығанда қарқынының, нақтылығын және айтылуын бұзу;
- оқуға берілген уақытта оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсініспеушілік;
- оқу мәнерлілігінің болмауы, оқу бірсарынды естілуі.

Кемшіліктер:

- жекелеген мағыналық үзілістің, қарқыны және айтылу анықтығының бұзылуы;
- берілген уақыттан сәл асырып оқылған мәтінді ұғынуы;
- кейіпкердің мінезін сипаттау барысында айқындықтың, бейнеліліктің жеткіліксіздігі.

Оқу жылдамдығына шамадан тыс назар аудару дұрыс емес оқуға жиі итермелейді. Дұрыс оқу дегеніміз - бұрмалаусыз, әріптерді немесе буындарды ауыстырмау болып саналады. Оқудың дұрыстығы тиімді болу үшін мұғалім арнайы оқу режимін анықтауы тиіс: 1) күнделікті жаттығулар (арнайы мәтіндер, жаңылтпаштар, жаттау, өлеңдер мен прозаны жатқа айту); 2) қате оқудың алдын алу; оқуға дайындалу, кіріспе әңгіме құру, кеспе әріппен жұмыс (1-сынып) жасау, қиын сөздерді құрамы бойынша талдау, қиын сөздерді хормен дауыстап (буындап, бөліп-бөліп, толығымен) оқу [22].

Сондай-ақ, оқудың дұрыстығына мыналар да әсер етеді: оқу кезіндегі дененің қалпы, көз бен мәтін арасындағы қалыпты ара қашықтық, алдын-ала ішінен оқу, мұғалімнің үлгі ретінде оқуы.

Л. К. Назарованың пікірі бойынша – оқырманның мәтіннің мазмұнын айқын, терең түсініп, ұғынып оқуы. Ол жекелеген сөздердің мағынасынан, сөйлемдердің мәнінен, мәтін бөлімдерінің мазмұнынан құралады.

Оқудың саналылығын тексеру әдетте оқылған бойынша әңгіме барысында жүргізіледі. Бұл ретте сұрақтар қабылдаудың үш деңгейіне қатысты болуы тиіс:

1-деңгей – нақты мазмұны;

2-деңгей – себеп-салдарлық байланыстарды түсіну, кейіпкерлердің қылықтарының уәждемелерін ұғыну;

3-деңгей – әрекет етуші тұлғаларды, кейіпкерлерді және олардың іс-әрекеттерін өзіндік бағалауы.

Оқу жылдамдығымен икемділігін (мазмұнына байланысты оқу жылдамдығы өзгертуге) дамыту үшін И. Т. Федоренко мен И. Г. Пальченконың жаттығулар жүйесін қолдану ұсынылады.

Оқу техникасын жеделдетуге Федоренко мен Пальченко мынандай жаттығуларды ұсынады.

1. Қайталай бірнеше рет оқу.
2. Жаңылтпаш қарқынмен оқу.
3. Оқып келе жатып оқымаған бөлімге ауысып мәнерлеп оқу.
4. Қиын сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс.
5. Суреті көп кітаптарды көрсету, балалар оқығысы келеді.
6. Кластан тыс оқуды ұйымдастыру.
7. Слайдтарды пайдалану.
8. Ойын ойнату – сөйлемде қойылмай қалған сөздерді табу.
9. Жұптасып оқу. (2 адам оқу).
10. Сабақта үйге берілген текстен үзінді оқу.
11. Мәтінді түгел оқу.
12. Мәтінді оқу, бөлімдерге бөлу, жоспар құру.
13. Белгіленген жоспар бойынша оқу.
14. Мысалдардан мақал-мәтел, нақыл сөзге айналған жолды тауып оқу.
15. Мәтіннен лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді табу.
16. Мәтінді іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
17. Мәтін ішіндегі ең ұзын сөзді оқу.
18. Мәтіннен 2,3,4 буынды сөздерді табу.
19. Мәтіннен сұраққа жауапты іздеу, үзіндіні табу.
20. Мәтінді оқу, әңгіме несімен ұнағанын, ұнамағанын айту.
21. Мәтінді оқу, оқығанын қимыл-қозғалыс арқылы әңгімелеу.
22. Мәтінді рөлге бөліп оқу.
23. Мәтіннен жылдам, жай, көтеріңкі дауыспен оқылатын сөйлемдерді табу.
24. Мәтінді оқу, шағын мазмұндама жазу.
25. Мәтінді оқу, шағын шығарма жазу.
26. Мәтінді оқу, жай, күрделі жоспар оқу.
27. Мәтінді оқу, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеу.
28. Мәтіннен өкінішті, аянышты, мысқылмен, қуаныш, ренжіп, т.б. эмоциялы сөйлемдерді тауып оқу.
29. Мәтіннен іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
30. Оқу арқылы көру диктантын жаздыру.

Оқу дағдысының дамуын қамтамасыз ететін негізгі әдіс әр кезде жаңа тапсырмамен оқи отырып, мәтінге бірнеше рет қайта оралу болып табылады [23].

Оқушылардың сүйікті оқутүрі – рөлмен оқу, көптеген сезімдер мен эмоциялар тудырады. Педагогикада оқу дағдысын және мәтіндерді түсінуін қалыптастыру үшін жаттығулар кешені әзірленген. Бұл әзірлемелердің авторлары мына педагогтар мен психологтардың тобы болды: Заика Е.В., Нечаева Н.В., Кудина Г.Н., Новлянская З.Н., Ладыженская Т.А., Симановский А.Э. [24].

Бастауыш мектептің өзінде балаларды түсіндірме сөздікпен жұмыс жасаумен таныстыру керек.

Балаларды оқытуда ата-аналардың көмегі өте маңызды. Сондықтан ата-аналар жиналыстарында оқу баланың күнделікті әдетіне айналуы керек екеніне әрбір ата-ананы сендіруге тырысу керек. Бұл ретте, әсіресе сауатты оқудың бірінші сатысында баланың айналасында оның оқуын тыңдап отырғандардың қызығушылығын көрсететін жағдай жасау қажет. Ата-аналар әңгіменің, үзіндінің және т. б. мазмұнына қызығушылық танытқаны жөн, балаға мүмкіндігінше ұстамды, сабырлы, шыдамды, төзімді және мейірімді болу маңызды.

4. Оқыту қазақ тіліндегі негізгі мектепте оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар

Ана тілдің қадірін түсіну туған тілінде жазылған кітап оқудан басталады. Өйткені оқу — ойлау мен ақыл -ой дамуының қайнар көзі. «Оқуды тоқтатқан адам, ойлауды тоқтатады», - дейді Дени Дидро [25].

Сол себепті де бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі - оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру. Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

1. Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).

2. Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату). Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Оқу жылдамдығын дамыту — мәтіндегі сөздерді қалай болса, солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшандықпен оқу. Оқушы – кішкентай оқырман. Жылдам оқудың жай оқудан өзіндік ерекшелігі бар. Жылдам оқытын, «оқырман» мәтіннің құрылымы мен маңызына тез бойлап, оның мағыналық бөліктерін пайымдап, салыстыра алады. *Оқу жылдамдығы* дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Оқу жылдамдықтарын тексеру кезіндегі оқып шыққан мәтін бөлігінің мазмұнын қабылдаулары төмен болғандықтан, оқушылардың оқу машықтарын жетілдіру және оқу дұрыстығын қалыптастыру үшін оқушылардың оқу машықтарын тексеру мен бақылауды жаңа үлгіде қарастыру қажет болады. Оқу дағдысының қалыптасуы оқушыларға ұсынылатын материалдың түсініктілігіне, жеңілдігіне және қызықтылығына байланысты. Баланың мәтінді дұрыс түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету мәтін бойынша жұмыс дұрыс жүргізілгенде ғана сабақ өзінің нәтижесін береді, тиімділігі артады, *оқу сапасы* жақсарады.

Оқу сапаларына *оқу түрлері* жатады. Оқудың алғашқы кезеңінен дұрыс оқудың негізі басталады. Осы кезде жеке сөзді әріптеп оқытпай (а-ғ-а-ш, б-а-л-ы-қ) буындап буындарды жалғастырып оқуды (а-ғаш, ба-лық) меңгерту қажет. Буындармен ойын ұйымдастыру, оқушыға күн сайын бірнеше буындарды тізбекпен көрсете отырып оқыту пайдалы болмақ. Кейде оқушы әріп, буын сөз қалдырып кетсе, кейде екі рет қайталайды, буынды жұтып қояды, әріптерді алмастырып айтады. Қате оқыған сөзді таптыру, талдау жатады, сол сөзге мағынасы жуық сөздер таптыру, қайта оқыту, тыңдап отырған оқушыларға түзеттіру тәрізді жаттығу түрлері орындалады.

«*Түсініп оқу*-оқушының оқыған мәтінінің мазмұныны анық, терең ұғынуы» деп түсінсек, түсініп оқуды жүзеге асыруда алғашқы кезде өздеріне түсінікті, қызықтыратын, ішінде қиындық тудыратын сөздері өте аз сюжетті мәтіндерді таңдаған дұрыс.

Оқу машығын қалыптастырудың мақсаты – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруіне қол жеткізу. Мұны орындау үшін оқытушы баланың әрбір сөзі

дұрыс анық оқуын үнемі қадағалап отыруы шарт. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді.

Шапшаң оқудың алғышарты орындалады. Осыдан *шапшаң оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен* өте тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтіннен оқушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді.

Дағды дегеніміз әрекеттің адам бойындағы орнығуы. Әрекетке ең алғаш кіріскен кезде адам икемсіз, басы артық көптеген қимыл-қозғалыстар жасайды. Мысалы, жоғарыда көрсеткеніміздей, бала оқуға-жазуға үйрене бастаған кезе қаншама қимыл-қозғалыстар жасайды. Атақты физик М. Лауэ оқу, білім жөнінде айта келіп: «Білім-бүкіл оқығандарын ұмытып қалғанда, бойында сақталатыны» - дейді. [26].

Бұл сақталып қалатын не? Ол – әдет, сенім, бағыт, дағды және қабілет - міне, нағыз білім – осылар! «Дағды – деп көрсетеді психолог С. Л. Рубинштейн – саналы түрде автоматталған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң, әрекеттің автоматталған тәсілі ретінде қызмет атқарады». [27].

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Баланың эстетикалық талғамын дамыту ертегі, көркем әңгіме, өлең, оқу, сурет, музыка т.б. арқылы іске асырылады. Оқушының бастаған істі аяқтап шығу, көздеген нәтижеге жету, ұқыптылық, уақытты дұрыс пайдалану т.б. мінез-құлық саналары тәрбиелене бастайды.

Оқудың түрлері. Оқудың түрлері екіге бөлінеді: дауыстап оқу, іштен оқу. Дауыстап оқу көбінесе I-II сынып оқушыларына тән болады. Бірақ I сыныпта іштен оқуға болмайды дегендеген ұғым тумасқа керек. Содан былай қарай оқудың бұл көрсетілген екі түрінің екеуі де бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі. Оқудың бұл түрлерінің екеуінде де дұрыс оқу, шапшаң оқу және түсініп оқу талаптары орындалуға тиіс. Дауыстап оқуға бұларға қосымша мәнерлеп оқу талабы қойылады. Бұл талаптар бір-бірімен тығыз байланысты іске асады. Өйткені түсінбей, мәнерлеп оқи алмайды, дұрыс оқымаса, түсінбейді. *Орфоэпия заңын басшылыққа алып отыру.*

Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде де орфографиялық және орфоэпиялық заңдар бар. Ол заңдар оқушыларды дұрыс сөйлету мен дұрыс оқытуды басшылыққа алынады. Ал оқушыларға жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру үшін сөздерді тақтаға жазып көрсету қажет болғанда, олар тек орфография ережесіне сай жазылады. Мысалы, *ақ ешкі*, бұл сөзді оқығанда *агешкі* деп айту керек екенін ескертіп, мұғалім балаларды солай үйретеді.

Түсініп оқу дегеніміз оқушының оқыған мәтіннің мазмұнын анық, терең ұғынуы болып табылады. Бұл әр сөздің, сөйлемнің мағынасын түсінуден, әр бөлімді логикалық, психологиялық байланыстырудан келіп шығады. Оқығанын толық түсіну оқушылардың мәтіндегі басты ойды айыра алуларынан, оның мазмұнына өзінің көзқарасын білдіруінен көрінеді.

Түсініп оқуда оқушылардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларды елес, ұғым, бейне, жоғары

сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруда қиыннан күрделіге қарай принципi сақталады.

Шығарманың идеялық мәні мен мазмұнын оқушыларға ұғындыру үшін сөздік жұмысын жүргізудің пайдасы бар.

Шапшаң оқу дегеніміз – мәтіндегі сөздерді қалай болса солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл оқығанды түсінетіндей қалыпта оқу. Мәтінді тым баяу оқыған оқушы мәтіннің мазмұнына түсінбек түгілі, бір сөйлемнің өзінде не айтылғанын аңғара алмай қалады. Сондықтан мәтінді шапшаң оқу талабы да маңызды болып саналады. Шапшаң оқу барысында әр оқушының оқу қарқыны әртүрлі, осыған орай олардың бір минутта оқитын сөздерінің саны белгіленген. Шапшаң оқу, дұрыс оқу, түсініп оқу бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс түсініп, белгілі бір қарқынмен оқығанда ғана шапшаң оқу талабы орындалады.

Шапшаң оқуға жаттықтыру жұмысы барлық сабақтарда да іске асырылып отырылады. Дегенмен шапшаң оқу дағдыларын бекіту үшін арнаулы уақыт беру қажет. Мұндай арнаулы жұмыстың түрлеріне мыналарды жатқызуға болады.

Көз бен кітаптың арасындағы қашықтықты дұрыс сақтау, мәтінді алдынала іштен оқып шығуы.

Дауыстың өзіндік белгілері бар. Олар: күші, жоғарылығы, қарқыны, тембрі. Сөйлегенде адам бірде жылдам, бірде баяу сөйлейді. Бұлар әр адамның дауыс қарқынына байланысты. Мұғалім жаттығу арқылы өз дауысының орташа қарқынын анықтай алады. Ол жылдам сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Егер жай сөйлей алмайтын болса жаттығуы қажет.

Дауыстың тыңдаушыға әсерлі болуы тембіне байланысты. Құбылта оқу, дауыс ырғағына келтіре оқу да жаттықтыру арқылы қалыптасады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Сөйлеушінің ашық, анық, айқын айтуы оның айтқанын ұғуға, әсерлі болуына ықпалын тигізеді. Дикциясында ақау болса, оны арнаулы жаттығулар арқылы түзету қажет. Дикциядағы кемшілік- сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары [28].

Мәнерлеп оқуда зор рөл атқаратын *интонация*. *Интонация* – сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екпіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі, паузасы, сазы.

Интонация жайында анығырақ түсінік беру үшін оның кейбір элементтеріне тоқталайық.

Сөз екпіні мен ой екпіні. Сөз екпіні- фразалық екпін, ал ой екпіні- логикалық екпін. Сөйлемді айтқанда я оқығанда, оның ішіндегі сөздер интонация мен мағынасына, айтылу ырғағына қарай өзара топ-топқа бөлінеді. Ол топ *синтагма* деп аталады. Синтагмада бір я одан да көп сөздер болады. Әр синтагмада бір сөз көтеріңкі дауыспен ерекшелене айтылады. Міне, соны екпін түскен сөз дейміз. Сөзде белгілі бір буынның екпін түсіп, ерекшеленіп айтылатыны сияқты, кейде сөйлемде бір сөзге ерекше назар аударылып айтылатыны бар. Сөйлемдегі айрықша назар назар аударылып айтылған сөзде *ой екпіні* болады да, ол сөз басқа сөздерге қарағанда, ерекше әуенмен

айтылады. Мұндай екпін *логикалық екпін* деп айтылады. Жазба тілде логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны контекстен, оның мазмұнынан аңғарылады. Ауызекі сөйлеуде *логикалық екпін* сөйлеушінің қай сөзге айрықша назар аударуды қажет санап тұрғанын ажыратуға мүмкіндік береді. [29].

Қазақ тіліндегі екпін сөздің соңғы буынына түсіп отыратындықтан тұрақты екпінге жатады. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына жататындықтан түбірге қосымша қосылған соңғы қосымшаға ауысып отырады. Мысалы: бала балала балалар **ға**

Алайда қазақ тіліндегі барлық қосымшалар екпінді бірдей қабылдай бермейді. Екпін қабылдамайтын қосымшалар да бар. Оны, әсіресе айту мен оқу кезінде дұрыс ажырата білген дұрыс.

Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі дегенмен, болымсыздық жұрнақ жалғанған етістік пен тұлғалас есім сөздері бар. Ал есім сөздеріміз соңғы буынына екпін түсетініні мына қатардағы сөзден ажыратуға болады.

бөлме	бөлме
алма	алма
кеспе	кеспе
жарма	жарма
баспа	баспа
көрме	көрме
шығарма	шығарма

Есім сөздеріне жалғанып теңеулік ұғым тудыратын: -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары да екпін қабылдамайды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сілкісе қар жауып мазанды алады.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долдағанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
(Абай)

Етістіктің түбіріне жалғанып өтініш, тілек мағынасын білдіретін: -шы, -ші жұрнағы да екпін қабылдамайды.

-Шы, -ші жұрнағы кейде есім сөздеріне қосылатын -шы, -ші жұрнағымен тұлғалас болып келеді. Екпін түсіру арқылы ғана мағыналарын бір-бірінен ажыратуға болады:

қойшы	-	қойшы
көрші	-	көрші
басшы	-	басшы
тілші	-	тілші

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезінде тілімізге енген атаулардың оқылуы мен жазылуында, өзге тілге араласуында өзіндік ерекшелігі бар. Терминдік атаулар орыс тілі арқылы кезең – кезеңмен еніп келеді. Көршілес халықтармен қарым-қатынас жасау арқылы тілімізге енген көптеген сөздер болды. Тілімізді байытты, әсіресе орыс тілінен енген сөздер еді. Алайда сол дәуірде енген әрбір сөз ауызша енгендіктен болар, қазақ тілінің

дыбыс заңдылығына бағындырып айтылады, солай қалыптасып кетті. Біз ондай сөздерді сол кезде қалай қалыптасып кетсе солай сөйлеп, орфоэпиясымен фонетикалық принципке сүйене отырып жаза береміз. Мысалы: сиса, сәтен, кереует, т.б. Орфоэпия заңдылығымен сөйленіп, жазылып кеткендіктен өз тіліміздегі сөздер сияқты екпін қазақ тілінің заңдылығына бағынады.

Әдеби тілдің орфоэпиясымен сөйлеудің басты ережелерінің бірі, осы сөз екпінін дұрыс қоя білуге де байланысты. Сөзге екпін қоюды тереңірек зерттеп, қойылған екпіннің дұрыстығын сөздікке қарап, тексеріп отыруға дағдылану мәтінімен жұмыс істеу кезінде баса назар аударуды керек етеді.

Шығарманы, мәтіндерді оқуда сөзге екпін қойып оқудың мәнерлі оқуға қандай қатысы барын жоғарыда сөз еттік. Қазақ тіліндегі сөздерге қойылатын сөз екпіні әр сөздегі буын санына байланысты болса, тіркес екпіні немесе фразалық екпіндер сөйлем ішіндегі сөздердің бір – бірімен байланысу тәсілдеріне байланысты қойылатын синтаксистің объектісі. Сөйлемдегі сөздер жеке-жеке ұғымдарды білдірсе, сөз тіркесі олардың бір – бірімен грамматикалық қарым-қатынасқа түсетінін білдіреді. Әрине кез-келген сөздер бір - біріне тіркесе алмайды, белгілі бір өзара мағыналық байланыста айтылған сөздер ғана сөз тіркесінің құрамына ене алады. Тіркеске енген сөздер оқылу барысында бір екпін ырғағына ие болып, бір сөз сияқты оқылып кетеді. Өйткені, тіркеске енген сөздер кейде дыбыстық құрамы жағынан үйлесіп, ыңғайласып қосылып оқылады.

«Сөз бен сөздің ықпал заңдарының әсері бірін – бірі толықтырып, орфоэпия заңдылығымен оқылады. Күрделі сөз тіркесіне бір-бірімен ажыратуға келмейтін сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын тіркестер жатады. Алайда, оқылу сөйлеу барысында осы тіркестердің барлығы да тұтас бір екпінмен бір дауыс құйылысымен оқылады»[30]. Тұрақты тіркеске енетін сөз тізбегі де оқылу сөйлеу барысында бір ғана дауыс құйылысы екпінімен оқылады.

Олар:

Қосарланып келген сөздер (әдет-ғұрып, бала-шаға, ет-пет, шай-пай т.б.)

Толық мағыналы сөздер мен шылау сөздердің тіркесі (біз үшін, әкем сияқты, мың қаралы, кешке шейін, ойнап еді.)

Күрделі сөз тіркестері (торы ала, ақ сары, бас киім, қол сағат, күре тамыр, жиырма бес, үй іші, кеміп қалды, құлап қала жаздады, келеді екен т.б.)

Қабыса байланыстын сөздер тіркесі (сұлу қыз, әсем жігіт, жібек жүн, қызыл қоңыр, кара бұйра, он қыз, он бала, тез кетті, кілт тоқтады, қысқа сөйледі т.б.)

Меңгере байланысатын сөз тіркестері (кітапты оқыды, қалаға барды, үйден шықты, әсеммен сөйлесті, машинамен келді т.б.)

Матаса байланысатын тіркестер (ауылдың маңы, ауыл кеңесі, әкемнің інісінің баласы т.б.)

Сондықтан, тіркестерді оқу барысында кейіпкердің авторының негізгі ойын айтпақ болған пікірін, сан алуан көңіл күйін тыңдаушыға жеткізе білу үшін ерікті және тұрақты сөз тіркестерін талдау барысында ажырата біліп, дауыс ырғағын дұрыс қоя білудің білімдік те, тәрбиелік те мәні зор.

Шығарма тіркесіндегі әрбір сөйлем белгілі бір ойды хабарлап, сұрау мағынасында немесе сан алуан көңіл күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелену оқылып тыңдаушы назарына сол сөздегі дауыс сазы арқылы аңғартады. «Логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғанын контексттегі сөз ыңғайына қарай анықталады. Ал сөйлеу тілінде сөйлеуші өзінің ойын жеткізу тәсіліне қарай логикалық екпінді қай сөзге қойғысы келсе сол сөзге қоя салады [31].

Мәнерлеп оқуда дауыс сазын дұрыс қолдана алмаушылықтан, тексті күні бұрын талдап алмай бірден аудитория алдында оқи салудан көптеген кемшіліктер жіберіп жүрміз.

Балалар аманбысың, шыра	□ қтарым,
Балалар аманбысы □ шыра	қ тары □
Ма	□ йысып к
Майысы	□ п к қ тары өлге біткен құр
	(Жамбыл)

өлге б

Мәтінді оқу үшін талдау кезінде дауыс ырғағы арқылы сөйлем мағынасы қалай жеткізу жолдарының әдісін, ойластырып, кез-келген шығарманы талдап алғанда ғана жеткізе алады. Сөз ішінде дауысты дыбысты созып, созыңқырап оқу арқылы сан алуан көңіл күй құбылысын беретін жағдайды *эмфизалық екпін* деп жүр. Бұндай екпінге ие болатын сөздер көбіне сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Кейде сөз басында келетін дауыссыз дыбыстар созылмаса да қайталанып, тістене дыбыстау арқылы көңілсіз әсерін қалдыратын жағдайлар кездеседі. [32].

Лебізді екпінді лингвистикалық әдебиетте *экспираторлық екпін* деп те атайды. Бұл терминологияны жақтаушылардың пікірінше, екпін түскен буынды айтқанда фонациялық ауа мол шығуға тиісті.

Қазақ тіліндегі екпін басқа түркі тілдеріндегі екпін тәрізді сөздің, көбіне соңғы буынына түседі.

Пауза сөйлеуді сөйлемге, сөйлемді синтагмаға, синтагманы сөзге ажыратып, ара жігін көрсету үшін қолданылады. Сонымен қатар, пауза сөздердің басын біріктіріп, бір синтагма жасай да алады. Паузаны сақтамау оқып отырған мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінбеуге әкеліп соғады. *Мысалы*, «Ол үй емес» деген сөйлемді паузасыз айтсақ, айтып тұрғаным басқа үй деген ұғымды білдіреді, яғни *ол* сөзі сөйлемде *үй* сөзінде анықтауыш ретінде қолданылады. Ал сол сөйлемде *ол* сөзінен кейін пауза жасасақ, онда айтып тұрғанымыз *үй* емес, қора немесе басқа бірдеңе дегенді білдіреді. Мұнда «ол» бастауыш қызметін атқарады. Мектептегі әдебиетті оқытудағы жетекші принциппен қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер. *Шығармашылық әдісі*-шәкірттердің оқырмандық қабілетін тәрбиелеу мақсатында көркем шығарманы оқып-үйренудің алғашқы кезеңінде де, қолданылуы мүмкін. Мұнда төмендегідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- мұғалімнің мәнерлеп оқуы;
- көркемсөз өнерлерінің мәнерлеп оқуы;

- әртістердің орындауындағы жеке сахналық көріністер;
- оқушыны мәнерлеп оқуға үйрету;
- көркем мәтінді ұстаздың түсінік бере оқуы;
- әңгіме жүргізу;
- шығармашылық тапсырма беру;
- жатқа оқу;
- жоспар құру;
- эпизодтарға тақырып қою;
- мәтінге жақын баяндау;
- көркем баяндау;
- сценарий құру;
- иллюстрация жасау;
- пікір жазу(кітап,кино, спектакль, радио, телеқойылым, хабарларға)
- шығарма жазу.

Мектепте әдебиет пәнін оқытуда жоғарыда айтылған әдіс-амалдардың қай-қайсысы да көбінесе дара күйінде қолданылмайды. Олар сабақтың тақырыбы мен мақсатына, өтілетін оқу материалының өзгешелігіне байланысты араласып, тоғысып келіп отырады. Бұлардың қай-қайсысын қашан, қайда және қалай қолдану әдебиет мұғалімінің билігіне беріледі.

Мектептегі басқа оқу пәндері сияқты әдебиетті оқытудағы жетекші принцип пен қолданылатын негізгі әдіс-амалдар сыныптағы және одан тыс уақыттағы оқу-тәрбиелік процесте мұғалім мен оқушылардың барлық жұмыс түрлерін жандандырып отыуына негізделеді. Бұл принципті жүзеге асыру үшін, мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатына, құрылысы мен мазмұнына сәйкес тиімді, қолайлы деп тапқан негізгі және көмекші әдіс-амалдардың түрлерін қолданады. Мұғалім әдебиет сабағындағы басты тұлға болғандықтан, оқытудың әдіс-амалдарын түрлендіре отырып, оқу-тәрбиелік процесті творчестволық өнерпаздықпен, белсенділікпен өткізуі тиіс. Сабақтың сапалы, нәтижелі болып өтуіне мұғаліммен бірге оқушылар да елеулі рөл атқарады. Мұғалім үнемі айтушы, көрсетуші, түсіндіруші де, ал оқушылар тек көруші, тыңдаушы, орындаушы ғана емес. Сыныптағы оқушылар ұжымы-үлкен күш. Осы ұжымды сабақтың барысында дұрыс ұйымдастырып басқару, дұрыс арнаға салып, айқын бағыт беріп отыру, оның сарқылмас күш-жігерін, тілек-мүддесін орнымен пайдалана білу, сөйтіп, олардың сабаққа белсенділік шабытпен қатысып, араласып отыруын қамтамасыз ету әдебиет ұстазынан үлкен еңбекті, асқан шеберлікті талап етеді. [33].

Мектептегі өзге оқу пәндері сияқты әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын көптеген негізгі және көмекші әдістер бар, Бұлардың кейбіреулері барлық оқу пәндерінде, әсіресе гуманитарлық пәндеріне, әсіресе гуманитарлық пәндерге ортақ әдістер болып табылады. Осымен қатар тек әдебиетті оқытуда ғана қолданылатын әдіс-тәсілдер де бар. Мысылы, көркем сөз тексін мәнерлеп оқу, түсініктеме бере, талдау жасай отырып оқу, сюжетті шығарманы әр түрлі нұсқада ауызша мазмұндау.т.б.

5-9 сыныптардағы оқу жылдамдығы

Оқу жылдамдығы – оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оқытудың екінші негізгі кезеңінде де оқушылардың оқу жылдамдығын қалыптастыру жалғасады: алайда 5-9 сыныптарда түсініп оқуға емес шапшаң оқу мен мәнерлеп оқуға басты назар аударылады.

V сыныпта бастауыш сыныптардағыдай оқу жылдамдығын тексеруді бақылап отыру қажет. Бақылау мақсаты тез, жылдам оқу емес түсініп оқу болатынын ескерген жөн.

Оқу жылдамдығын тексеру барысындағы маңызды факторлар:

1. Оқу бағдарламасы оны кез келген адам жақсы меңгере алатындай қол жетімді болуы қажет.

2. Оқыту технологиясы заманауи талаптарына сәйкес болуы тиіс.

3. Табыс өлшенбелі болу керек.

4. Әрбір адам – қайталанбас тұлға, сол себепті оған дербес жол табу маңызды.

5-9 – сынып оқушыларының оқу жылдамдығына қойылатын талаптар:

5 -сынып

Оқушылар білуге тиіс:

1. деңгей: (1,2 оқу тобы)

- мәтінді тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу, оқылуы қиын сөздерді буындап оқу;

- мәтін бойынша берілген аналитикалық тапсырмаларды орындай отырып, іштен оқу ;

- мұғалімнің сұрақтарына жауап беру;

- мұғалім көмегімен тірек сөздерді қолданып, жоспар бойынша мәтінді мазмұндап айтып беру, мазмұны бойынша күрделі емес мәтіндерді өз бетінше орындау;

- кейіпкерлер мен оқиғалар бойынша өз көзқарасын айту;

- 8 – 10 өлеңді жаттау;

- мұғалім мен тәрбиешінің бақылауымен сыныптан тыс әдебиеттерді оқу.

2 деңгей: (3 оқу тобы)

- мәтінді тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу, оқылуы қиын сөздерді буындап оқу;

- іштен оқу арқылы нақты оқиғаларға байланысты талданған үзінділерді табу;

- пән бойынша мәтін мазмұнының сұрақтарына жауап беру (мұғалім көмегімен);

- өлеңді жатқа оқу (мәтін көлемі оқушылардың мүмкіндігін ескеріліп беріледі);

- сыныптан тыс әдебиеттерді оқу сабақтарына қатысу.

6 -сынып

Оқушылар білуге тиіс:

1 деңгей: (1,2 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап түсініп, дұрыс, мәнерлеп оқу, «іштен оқу», сұрақтарға жауап беру ;

- шығарманың негізгі ойын анықтау;
- мұғалімнің көмегімен мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою. Мұғалім басшылығымен жай жоспар құру;
- түсініксіз сөздерді анықтау, мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын ашу;
- басты кейіпкерді атау , оның негізгі сипаттарын анықтау;
- мәтін бойынша сұрақтар құрастыру және оларды оқушыларға қою;
- мәтінді жоспар бойынша іріктеп айтып беру;
- 8- 10 өлеңді жатқа білу;
- сыныптан тыс әдебиеттерді, басылымдарды оқу, олардың талдауына қатысу. *2 деңгей: (3 оқу тобы)*
- мәтінді тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу, сөздерді буындап оқу; (күрделі құрылымдағы);
- мұғалімнің көмегімен шығарманың, бөлімнің негізгі ойын анықтау;
- мұғалімнің көмегімен басты кейіпкерді атау;
- мұғалімнің көмегімен мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою;
- мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру;
- өлеңді жатқа оқу (мәтін көлемі оқушылардың мүмкіндігін ескеріліп беріледі);
- мұғалімнің көмегімен сыныптан тыс әдебиеттерді оқу.

7 -сынып

Оқушылар білуге тиіс:

1 деңгей: (1,2 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап, шапшаң, түсініп, дұрыс, мәнерлеп оқу, «іштен оқу»;
- сұрақтарға жауап беру ;
- шығарманың, бөлімнің негізгі ойын анықтау;
- мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою , жоспар құру;
- түсініксіз сөздерді анықтау, мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын ашу, түсіндіру;
- мұғалімнің көмегімен басты кейіпкерді атау , мәтіннен мысалдар келтіре отырып оның сыртқы келбетін, іс-әрекетіне сипаттама жасау; мінездеме құрастыру;
- мәтін бойынша оқушыларға сұрақтар қою, оған жауап беру;
- мәтінді жоспар бойынша айтып беру; оқылғанды нақты және қысқаша айтып беру; айтушының жағын ауыстырып айтып беру;
- 10 өлеңді жатқа білу;
- сыныптан тыс әдебиеттерді, басылымдарды оқу, олардың талдауына қатысу.
- 2 деңгей: (3 оқу тобы)*
- мәтінді мазмұны бойынша дауыстап, түсініп, дұрыс, «іштен оқу», сұрақтарға дұрыс жауап беру;
- мұғалімнің көмегімен шығарманың, бөлімнің негізгі ойын анықтау;
- мұғалімнің көмегімен басты кейіпкерді атау;

- мұғалімнің көмегімен мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою ;

- мұғалімнің көмегімен сұрақтар қою, және оған жауап беру;

- өлеңді жатқа білу (мәтін көлемі оқушылардың мүмкіндігін ескеріліп беріледі);

- мұғалімнің көмегімен сыныптан тыс әдебиеттерді, басылымдарды оқу, оларды талқылауға қатысу.

8 -сынып

Оқушылар білуге тиіс:

1 деңгей: (1,2 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап, шапшаң, түсініп, дұрыс, мәнерлеп оқу;

(күрделі сөздерді, сөз тіркестерін, қиын жағдайда – тұтас сөздермен);

- жеңіл мәтіндерді мазмұны бойынша алдын-ала берілген тапсырмаларымен іштен оқу;

- мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбын, негізгі идеясын анықтау;

- мәтінге арналған сұрақтарды құрастыру (мұғалімнің көмегімен);

- мұғалімнің көмегімен мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою, немесе өз бетімен орындау ;

- басты кейіпкердің іс-әрекетіне сипаттама жасау, бағалау; (мұғалімнің көмегімен);

- түсініксіз сөздерді анықтау, мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын дұрыс түсіндіру(мұғалімнің көмегімен);

- белгілі жанр бойынша оқылатын шығармаларды белгілеу (мұғалімнің көмегімен);

- 10 өлеңнен кем емес өлеңді жатқа білу;

- мұғалімнің көмегімен сыныптан тыс әдебиеттерді, басылымдарды оқу, оларды талқылауға қатысу, пікір құрастыру.

2 деңгей: (3 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап, шапшаң, түсініп, дұрыс, мәнерлеп, тұтас сөздермен оқу;

- алдын-ала талданған мәтінді іштен оқу;

- мұғалімнің сұрағына жауап беру;

-бейнеленген оқиға бойынша оқушыларға қолжетімді болатын шығарманың жекелеген бөліктерін мәтінге жақын айтып беру;

- оқушыларға ыңғайлы формада басты кейіпкердің іс-әрекетіне өз көзқарасын айтып беру;

- мәтіндегі түсініксіз сөздерді анықтау (мұғалімнің көмегімен);

- мұғалімнің көмегімен сыныптан тыс әдебиеттерді оқу сабақтарына қатысу, оқылған мәтіндері бойынша қолжетімді тапсырмаларды орындау.

9 -сынып

Оқушылар білуге тиіс:

1 деңгей: (1,2 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап, шапшаң, мәнерлеп оқу (қиын жағдайда– сөз тіркестері);

- жеңіл мәтіндерді мазмұны бойынша алдын-ала берілген тапсырмаларымен іштен оқу;
- мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбын, негізгі идеясын анықтау (жеңіл мәтіндер);
- мәтінге арналған сұрақтарды құрастыру;
- мәтінді бөліктерге бөлу және мәтінге тақырып қою;
- басты кейіпкердің іс-әрекетіне сипаттама жасау, бағалау;
- мәтіндегі түсініксіз сөздерді анықтау дұрыс түсіндіру (мұғалімнің көмегімен);
- белгілі жанр бойынша оқылатын шығармаларды белгілеу (мұғалімнің көмегімен);
- 10 өлеңнен кем емес өлеңді жатқа білу ;
- мұғалімнің бақылуымен сыныптан тыс әдебиеттерді, басылымдарды оқу, оларды талқылауға қатысу, мұғалім басшылығымен пікір құрастыру.

2 деңгей: (3 оқу тобы)

- мәтінді дауыстап, түсініп, дұрыс, мәнерлеп, тұтас сөздермен оқу;
- алдын-ала бұрын талданған мәтінді іштен оқу;
- мұғалімнің сұрағына жауап беру;
- бейнеленген оқиға бойынша оқушыларға қолжетімді болатын шығарманың жекелеген бөліктерін мәтінге жақын айтып беру;
- оқушыларға ыңғайлы формада басты кейіпкердің іс-әрекетіне өз көзқарасын айтып беру;
- мәтіндегі түсініксіз сөздерді анықтау дұрыс түсіндіру (мұғалімнің көмегімен);
- сыныптан тыс әдебиеттерді оқу сабақтарына қатысу, оқылған мәтіндері бойынша қолжетімді тапсырмаларды орындау.

5-9 сыныптардағы оқу жылдамдығына қойылатын талаптар

Мәнерлеп оқу, логикалық екпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу. Оқу барысында сөз бұзылмай, автордың айтатын ойы дұрыс жеткізіледі.

5-9 сыныптардағы оқу жылдамдығының нормасы

Әрбір келесі сыныпта сыныптың дайындық деңгейіне байланысты 4 сынып нәтижесіне 10 — 15 сөзден қосылып отырады.

11-кесте

Сыныптар	Міндетті деңгей	Мүмкіндік деңгейі
5 сынып	105 – 115 сөз	110 – 120 сөз
6 сынып	115 – 125 сөз	120 – 130 сөз
7 сынып	125 – 135 сөз	130 – 140 сөз
8 сынып	135 – 145 сөз	150 – 160 сөз
9 сынып	145-155 сөз	170-180 сөз

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қателердің, кемшіліктердің классификациясы

Қателер:

- оқылатын сөзді бұзып айту (ауыстыру, қою, жіберу немесе дыбыс, сөз, буын қосу);
- екпінді дұрыс қоймау (2-ден артық);
- барлық мәтінді мағыналы кідіріс жасап оқымау, дауыстап оқуда сөздің қарқыны мен нақты дұрыс айтылуын бұзып айту;
- белгіленген уақытта оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бермеу;
- оқылған мәтіннің негізгі ойын, оны растайтын негізгі түсініктерді табуды білмеуі;
- шығармадағы оқиғалардың ретін сақтап айта алмауы;
- дайындалған мәтінді жаттаудағы нақты білімінің болмауы;
- мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу.

Кемшіліктері:

- екеуден көп дұрыс емес екпін қойып оқу ;
- жекелеген мағыналы кідірістердің, мәтінді дауыстап оқуда сөздерді айтуда қарқыны мен нақтылығының бұзылуы;
- берілген уақыт ішінде оқылған мәтінді түсінуі және қойылған талаптан асып кетуі;
- шығарманың негізгі ойын берудегі кемшіліктер;
- мәнерлеу құралдарын қолданудағы мақсатқа сәйкессіздігі, кейіпкердің сипатын берудегі мәнерлеуінің жетімсіздігі.

Оқу жылдамдығын тексеру мен қалыптастыру бойынша ұсынымдамалар

Оқу жылдамдығын тексеру оқушыларға қолайлы орындарда өткізіледі (өздері оқитын сыныпта өткізген дұрыс). Оқитын оқушы оқу жылдамдығын тексеретін мұғалімнің қасына қатар отырғаны дұрыс .

Оқу жылдамдығы дағдыларын тексеруді есепке алуды төмендегі кесте бойынша алу ұсынылады:

12-кесте

№	Оқу шының аты-жөні	О қу тәсілі	О қу қарқын ы	О қу сауатты лығы	Түсі ніп оқуы	Мәне рлеп оқуы	Ж алпы бағасы

Оқу жылдамдығын тексеру барысында дұрыс оқу дағдыларына және мәтінді түсінуіне бақылау жасауды келесі технологиялық элементтерді қолдана отырып іске асыру ұсынылады:

- әр сабақ сайын бес минуттық оқу;
- ызыңдап оқу;
- мазмұныны айту;

- өзіндік өлшеу (мұғалімнің белгісі бойынша оқушылар бір мәтінді екі минут көлемінде бәрі бірдей оқиды, ал содан соң оқылған сөздердің санын санайды);

- үнсіз оқу:

- алдын-ала мәтінмен және таза қағаз түрінде жеке кестелер әзірленеді (жауап беру бланкілері);

- оқушыларға белгіленген уақыт бойынша іштерінен оқу ұсынылады (3-5 минут);

- әрбір абзац бойынша алдын-ала сұрақтар құрастырылады, сұрақтар тақтада жазылады немесе әр оқушыға жекелеген парақтарда беріледі;

-оқуға берілген уақыт аяқталған соң оқушылардың берілген сұрақтарға жазбаша жауап беруі сұралады;

-оқу қарқыны анықталған соң әрбір абзацтағы сөздердің саны қосылып, мазмұны бойынша дұрыс жауабы шығарылады;

- оқушы мәтінді оқиды, мұғалім уақытты белгілейді, мұғалім мәтінді жабады, ал оқушы мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;

- оқу күнделіктерін бастау, жүргізу.

Оқу дағдыларын тексеру үшін лексика бойынша және мазмұны бойынша қолжетімді бірақ таныс емес мәтіндер алыну керек.

Оқу жылдамдығын тексеру рәсімін өткізу тәртібі

Оқушылардың оқу жылдамдығының қалыптасуын тексеру бірнеше күнге созылуы мүмкін (алғашқы бақылау – қыркүйекте, аралық бақылау – желтоқсанда, қорытынды – мамырда).

Оқу жылдамдығын тексеру рәсімі өткізілетін кабинетте екі мұғалім болады, бірі ұйымдастырушы міндетін атқарса, аталған сыныпта сабақ бермейтін екіншісі емтихан алушы мұғалім міндетін атқарады. Ұйымдастырушы оқу жылдамдығын тексеру рәсімінен өту үшін кабинетке оқушыларды бір-бірден шақырып отырады, оқушыларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді (оқуға арналған мәтін бар бланк), сонымен қатар аталған рәсімнен оқушылардың өтуі үшін реттілікті сақтайды.

Тексеруге қатысушы оқушыларға алдын-ала тексеру жүргізілетін мәтінді оқуға рұқсат беріледі.

Оқуға арналған мәтін толық оқылады (мәтіннің соңына дейін). Мұғалім 1 минут өткенше оқушының оқуын тоқтатпайды.

Емтихан алушы мұғалім оқушы мәтінді оқыр алдында уақытты белгілейді де оқушыға оқуға рұқсат береді. Оқушы оқып жатқанда тексеру өлшемдеріне сәйкес белгілеулер жасап отырады. Емтихан алушы мұғалім 1 минут өткен соң өзінің бланкісіне соңғы сөзін жазады. (1 минут).

Оқушы мәтінді оқып болған соң мұғалім мәтін мазмұны бойынша оқылған ақпаратты түсіну деңгейін тексеру үшін сұрақ қояды.

Емтихан алушы мұғалім қоятын мәтін мазмұны бойынша сұрақтар мұғалімге арналған бланкте болады.

Емтихан алушы мұғалім әңгіме жүргізу барысында оқылған ақпаратты түсіну деңгейін анықтау үшін мәтін мазмұны бойынша жетекші сұрақтар қоя алады. Оқылған мәтін мазмұны бойынша әңгімелесу аяқталған соң

ұйымдастырушының алып жүруімен оқушы кабинеттен шығады, ал бұл кезде емтихан алушы мұғалім 1 минутта оқушының оқыған сөз санын санайды және оны оқу жылдамдығын тексеру рәсімін өткізу кестесіне белгілеп жазады.

Оқу жылдамдығын тексеру рәсімі қалыпты жағдайда, ізгі ниетте өтуі қажет.

Оқушы мәтінді оқып отырғанда ескерту жасалмау қажет, оқып отырған оқушыны 1 минутта оқыған сөздерін санау үшін тоқтатпау керек, барлық оқушылардың көзінше ауызша оқушының оқу деңгейіне баға беруге болмайды. (ауызша немесе журнал).

5-9 сыныптарда оқу жылдамдығын тексерудің ерекшеліктері

Оқу жылдамдығын тексеруге арналған мәтіндер төмендегі талаптарға сай болуы қажет:

- нақты сюжеттік негізінің бар болуы;
- күрделі емес құрылымда құрылған сөйлемдерден тұруы қажет;
- мәтіндер диалогтерден, өлең жолдарынан, түсініксіз сипаттаулардан болмауы керек ;
- оқушыларға таныс сөздерден тұруы қажет;
- мүмкіндігіне қарай эмоционалдық қарым-қатынастан бейтарап болуы керек.

Оқу жылдамдығына талдау жасау барысында ескеріледі:

- оқу тәсілі;
- оқу қарқыны;
- оқу сауаттылығы;
- түсініп оқуы;
- мәнерлеп оқуы.

Дауыстап оқу дағдыларын бағалау

13-кесте

Сынып	Жалпы баға	Мәтін мазмұны бойынша жауабы	Қатесіз оқу	Мәнерлеп оқу	Мәтіннің негізгі ойын түсінуі, оқу қарқыны
5	орындады	Оқыған мәтіннің мазмұнын түсінуі	4-5 артық емес қатенің болуы (оқылған сөзді бұзып айту, екпінді дұрыс қоймау)	Мәнерлеп оқудың элементарлық құралын өзінше таңдау	Минутына 100 – 125 сөз
	Орындаған жоқ	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу	4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу	Минутына 100 сөзден кем емес

6	орындады	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсіну	4-5 артық емес қатенің болуы (оқылған сөзді бұзып айту, екпінді дұрыс қоймау))	Мәнерлеп оқудың элементарлық құралын өзінше таңдау	Минутына 110-130 сөз
	Орындаған жоқ	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеуі	4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу	Минутына 110 сөзден кем емес
7	орындады	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсіну	4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеп оқудың элементарлық құралын өзінше таңдау	Минутына 120 – 135 сөз
	Орындаған жоқ	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеуі	4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу	Минутына 120 сөзден кем емес
8	орындады	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсіну	3-4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеп оқудың элементарлық құралын өзінше таңдау	Минутына 130 – 140 сөз
	Орындаған жоқ	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеуі	4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу	Минутына 130 сөз

9	орындады	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсіну	3-4-тен артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеп оқудың элементарлық құралын өзінше таңдау	Минутына 140-150 сөз
	Орындаған жоқ	оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеуі	2-ден артық қатенің болуы (оқылатын сөзді бұзып айту екпінді дұрыс қоймау);	Мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу	Минутына 140 сөз

«Орындаған жоқ» бағасы оқу дағдысының екіден артық сапасын орындамаған жағдайда қойылады.

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қателердің, кемшіліктердің классификациясы

Қателер:

- оқылатын сөзді бұзып айту (ауыстыру, қою, жіберу немесе дыбыс, сөз, буын қосу);
- екпінді дұрыс қоймау (2-ден артық);
- барлық мәтінді мағыналы кідіріс жасап оқымау, дауыстап оқуда сөздің қарқыны мен нақты дұрыс айтылуын бұзып айту;
- белгіленген уақытта оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бермеу;
- оқылған мәтіннің негізгі ойын, оны растайтын негізгі түсініктерді табуды білмеуі;
- шығармадағы оқиғалардың ретін сақтап айта алмауы;
- дайындалған мәтінді жаттаудағы нақты білімінің болмауы;
- мәнерлеуі болмай монотонды, бірсарынды оқу.

Кемшіліктері:

- екеуден көп дұрыс емес екпін қойып оқу;
- жекелеген мағыналы кідірістердің, мәтінді дауыстап оқуда сөздерді айтуда қарқыны мен нақтылығының бұзылуы;
- берілген уақыт ішінде оқылған мәтінді түсінуі және қойылған талаптан асып кетуі;
- шығарманың негізгі ойын берудегі кемшіліктер;

Іштен оқу дағдыларын бағалау

14-кесте

	Жалпы баға	Мазмұны бойынша бағалау	Мәтіннің негізгі ойын түсінеді, оқу қарқыны
5	орындады	Тапсырманың 50% -ынан кем емес дұрыс орындалды	145-тен кем емес сөз /мин/
	орындаған жоқ	Тапсырманың 50% -ынан кем дұрыс орындалды	145-тен кем емес сөз /мин
6	орындады	Тапсырманың 55% -ынан кем емес дұрыс орындалды	160-тан кем емес сөз /мин
	орындаған жоқ	Тапсырманың 55% -ынан кем дұрыс орындалды	160-тан кем емес сөз /мин
7	орындады	Тапсырманың 60% -ынан кем емес дұрыс орындалды	170-тен кем емес сөз /мин
	орындаған жоқ	Тапсырманың 60% -ынан кем дұрыс орындалды	170-тен кем емес сөз /мин
8	орындады	Тапсырманың 70% -ынан кем емес дұрыс орындалды	180-200-ден кем емес сөз /мин
	орындаған жоқ	Тапсырманың 70% -ынан кем дұрыс орындалды	180-нен кем емес сөз /мин
9	орындады	Тапсырманың 70% -ынан кем емес дұрыс орындалды	180-200-ден кем емес сөз /мин
	орындаған жоқ	Тапсырманың 70% -ынан кем дұрыс орындалды	180-нен кем емес сөз /мин

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қателердің, кемшіліктердің классификациясы

Қателер:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бермеу;
- оқылған мәтіннің негізгі ойын табуды білмеуі;
- оқылған мәтіннің негізгі ойын, оны растайтын негізгі түсініктерді табуды білмеуі;
- шығармадағы оқиғалардың ретін сақтап айта алмауы;

Бағалау нормалары

5-9- сыныптар үшін оқу жылдамдығының нормалары (минутына сөз).

15-кесте

	1 жартыжылдық соңында	2 жартыжылдық соңында
	«2» – 90 сөзден кем «3» – 90-104сөз «4» – 105-119 сөз «5» – 120 сөзден артық	«2» –100 сөзден кем «3» – 100-114 сөз «4» – 115-124 сөз «5» – 125 сөзден артық
	«2» –100 сөзден кем «3» – 100-114 сөз	«2» – 110 сөзден кем «3» – 110-120 сөз

	«4» – 115-124 сөз «5» – 125 сөзден артық	«4» – 121-129 сөз «5» – 130 сөзден артық
	«2» – менее 110 сөз «3» – 110-115 сөз «4» – 116-124 сөз «5» – 125 сөзден артық	«2» – 120 сөзден кем «3» – 120-125 сөз «4» – 126-134 сөз «5» – 135 сөзден артық
	«2» – 115 сөзден кем «3» – 116-125 сөз «4» – 126- 134 сөз «5» – 135 сөзден артық	«2» – 130 сөзден кем «3» – 130-134 сөз «4» – 135-139 сөз «5» – 140 сөзден артық
	«2» – 120 сөзден кем «3» – 121-130 сөз «4» – 130-139 сөз «5» – 140 сөзден артық	«2» – 140 сөзден кем «3» – 140-142 сөз «4» – 142-144 сөз «5» – 145 сөзден артық

Оқу жылдамдығын бағалау

Оқулықтағы мәтін бойынша түсінуі мен оқуын күнделікті бақылау негізінде оқу жылдамдығы дағдыларын тексеру жүргізіледі. Бағалау барысында оқушылардың оқу жылдамдығын меңгеру табыстылығы ескеріледі. (дұрыстығы, оқу шапшаңдығы мен мәнерлілігі) және оқу жылындағы бағдарламаға сәйкес қойылатын талаптар бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын білуі (негізгі ойды таба білуі, сұраққа жауап беруі, мазмұнды айтып беруі).

Баға оқуы бойынша арнайы сұрақтарға жауап беруі негізінде және мәтіннің мазмұнын айтып беруі мен кіріктірілген сұрақтарға жауап беруі бойынша қойылады.

Ағымдағы тексеріс және білімін бағалау жекелеген біліктілігі мен оқу жылдамдығы дағдыларын көрсету мақсатында өткізіледі.

Жекелеген жағдайларда сабақ соңындағы жауабы бойынша баға біріктіріліп қойылуы мүмкін. Мұндай сұрау формасы негізінен қорытынды сабақтарда қолданылады. Сұралатын оқушыларды (3-4 адам) мұғалім алдына белгілеп қояды және фронтальды жұмыс процесінде сыныптың басқа оқушылары жиі шақырылады, олардың жауабы толық болуы қажет. Әрбір баға оқушыны ынталандыратындай болуы қажет.

Оқу жылының басында, ортасында, аяғында оқу жылдамдығы тексеріледі. Оқу жылдамдығын тексергенде таныс емес бірақ қолжетімді мәтіндерді іріктеп алу қажет. Оқу жылының басындағы оқу жылдамдығын тексеруге арналған мәтін көлемі былтырғы жылдың мәтін көлеміне сәйкес келуі қажет.

5 – 9 -сыныптар

Оқушыға «5» деген баға қойылады, егер ол:

- мәтінді дауыстап, шапшаң, түсініп, әдеби нормаларды дұрыс сақтап оқиды;

- шығарманың негізгі ойын, оны растайтын негізгі түсініктерді тауып оқиды;

- мұғалім көмегімен мәтінді бөліктерге бөліп, тақырып қояды (8-9-сыныптар – жеңіл мәтіндерді өз бетімен орындау);

- шығарманың басты кейіпкерін атайды, оның іс-әрекетін сипаттайды, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап береді және оқылған мәтіннің мазмұнын толық , ретімен, дұрыс бере біледі;

Оқушыға «4»деген баға қойылады , егер ол:

- негізінен дұрыс, шапшаң оқиды;

- мағыналы кідірістерді сақтай отырып оқу барысында үтір, екпін, интонация түсіретін 1-2 қателіктер жібереді;

- шығарманың негізгі ойын беруде қателіктер жібереді, оны мұғалім көмегімен түзетеді;

- шығарманы бөліктерге бөлуде, тақырып қоюда қателіктер жібереді, оны мұғалім көмегімен түзетеді;

- шығарманың басты кейіпкерлерін атап, олардың іс-әрекетіне мұғалім көмегімен сипаттама береді;

- мәтіннің мазмұнын баяндауда , сұраққа жауап беруде қателіктер жібереді, бірақ оны өзі мұғалім көмегімен түзетеді ;

- жатқа оқуда 1-2 қате жібереді, оны өзі түзетеді, барынша мәнерлеп оқымайды.

Оқушыға «3»деген баға қойылады , егер ол:

- шапшаң оқуы жеткіліксіз, кейбір сөздерді буындап оқиды;

- оқу барысында 3-4 қате жібереді; синтаксистік кідірістерді сақтаудан 1-2 қате жібереді; мағыналық кідірістерді сақтаудың 3-4 қате жібереді; тыныс белгілерінен, екпіннен, логикалық екпіннен қате жібереді;

- шығарманың негізгі ойын анықтайды, әңгіме бөліктерін мұғалім көмегімен айтады;

- шығарманың басты кейіпкерлерін атап беруде, олардың іс-әрекетін сипаттауда қиналады;

- сұраққа жауап беруде және шығарманың негізгі мазмұнын толық айтып беруде қателеседі. ;

- жатқа толық оқып бере алмайды.

Оқушыға «2»деген баға қойылады , егер ол:

- буындап оқиды;

- синтаксистік кідірістерді сақтауда 5-тен көп қате жібереді;

- шығарманың негізгі ойын анықтай алмайды, әңгіме бөліктерін мұғалім көмегімен айта алмайды;

- шығарманың басты кейіпкерлерін атап бере алмайды, бірақ олардың іс-әрекетін сипаттап береді;

- сұраққа жауап беруде және шығарманың негізгі мазмұнын толық айтпайды, үзік-үзік қана айтады; мұғалім көмегін пайдалана алмайды;

- жаттауға тиісті мәтіннің көп бөлігін білмейді.

Оқушыға «1»деген баға қойылады , егер ол:

- мәтінді буындап оқуда қиналады;

- оқылған мәтіннің мазмұнын бұзады,көптеген қателіктер жібереді;

- оқылған шығарманың мазмұныны түсінбейді; оқылған мәтіннің мазмұнын бұзады;

- өлеңді жатқа білмейді.

Осылайша, оқу- бұл сөйлеу іс-әрекетінің өзіндік бір түрі. Жазылым, айтылым дағдыларын дамыту негізінде ең басты орын алады.

Мұғалім оқу жылдамдығын тексеруге арналған мәтінді, баяндалатын оқиғаның ауыр-жеңілдігін оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты таңдауы тиіс.

Оқу жылдамдығын тексеруге таңдалатын мәтіндер бала танымына жақын, етене таныс, күнделікті қарым-қатынас жасап отырған ортаға байланысты таңдалады. Мәтіндер қызғылықты, қоршаған орта мен табиғатты терең тануға ықпал ететін, дүние танымын кеңейтетін, ұлттық рухты көтеретін, батырлыққа, ерлікке жетелейтін, баяндалатын іс-әрекет пен оқиғалар сабақтаса байланысқан, бірін-бірі толықтыратын болып келу жағы қарастырылады. Оқу жылдамдығын тексеру барысында мына төмендегі материалдарды пайдалануға болады:

- 1) жыл мезгілдері және олардың бір-бірінен өзгешеліктері, ерекшеліктері;
- 2) оқушылардың өз бастарынан кешкендері;
- 3) оқыған кітаптары, естіген әңгімелері, көрген кинофильмдері;
- 4) қоршаған орта мен табиғатты бақылаудан алған әсерлері мен ой-пікірлері;

- 5) балалардың еңбек әрекеттері, ойындары;

- 6) отбасы, ауылы, туған өлкесі;

- 7) үй жануарлары және олардың қасиеттері;

- 8) жабайы аңдар және құстар;

- 9) түрлі кәсіп жайында;

- 10) туған елдің тарихы, ұлы ойшылдары мен ақын-жазушылары, билері мен батырлары т.б.

Оқу жылдамдығын тексеруге арналған үлгі мәтіндер: [34].

5-сынып ІЗДЕНУ

Ермек пен Әсия бір сыныпта оқиды. Пәндер бойынша үлгерімдері жақсы. Бүгін де ана тілінен тест тапсырған. Бұл тесттің ерекшелігі – іздену қажет. Оны апайы айтты.

– Тестегі сұрақтарға жауапты ана тілі оқулығынан табуға болады. Тек талмай іздену керек, – деді.

Ермек те, Әсия да тест сауалдарына сай жауаптарды белгіледі. Өз ойларынша дұрыс. Әсияның тестке қайтарған жауаптары түгелдей дұрыс болып шықты.

– Ұқыппен даярлағаның көрініп тұр. Өз бетіңше жауап іздегенің байқалады.

– Ал, Ермек сен ғұлама ғалым әл-Фарабидің туған жерін дұрыс белгілемепсің?

– Апай, ондай сұрақтың жауабын таба алмадым. Содан соң, күмәнданғаным рас.

– Мен сендерге үнемі айтамын ғой. Іздену керек деп. Ізденіс қана өз жемісін береді, – деді апай сыныптағы оқушыларға өз сөзін нықтай түсіп. (110 сөз)

6-сынып **ЕКІ САУЫСҚАН (мысал)**

Бірде аңшының әкесі қатты ауырып қалады. Емшілердің бірі:

– Егер де әкеңе сауысқанның өтін ішкізсең, ауруынан құлан таза жазылып кетеді, – дейді.

Аңшы емшінің айтқанын орындамақ болады. Бір кезде үйінің жанындағы ағаш қораның үстіне екі сауысқанның қатар келіп қонғанын байқайды.

Аңшы мылтығын оларға кезеп, шүріппені басып қалды. Сауысқанның бірі ағаш қораның арғы тасасына құлап түсті. Екіншісі ұзап ұшып кетпей, сол тұсқа айналсоқтап қайтадан ұшып келді.

Аңшы ағаш қораның арғы бетіне барғанда аман қалған сауысқанның оқ тиіп, жаралы болған сауысқанды тұмсығына іліп, ары қарай сүйрелеп, әкетіп бара жатқанын байқайды.

– Апырым–ай, – дейді аңшы қайран қалып, – сауысқандарды өте сақ деуші еді. Олар сонымен бірге бір-біріне өте мейірімді екен-ау. Жаралы серігін жолда қалдырғысы келмей, өлермен халде өзімен бірге әкетіп бара жатқанын қарасаңшы!

Аңшы сол күні алғаш рет емшінің айтқан сөзін орындауға шынайы пейіл танытпады. (130 сөз)

7-сынып **ҚАЙЫРЫМДЫ ӘПКЕ**

Гүлнәр мен Дәурен үйде қалды. Мамасы жұмысқа кетерде, малға уақтылы шөп салуды Дәуренге ескертті.

Гүлнәр үй ішін сыпырды, еденді таза шүберекпен сүртті. Терезе алдында өсіп тұрған үй гүлдеріне су құйды. Дәурен достарымен бірге балық аулауға кетті. Ауыл жанындағы өзеннен он шақты балықты түске дейін қиналмай-ақ ұстады.

Су бетіндегі қалытқы тұңғиыққа тастай батып кеткенде, қармағына іліккені жайын балық болатын. Дәурен бұған мээ. Балық аулаймын деп күннің түс ауып кеткенін Дәурен кеш байқады. Мамасының сөзі есіне түсті:

–Ау, достарым, мен үйге қайттым. Мамам «малға шөпті уақтылы бер» деген еді, – деп ұстаған балықтарын жинастыра бастады.

Үйге кірерде Дәурен ең алдымен малды қораға қарай бұрылды. Қора ішінен байқағаны – екі сиыр алдындағы мол шөптен жеп тұр.

– Дәурен, балықты көп ұстапсың ғой, – деді Гүлнәр.

– Балықтың қызығына түсіп, кеш келдім.

– Сен кешіккен соң, малдарға шөп салып қойдым.

– Рақмет, Гүлнәр, – деді Дәурен ризашылығын білдіріп. (140сөз)

8-сынып **КҮН МЕН АЙ**

Өте ерте заманда Жер – Ананы Күн мен Ай айналып жүріпті.

Күн соңынан сансыз күндер, жыл соңынан жүздеген жылдар өтіпті. Бірде Күн мен Ай бір сұрақтың шешімін таба алмай, өзара өкпелесіп қалады.

– Күн жақсы ма, Ай жақсы ма?

Күн айтады: – Мен Жер бетіне сәуле, жылу таратамын. Адамдар ерте тұрып еңбек етеді.

Ай да уәжді сөзден қалыспайды: – Мен Ай десе аймын. Сен айналаны қараңғыға бояған сәтте түндерді аппақ нұрға бөлеймін. Ақындар айлы түнде жүрегіне жақын жанды өлеңі мен жырына өрнектеп қосады.

Күн мен Айдың өзді-өзін мақтай сөйлеген лебіздерін Жер – Ана байыппен тыңдап, былай депті: – Күнім мен Айым, сендер болмасаң, мен бусанып жатпас ем. Көсегем көгермес еді. Бірің жылу дарытып, топыраққа түскен дәнге жан бітіресің. Ал Ай болса, мызғыған тіршілікке сұлулық әкеледі. Шаршаған жанға қуат дарытады. Сондықтан екеуің де маған қымбатсындар.

Жер – Ана толғана тұрап: – Менің бағыма орай Күн мен Ай мәңгі жасай беріңдер, – деді. Күн сол сәтте сәулесін молынан төге түсті. Ай да сол мүлгіген түні төңіректі керемет сұлулыққа бөледі. (160сөз)

9-сынып **ЕКІ БОЗТОРҒАЙ**

Ерте, ерте, ертеде кең далада екі бозторғай балапаны жұмыртқаны жарып шығып, дүниеге келіпті. Сайын дала төсінде көктен себелеген күн нұры олардың бойына қуат беріп, тезірек өсуіне жәрдем етіпті. Қос бозторғай балапанының түр–түсі бірдей болғанымен, мінездері ұқсамапты. Екеуі жиі-жиі шекісіп қалады екен. Ұрыс-жанжалды үнемі бірінші бастағанына қарамай, ежелері «пысық» деп, мінезі шадыр балапанын жақсы көріпті. Бір жаққа бармақ болса, қасына соны ертіп, момын балапанын ұяда қалдырып кетеді екен.

Көктем шығып, ағаштар жаңа-жаңа бүр жара бастағаннан-ақ, құс біткен алуан түрлі әнге басыпты. Айналадағы тіршілік иелері бұлбұлдың жүрек тебіренер әдемі әуеніне тәнті болыпты. Таудың биігіне ұя салып, жер бетін зеңгір көктен шолып, қалақтап жүретін бүркіттің саңқылдаған батыл даусынан бойларына күш жинапты.

Бірде ән салу кезіндегі өз дегенінен қайтпайтын бозторғайға тиіпті. Ол әркімге бір еліктеп, бірде бұлбұлға, бірде қарлығаштың даусына ұқсас әуенге басты. Бұл ән әуені құстарды зеріктірді.

Осы мезетте кең далада шырылдай жөнелген дауыс естілді. Әсем бұлбұл да, қыран бүркіт те, аппақ төс қарлығаш та нәзік, мұңды, сағынышқа толы ән ырғағына елітіп тыңдай қалыпты.

– Маған ән салуды туған далам, жұлдызды түндері мен сыбдыр қаққан өзені үйретті. Осы алтын бесігімде ешкімге еліктемей өстім. (180 сөз)

5. Оқыту қазақ тіліндегі жалпы мектепте оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар

«Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді»-дейді әдіскер - ғалым М.А. Рыбниикова. [35].

Еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси - әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу - негізгі міндеттердің бірі. Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әдебиетті оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық болады деп білсек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой – түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай-ақ, әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Әдебиет – сөз өнері. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», - делінген. Өйткені, ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, ұлттық ізгілікті, психологиялық, тұғырламалық мәдени – рухани көзқарастар құндылықтарына құрылған. Ұлттық таным, ұлттық рухани гуманистік сананы (адамгершілікке сананы қалыптастыра негіздеу) қалыптастырады. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қазақ тілінің қатысымдық, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруін қамтамасыз ету, оқыту үдерісі арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын аудармасыз қазақ тілінде оқу, түсіну, баяндап айту деңгейіне жету. Қазақстандық патриотизм идеяларын болашақ қоғам иелерінің санасына дарыту. Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үдеріс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. [36].

«Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» - деген болатын әдебиет зерттеуші –

ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. [37]. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдауы керек. Бұл – оңай үдеріс емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Автордың ой күйзелісін, шалқар шабытын оқушы бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп қабылдауы үшін әрекет жасау керек. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың бірі - оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.


- көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтасын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа енгізуде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:

16-кесте



Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту. Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл

жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында.

Оқу тілдік дағды ретінде екі деңгейден тұрады: қарқынды деңгей және мотивациялық – саралау деңгейі. Қарқынды деңгейдің негізіне дағдылар жатады. Оқу дағдысын үш топқа бөлуге болады: -Сөздер мен сөз тіркестерін тану және түсіну дағдысы; - Тілдің грамматикалық формаларын, синтактикалық құрылымын тану, олардың мағынасын айқындау дағдысы; -Тілдің графикалық формаларын айыра білу дағдысы; Оқу барысында аталған дағдылар араласып бірге жүреді және бір – бірімен байланысып жатады, сол себептен оқу дағдыларын жетік меңгермей жетістікке жету қиынға түседі.

Оқу жылдамдығы дегеніміз – тілдің графикалық символдарының инновациясының, механизмінің, дағдыларының жиынтығы. Оқу жылдамдығын саралау барысында оның кешенді құрамын анықтауға болады. Олар: қысымның төмендігі, жоғары белсенділік, артық қимылдың жоқтығы, үнемшілдік, бірізділік, бірқалыпты жылдамдық. Оқу адам тарихында ауызекі сөлеу тілі дамығаннан кейін оның негізінде пайда болған. Қазіргі таңда оқу қарым – қатынастың және танымның дербес құралы болып кетті. Оқу үдерісі анализ, синтез, қорытынды, болжаудан тұрады. Оқу үдерісін көзбен көру, тілдік және есту аппараттары атқарады. Оқудың тәрбиелік және білімдарлық орны ерекше, ол адамның ой- өрісінің ұшқыр болуына, әлемге деген көзқарасының қалыптасуына, санасын оятуға үлкен ықпал етеді. Әр адамның жеке тәжірибесінде оқу ауызекі сөйлеу тілінен бастау алады. Мысалы, балаға оқу тек ауызекі сөйлеу тілінің дағдылары қалыптасқаннан кейін ғана кіріседі. Сөйлеу және оқу дағдыларын бойына сіңірген бала тілдік материалдың графикасын меңгереді. Оқу дағдыларын тек бір ғана рет қалыптастыруға болатынын естен шығармау керек, сол себептен оқуға үйретудің алғашқы кезеңдерінің мәні өте зор. Оқу тілдік іс – әрекеттің дербес түрі ретінде біз мәтіннен керекті ақпаратты алу үшін оқыған жағдайда бола алады. Сол себептен оқуды тілдік іс – әрекеттің дербес түрі ретінде үйретудің мақсаты – оқушыларға оқу технологияларын қолдана отырып мәтіннен керекті ақпаратты белгілі бір мәселенің шешімін табуға жетерліктей етіп алуды үйрету болып табылады. Оқу тілдің аралас дағдылары мен әдеттерін бақылайтын және құрайтын құрал ретінде де қарастырылады. Өйткені, олар: Оқуды қолдану оқушыға тілдік материалды меңгеруге және қарқындатуға мүмкіндік береді; Сөз қорын, грамматиканы, тыңдауды, жазуды, ауызекі сөйлеу тілін бақылауға арналған коммуникативті бағыттағы тапсырмалар бағыт – бағдарлар мен жазба мәтіндерге негізделіп құрастырылады; Бүкіл тілдік іс – әрекеттер мен дағдыларды қалыптастыратын және бекітетін жаттығулар мәтінге және жаттығулар мен тапсырмалардағы жазбаша мәтінге

негізделіп жасалады. Оқудың жоғарғы сатысында оқу ақпарат алудың негізгі көздерінің біріне айналады. Оқушының зейіні ақпаратты өз бетінше алуға ауысады, бірақ бұл дауыстап оқу мүлдем жойылады деген сөз емес. Оқудың жоғары сатысында дауыстап оқуды логиканы, аргументацияны қалыптастыруға арнап оқуға болады.

Оқу жылдамдығын бағалау:

- Оқу жылдамдығы;
- Екпін нормаларын сақтау, мағыналық, логикалық;
- Үзілістер нормасын сақтау;
- Ырғақтың дұрыс нормаларын қолдану;
- Оқылған мәтінді түсіну;

Оқу техникасын қалыптастыру барысында мәтіннің фонетикалық ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек. Дауыстап оқу барысында төмендегі тәртіпке назар аударған дұрыс:

- Дайындықсыз оқу;
- Үлгі бойынша оқу;
- Үлгісіз оқу

Дауыстап оқу техникасын дамытуға келесі жаттығулар ықпал етеді:

- Дыбыстарды атау;
- Аталған әріптерді табу;
- Бір сөздердегі әріптерді табу;
- Сөздегі әріптер мен дыбыстарды ажырату;
- Сөздерді белгілі бір дыбысқа, әріпке топтау;
- Суреттеу – жазу – анықталған белгілеріне байланысты сөздерді оқу.

Сөздердің мағыналық формаларын анықтау мынаған саяды:

- Бір түбірлі сөздерді табу;
- Сын есімнің күшейтпелі шырайын табу, өткен шақта тұрған сөзді табу

және осыған ұқсас жаттығулар.

Ырғақты қалыптастырып бекітуге арналған жаттығулар:

- Диктордан соң оқу;
- Мәнерлеп оқу;
- Ырғақты сақтай отырып оқу.

Жоғарыда сипатталған жаттығу түрлері оқу техникасын дамыту барысында қолданылса нәтижеге қол жететіні сөзсіз.

Коммуникативті қажеттіліктер мен мәтіннің мағынасының түсіну деңгейіне қарай төмендегідей оқу түрлерін қарастыруға болады:

аналитикалық; танымдық; ізденушілік; шолушылық; үйренушілік.

Оқу барысында нәтижеге қол жеткізу үшін мынадай дағдыларды қалыптастыру керек:

Берілген тапсырмаға кедергі келмейтін болса, таныс емес фактілерді қолданыстан шығару;

- Мағыналық ақпаратты анықтау;
- Сөздік қолдану;
- Мәтінде ұсынылған сілтемелер мен анықтамаларды қолдана білу;
- Мәтінді өзгерту және интерпритация жасау.

Егер негізгі ой мәтіннің басында немесе соңында тұратын болса, оқушыға мәтіннің мағынасын түсіну, негізгі ойды анықтау оңайға түседі. Бұл ескерту өз бетімен мәтін жазғанда да қажет болады. Шығарма жазу барысында аталған ой негізгі қажеттіліктің бірі болып табылады, сол себептен оқушыға шетел тіліндегі мәтіндердің құрылымын түсіндіру керек.

Мәтіннің құрылымынан басқа мәтін қандай аймақты қамтитынын, қандай мәселені қозғайтынын жете түсіну керек. Мәтіннің тақырыбы ғана емес, сонымен қоса оның өзектілігі оқу үрдісінің қарқындылығын арттыруға үлкен үлес қосады. Мысалы, жоғары сынып оқушысына қызықты болған мәтін кіші сынып оқушысын қызықтырмауы мүмкін, ондай жағдайда оқудың қарқындылығы төмендейді.

Мәтінмен жұмыс барысында үш кезеңді қарастыруға болады: мәтінге дейін, мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі жұмыс. Мәтіннен кейінгі жұмыс егер мәтін тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қоса ауызекі тілді және жазуды дамыту құралы ретінде қарастырылған жағдайда қолданылады.

Оқу техникасын дамытудағы түпкі мақсат – мәтіннің оқушы тарапынан ынта-жігермен, өз еркімен құлшыныспен оқитындай деңгейге жеткізілуі. Мәтін оқушының білімдарлық қызығуларын арттыру үшін оқуға ұсынылатын мәтіндер оқушының жас ерекшеліктерін, қызығуларын есепке ала отырып таңдалуы керек, сол кезде оқу техникасын дамытуға арналған мақсат – міндеттер нәтиже береді.

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асса, талдау мұғалімнің ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі анықталған:

Образ бойынша;

Тақырыптық;

Тұтас;

Автор ізімен талдау. Бұл-оқушының туындыны қабылдауына, әсері, эмоциясын тану үшін, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, таным қабілетін, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштауға көмек береді.

4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек.

Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі–*проблемалық талдау*. Ол көркем туынды

негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті т.б. негізінде туындайды.

Осы негізде талдаудың мынадай жобасын, үлгілерін ұсынамыз: [38].

I. Көркем туынды негізіндегі автор ойы, идеясына талдау жасау.

10-сыныпта М.Дулатовтың азаматтық лирикасын оқытуда мәселеге дәстүр және жаңашылдық тұрғысынан қарау, отаршылдық езгіге қарсы күрескерлік үні, әсіресе жер мәселесін ХҮІІІ ғасырдағы жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасырдағы «зар заман ақындары», Махамбеттің күрескер поэзиясынан бастап талдау тиімдірек. Дәстүрлі тақырып, оған Міржақыптың жаңаша көзқарасы, жаңаша жырлауы туралы сөз қозғау оқушының өткен материалға қайта үңілуіне, негізгіні саналы игеруіне мүмкіндік туғызады.

II. Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру арқылы автордың образ жасау шеберлігін ашу. 11-сыныпта М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқытуда мына сұрақтар негізінде ізденіп, әрі кейіпкерге мінездеме беруге, автор шеберлігіне мән беруге болады.

Шығарманың көркемдік өрнегіне, автор стиліне талдау.

Бұл үндес, ұқсас мәтіндерді салыстыру арқылы жүзеге асады. 11-сыныпта С.Сейфуллиннің «Көкшетауы» мен М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастандарының тілін талдау үшін екі ақын шығармасындағы сұлу Көкше келбетін салыстырып, стильдік ерекшелігін ашуға болады.

IV. Тақырыптас шығармаларды қатар, салыстыра талдау.

Бұл жұмысты 10-сыныпта ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі әйелдер теңсіздігі мәселесі бойынша М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, М.Сералиннің «Гүлһашима» дастаны, С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарын өткенде жүргізуге болады, яғни «Бір мәселе, бір тақырып: бірнеше шешім, үйлесім мен қайшылық» сұрағы төңірегінде мәселе қозғау. Сонда оқушы көркем шығарма табиғатын, оның өзегіндегі автор идеясын, онымен байланыста кейіпкер тағдырының әртүрлі шешілуін, суреткер түсінеді.

Ұқсастығы:

1. Тақырыбы–қазақ әйелінің теңсіздігі.

2. Автор реализмі, жастарды бостандыққа, теңдікке шақыру.

3. Бас кейіпкерлер оқыған, ескіше көзі ашық, бостандықты аңсап, баянды махаббат, теңдікке қол созады.

4. Осы жолда оларды қолдаушылар бар /не шешесі, не достары/.

Осылайша айырмашылығы да талданады.

V. Тарихи және көркем шындықты негізге ала талдау.

Мұнда мұғалім тарих рең ғана болатынын, жазушы кейіпкер бейнесін жасауда өмір шындығын қалай пайдаланғанын назарда ұстауы керек. Ш.Құдайбердіұлы мен М.Абайұлының «Еңлік-Кебек» дастандарын, кейін М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын оқытуда мұғалім үш туындының арқауы – махаббат трагедиясына үш суретке де замана сипаты, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайға сәйкес қарағанына мән береді. Оқушыны мына сұрақтар төңірегінде іздендіруге болады:

1. Трагедиялық оқиғаның тууына қандай қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар себеп болды?

2. Неге Шәкәрім «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын өз сөзіне астар етіп алған?

3. Ғашықтар трагедиясына кім, не кінәлі? Бұған өзің қалай қарайсың?

Осыған орай оқушы ой-толғанысының үзігі:

«Шәкәрім ғашықтар қазасын бір ру, топ, жеке адамның мойнына қоймайды. Қатігездік көптің тарвапынан жасалған, сондықтан кінә жеке адамда емес, тұтас қоғамда. Кеңгірбай би де жастарға ара түсе алмай, заман мен жағдайға бас иген».

«Ақтабан шұбырындыны сөзіне астар етудегі мақсаты – трагедияға себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды анықтау, оқиғаның өмірлік мәнін көрсету. Шынында, қараңғылық пен ескі салт-сана дәуірлеп тұрған заманда ғашықтар тағдырының қайғылы аяқталуы қисынды деп ойлаймын» т.б.

Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

1. Ақиқатқа жету, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді.

2. Оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.

3. Оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.

4. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік принципі тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.


Мәнерлеп оқуға төселдіру. Қазақ тілі - әуезді тіл. Оның әуенге жақындығын ғалымдар дәлелдеген. Бұл әсіресе поэзияда қатты байқалады. Сезім тебіренер өлеңдердің соншалықты керемет әсер беретін қасиеті мүмкін дәл осы әуезділікке келіп тірелетін шығар. Жанымызды ерекше күйге бөлейтін музыка секілді өлеңнің де бізді басқа әлемге апаратын құдіреті бар.

Тыңдаушыға әсер ететін фактор тек өлең емес, оны оқитын адамға байланысты. Біреулер өлеңді судыратып оқып шығады, біреулер эмоцианалды оқиды, біреулер әр сөзден соң кідіріп оқиды, біреулер *мәнерлеп* оқиды. Бірақ мәнерлеп оқу дегеніміздің өзі не?

Мәнерлеп оқу дегеніміз-дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқи білу. Оқушылар шығарманың көркемдігін және әсерлілігін мәнерлеп оқу арқылы байқайды.

Мәнерлеп оқуды үйрету үшін әр мұғалім оқу сабағына жан-жақты дайындалуы керек. Ол үшін мұғалім қандай мәселені жете білуі тиіс. Мәнерлеп оқуды дұрыс ұйымдастыру үшін, оқушы шығарманы оқығанда, қалай демала білу керек, дауыс қалай шығуға тиіс, дикцияны қандай болуын мұғалімнің өзі айқын білгені жөн. Өйткені, мәнерлеп оқу үшін кеуде қуысына толған ауаны орынды пайдаланып, дұрыс дем ала білудің мәні зор. Өкпедегі ауаны сарықпай, оқу үрдісінде үнемі дер кезінде дем алып, ауаны керегінше жұтып отырған оқушы мәнерлеп, дұрыс оқи алады.

Мәнерлеп оқуда зор рөл атқаратын –*интонация*. *Интонация* дегеніміз-сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: [39].




17-кесте

.

Сөз екпіні және ой екпіні. Сөз екпіні-фразалық екпін, ал ой екпіні-логикалық екпін. Сөйлемді айтқанда я оқығанда, оның ішіндегі сөздер интонациясы мен мағынасына, айтылу ырғағына қарай өзара топ-топқа бөлінеді. Ол топ синтагма деп аталады. Синтагмада бір не оданда көп сөздер болады.

18-кесте



Тармақ өз ішінде бунаққа бөлінеді. Ал бунақ дұрыс бөлініп, әр бунақта кідіріс жасасау, өлеңге өзгеше шырай береді. Мәнерлеп оқу пунктуациялық белгілердің тек қағазда ғана емес, сөйлеуде де өз қызметін атқаруы, дауыс ырғағының өз орнымен көтерілуі не түсуі, қарқынның жылдамдауы не баяулауы, фонетикалық заңдылықтардың, орфоэпиялық нормалардың және тағы да сол секілді біршама заңдардың сақталуы болып табылады [40].

Мына төменде ұсынылып отырған өлең жолдарын біз тиісті шартты белгілер арқылы дыбысталу жағынан да, екпін түсу тұрғысынан да жүйеге келтіріп көрдік.

Жазылуы:

Мен кім?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте - бұлт, жерде - желмін гулеген,

Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?

Мағжан Жұмабаев

Айтылуы:

Арыст[а:]нмын⁽²⁾ // айбатыма^гім^шыдар // (11)
Жолбар[ы:]спын // маған^ғарсы^кім^тұрар //
Көкте [бұлт] ↓ // жерде [желмін] ↓ гүлдеген //
Жер^еркесі // желдін^жөнүн^гім^сұрар //

Жазылуы:

Бақыт геометриясы

«БАҚЫТ деген немене бұл, немене екен, немене?

Мен шықпаған заңғар шың ба, мен мінбеген кеме ме?»

Бәлкім Бақыт байлық па екен сараңдықтан бас алған,

Жомарттығы өзгелердің ырысынан жасалған.

Талайларға байлық жинау болса-дағы бас арман,

Кейде Бақыт байларға да қолын бермей қасарған.

Айтылуы:

→ → → →
«БАҚЫТ^теген⁽⁴⁾ // немене:^бұл ↓ // немен:°екен // немене: // (15)
→ → → →
Мен^шықпаған // занғар^шын^ба // мем^мінбеген^кеме^ме//
→ → → →
Бәлкім^Бакыт // [байлық^п°екен] // сарандықта:н^бас^алған//
→ → → →
Жомарттығы: // өзгелердүн // ыр^ысынан^жасаған//
→ → → →
Талайларға: // байлығы^жинау // болса^дағы^бас^арман//
→ → → →
Кейде^Бакыт // байларға:^да // қолын^бермей^ғасарған//

Дәл осыны жаңылтпаштарға қолданып көрсек, айтуға қиын жаңылтпаштардың өзі жеңілдейтін тәрізді. Жалпы бұл шартты белгілер мәнерлі оқуды ғана емес, дұрыс айтуды да қамтамасыз етеді. Бұл жаңылтпаштарды тез және оңай жаттаудың әдісі болады. Мұндағы шартты белгілердің түсіндірмесі мынадай болып келеді:

1. ↗	- әуеннің көтерілуі;
2. ↘	- әуеннің төмендеуі;
3. →	- бірқалыпты әуен;
4. //	- бунақтардың ара жігі;
5. :	- сөз буынының басқа буындардан созылыңқы айтылуы;
6. []	- ой екпіні түскен сөздің қатты дауыспен айтылуы;
7. -----	- қарқынның баяулауы;
8.	- қарқынның жылдамдауы;
9. -----	- бірқалыпты қарқын;
10. ´	- сөз буынының элизияға ұшырауы;
11. °	- сөздің соңғы бөлігінің үнем заңынан ықшамдалуы;
12. ↓	-эмоциялық пауза;
13. ы	-екпінсіз буынның көмескі айтылуы;
14. ^	-бір бунақ ішіне енген сөздердің бірігіп тұтасып айтылуы;

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу үшін, онымен алдын-ала танысып, сонан соң оқығанда ғана автордың идеясын жеткізе оқып шығуға болады. Әсіресе, поэзиялық шығармаларды жеткізуде мәнерлеп оқудың маңызы зор. Поэзияны құлақпен емес, жүреппен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгереді, нені сезді, неге тебіренеді, қандай көңіл күйде болады? Сондықтан мұғалім көркем шығарманы алдымен өзі оқып шығуы тиіс. Мәнерлеп оқуға төселдірудің мақсаты-оқушыларды поэзияны сүйеге, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады.

Лирика – дара ойдың нәтижесі, ондағы ой шексіз кең. Лирика ақын жүрегінің тереңінен шыққан сезім ой-көрініс екенін аңғарту.

«Лирика – нұрлы ой, ішкі сырлы дүние жанры, Лирикадағы бас қаһарман ақынның өзі . Лириканың күші әсерлілігінде» - (З. Қабдолов) [41]. «Поэзияда қорытындылау, жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар ұштасып, ұласып жатады. Осы екі жағы тұтасып, бірігіп келгенде ғана көркем бейне туып, өмірдің көркем суреті жасалады» (З.Ахметов)

Поэзия!
 Менімен егіз бе едің?
 Мен сені, сезесің бе неге іздедім?
 Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
 Қарауытқан таулардан сені іздедім.

(М.Мақатаев)

Лирикалық шығармаларда эмоция, сезім басым болады. Лирика – дара ойдың жемісі, ол шабытты жыр. Оқырманның жан дүниесіне әсер ете алмаған өлең нағыз өнер бола алмайтынын оқушылардың түсінуі үшін оқытушы тарапынан жүйелі түрде жүргізілетін әртүрлі іс-әрекеттер қажет. Лирикадағы

ерекше компоненттердің бірі саналатын сөз сырын оқушыларға жеткізуде оған эстетикалық талдау барысындағы әртүрлі дайындық жаттығулары керек. Оқушы назарын ақын өлеңіндегі эмоциялық және логикалық бірлікті тануға, шығарманың бөлімі мен бөліктерін байланыстыра қарап, ақынның айтар ойын, мазмұн мен форма бірлігін анықтауға аударып отыру керек.

Сондай-ақ, шығарманың әсем сазы, ақынның сөз қолданысы оқушыны ой құшағына бөлейтіндей, мәнерлеп оқу, проблемалы оқу, т.б. арқылы бар ынта-ықыласын туындыға аудару барысында арнайы әдеби тапсырмаларды орындатқан дұрыс.

Адам сезіміне жүрек дірілі – лүпілінің суретін салу тек лириканың ғана қолынан келеді. Лирикалық туындыны орыс халқының ұлы сыншысы В.Белинский музыкаға балайды әннің әсем сазы тек музыкалық аспапта ойнағанда ғана немесе керемет әнші шеберлікпен төгілте орындағанда ғана адамның бүкіл жан дүниесіне әсер етеді.

Мұнда лириканың барлық ырғақ сазы, барлық тынысы, әуені тоғыса келіп, естілуі қажет. Сонда ғана берер әсері мол болмақ. Лириканы түсініп оқытудың негізі біріншіден, ақынның сөз сырына үңілу, айтар ойын түсіну, өзіндік тұжырым жасап, ой құшағына бөлену, туындыға оқушының қызығушылығын ынта-ықыласын туғызу болып табылады.

Лириканы талдап, танып білуде оқытушы көптеген әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Ең бастысы оқушының өзіндік әс- әрекетіне, ой пікір еркіндігіне жол берген дұрыс. Лириканың басты бір ерекшелігі- ондағы көркемдік және суреттеу құралдарының көп кездесетіні, оқушы олардың қалай қолданылып тұрғанына ерекше көңіл бөлуі керек.

Оқушы лириканы қабылдауға әзір болуы үшін мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерінің маңызы зор. Өлең құрылысы туралы теориялық ұғымдар оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты беріледі, түсініксіз сөздер мен ұғымдар, мәтінге жоспар жасау т. б. Мұғалімнің түсінік сөзі, оқушы мен оқытушы арасындағы сұрақ – жауап түрінде келуі мүмкін.

Әдебиет - өнер, халықтың сана – сезімін, көркемдік ойлау қабілетін дамытатын рухани дүние. Әдебиетте адамның ілгеріге ұмтылған, жақсы өмірді аңсаған асыл арманы, ұшқыр қиялы, осы жолдағы күрес - тартысы, әр қилы оқиғалар, халқымыздың ерлігі мен елдігі, өмірі суреттеледі. Мектепте өтілетін әдебиет пәнінің міндеті – оқушылардың санасына көркем сөз құдіретін, эстетикалық, танымдық тәрбиені сіңіру.

Өнердің бір түрі ретінде көркем әдебиет оқушының сана – сезіміне әсер етуі тұрғысынан зор мүмкіндікке ие. Сол себепті әдеби шығарманы түсініп оқуға және бейнеленген көркемдік шындықты тұтас қабылдауға дағдыландыру - әдеби білім берудің негізі. Әдебиетті оқыту жылдар бойы педагогикалық тұрғыдан игерілген және әдебиеттану ғылымында жүйеленген дерек – мәліметтерге, эстетикалық-этикалық, философиялық ұғымдарға бағытталды. Ал, 12 жылдық білім беру кезеңінде бұл талаптардың тереңдей түсетіні сөзсіз.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, дүниетанымының қалыптасуына білім мен білік негіздерін меңгертуіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын

құру – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Жаңартылған білім мазмұнына орай оқу дағдыларына қойылатын талаптар біршама өзгерді:

19-кесте

С ынып	Тыңдалым		Оқ ылым	Жаз ылым	Айтылым	
	Тыңда лым ұзақтығы	Мәті ндегі сөз саны			Д иалог	Мо нолог
5	3-5 минут	200- 300 сөз	300 -400 сөз	150- 200 сөз	6 -8 сөйлем	8- 10 сөйлем
6	3-7 минут	300- 500 сөз	300 -500 сөз	200- 250 сөз	8 -10 сөйлем	10 -12 сөйлем
7	5-9 минут	300- 700 сөз	500 -700 сөз	250- 300 сөз	1 0-12 сөйлем	12 -14 сөйлем
8	5-11 минут	500- 900 сөз	500 -800 сөз	300- 350 сөз	1 2-14 сөйлем	14 -16 сөйлем
9	5-13 минут	500- 1000 сөз	500 -900 сөз	350- 400 сөз	1 2-14 сөйлем	14 -16 сөйлем

Бүгінгі таңда республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуде. Бұл педагогика теориясы мен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым- қатынас ғылым саласында пайда болуда.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан- жақты маман болуы мүмкін емес. Осы орайда халқымыздың рухани көсемі *Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»* деген сөзі әр маманның жадында болуы керек [42]. Жаңа технологияны меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетің қалыптасуына игі әсерін тигізеді., өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бұл технологияның өзін мұғалім түрліше іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының – тұлғаның компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті- оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Оқыту технологиясын тандап, іріктеу- оқушының оқу- танымдық іс- әрекетін басқаруда негізгі бір буыны.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгерту- өте күрделі кұбылыс. Кейде ол мұғалімнен үйреншікті әдіс- тәсілдерінен арылуды талап етеді.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Технология инновациялық іс - әрекет арқылы оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта нақты, тұжырымды ғана мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс- ірекеттерінен ізденуді, яғни білім мен тәрбие берудегі ғылыми нәтижеге қол жеткізуді, жаңа әзденістерін дұрыс пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жету деген сөз.


Мемлекетіміздің 2030 – шы жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге жекеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді.

Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестік заңдылықтарынан туындайды.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс – әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздерін меңгертуі- маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан- жақты дамыған басты шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастыру- оқытушының басты міндеті болып табылады.

Қазіргі кезде мектептерде жаңа технологияны пайдаланудың тиімді жолдарына академик В.И. Монаховтың технологиясы, В.К.Дьяшенконың ұжымдық оқыту әдісі принциптері, Ж.Қараевтың білім беру жүйесін ақпараттандыру технологиясы, М.Жанпейісованың «Модулдік оқыту технологиясы» т.б. жатады. [43].

20-кесте



Бұл технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Оқушы санасына сәуле беріп түсінік пен ұлағатты ұғымды қалыптастырады. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызу.

Оқушының шығармашылығын дамытуға бағытталған мектеп іс-әрекетінің құрылымдық жүйесі

Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деп тұжырымдауға болады. Шығармашылық әрекетке – оқушының проблеманы көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыра алуы жатады.

Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. «Даму» ұғымы сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы,» - деп түсіндіріледі. Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылыми жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады.

Жалпы білім беретін орта мектептегі әдеби білім беруде *көркем шығарманы талдау* мәселесі әдеби білім берудің мазмұны мен оның құрылымына көркем қарай күрделеніп отырады. Атап айтқанда, X-XI сыныптардағы әдебиет пәні жеке көркем шығарманы оқып – үйренуге негізделген әдеби оқу сипатында болады. Мұнда оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне орай базалық оқу материалдары игеріледі, сосын олардың өз бетінше оқитын туындарның тізімі жасалып, ұсынылатын көркем мәтіннің ауқымы айқындалады. Бұл кезеңде оқушылардың өмірлік мағлұматтары әрі оқырмандық қабылдау дәрежесі, тәжірибе өсе түседі. Оқитын шығармалар қатары енді ауыз әдебиеті мен отандық және әлемдік әдебиеттің үздік қорынан неғұрлым күрделірек, тақырыбы мен жанрлық сипаты жағынан алуан түрлі, өткір сюжетті, көркемдік мәні жоғары туындылармен толығады. Олармен танысу, талдау талқылау барысында оқушылар әдеби туындыны тұтастай қабылдау мәдениеті, оқиғалардың өмірлік мәнін, көркемдік бейнелеу құралдарын ерекшеліктері мен рөлін, атқарып тұрған қызметін ұғыну дағдылары қалыптасады. Оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетіне жетілдіруде, басқа пәндерге қарағанда, әдебиеттің алатын орны мен ролі ерекше. Көркем әдебиет өнерінің бір саласы сөз өнері болғандықтан, оның тамаша шығармаларында әдемі, сұлу, кестелі, өрнекті сөздерді кездестіреміз.

Мектепте оқылатын барлық оқу пәндері сияқты әдебиет сабақтарында да, оқушылардың ауызша сөйлеу тіліне талаптар қойылады. Осы талаптарды әдебиет мұғалімі мүлтіксіз орындап отыруға міндетті. Ол үшін сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да оқушылардың ауызша тіліне, сөйлеу салтына үнемі бақылау жасауы тиіс. Олардың сөйлеген сөздерін ықылас қойып, зер сала тыңдап, сөйлеуде логикалық жағынан сөз қолдану, сөйлем құрылысы жөнінен жіберген қателіктері мен кемшіліктерін мүмкін болғанша әрдайым түзетіп отырады. Алдағы уақытта бұларды болдырмау, қайталамау жақтары ескертіледі. Осымен байланысты мынадай заңды сұрақ туады: оқушылардың сөйлеу тілінде жіберген қателіктері мен кемшіліктерін қай уақытта, қалай түзетуге болады?

Оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп, жетілдіріп отыруын көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп жаппай күрес жүргізіліп отыры қажет. Бұл жұмысты осылай ұйымдастырмаған жерде, одан ойдағыдай нәтиже күту, толық мақсатқа жету неғайбіл болмақшы.

Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптар:

1. Оқушы өзінің айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде айтып, баяндап беруге дағдылануы;

2. Сөзінің тартымды, мазмұнды, дәлелді болуы;

3. Әдеби тілдің нормасынан шығып, ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге жаттығуы;

4. Сөзді дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құрай білуге машықтануы.

X-XI сыныптарда оқушылардың ауызша тілін дамыту жұмыстары :

Мәнерлеп оқу. Оқушыларға әдеби білім мен тәрбие беруде, олардың көркемдік талғамын дамытып, эстетикалық сезімін оятуда өрісі кең, серпіні

құдіретті күштің бірі- көркем шығарманы мәнерлеп, келістіріп, шебер оқи білу жұмысы болып табылады.

2. Мұғалімнің ауызша немесе жазбаша түрде берген сұрақтарына байыпты, дәл, толық жауап қайтара білуге дағдыландыру.

